ISSN 2221-8521

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ
АҚПАРАТ ЖӘНЕ МҰРАҒАТ КОМИТЕТІ

АРХЕОГРАФИЯ ЖӘНЕ ДЕРЕКТАНУ ҰЛТТЫҚ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ

ХАБАРЛАРЫ

ИЗВЕСТИЯ

НАЦИОНАЛЬНОГО ЦЕНТРА АРХЕОГРАФИИ И ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЯ

BULLETIN

OF THE NATIONAL CENTER OF ARCHAEOGRAPHY AND SOURCE STUDIES

3/2013

ISSN 2221-8521

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ
АҚПАРАТ ЖӘНЕ МҰРАҒАТ КОМИТЕТІ

АРХЕОГРАФИЯ ЖӘНЕ ДЕРЕКТАНУ ҰЛТТЫҚ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ

ХАБАРЛАРЫ
ИЗВЕСТИЯ

НАЦИОНАЛЬНОГО ЦЕНТРА АРХЕОГРАФИИ И ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЯ

BULLETIN

OF THE NATIONAL CENTER OF ARCHAEOGRAPHY AND SOURCE STUDIES

3/2013

АСТАНА

ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ

Жылына 4 рет шығады
Журнал ҚР Байланыс және ақпарат министрлігінде
2011 жылы 21 ақпанда тіркеліп, № 11470-Ж куәлігіне ие болды

Құрылтайшысы
АРХЕОГРАФИЯ ЖӘНЕ ДЕРЕКТАНУ ҰЛТТЫҚ ОРТАЛЫҒЫ

БАС РЕДАКТОР
Археография және деректану ұлттық орталығының директоры
Л. Ә. Әбдірәсілова

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:
ҚР БҒМ Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының директоры, академик **Әбсаттар қажы Дербісәлі** (Қазақстан), ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі **Б. Е. Көмеков** (Қазақстан), тарих ғылымдарының докторы, профессор **Қ. М. Атабаев** (Қазақстан), тарих ғылымдарының докторы, Түркі кеңесі Бас хатшысының орынбасары **Дархан Қыдырәлі** (Қазақстан), тарих ғылымдарының докторы, Қырғызстан Тарих қоғамының Президенті **Т.К. Чоротегин** (Қырғызстан), тарих ғылымдарының докторы, профессор **Н.Э. Каримова** (Өзбекстан), тарих ғылымдарының докторы, профессор **А.К. Камалов** (Қазақстан), тарих ғылымдарының докторы, профессор **Г.К. Көкебаева** (Қазақстан), тарих ғылымдарының докторы, профессор **С.И. Ковальская** (Қазақстан), тарих ғылымдарының докторы, профессор **С.В. Любичанковский** (Ресей), Болон университетінің Шығыстану институтының директоры, профессор **Маурицио Пистозо** (Италия), Хоккайдо университетінің профессоры **Уяма Томохико** (Жапония), ҚР МАМ Ақпарат және мұрағат комитетінің бас сарапшысы **Ж.А. Сатаева** (Қазақстан), тарих ғылымдарының докторы, профессор **Ж.М. Төлебаева** (Қазақстан), Индиана университетінің библиографы, PhD докторы **А. Хабибуллаев** (АҚШ)

ЖАУАПТЫ РЕДАКТОР
Т. Е. Төлебаев

Редакцияның мекенжайы:
Археография және деректану ұлттық орталығының баспасы
010000, Астана қ., Нұржол желекжолы, 12
тел. 8 (7172) 44-63-71, факс: 44-62-88
E-mail: nc-ais@mail.ru

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Выходит 4 раза в год
Журнал зарегистрирован Министерством связи и информации РК
Свидетельство № 11470-Ж от 21 февраля 2011 г.

Учредитель
НАЦИОНАЛЬНЫЙ ЦЕНТР АРХЕОГРАФИИ И ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЯ

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР
Директор Национального центра археографии и источниковедения
Л. А. Абдирасилова

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ:

Директор Института востоковедения им. Р.Б. Сулейменова МОН РК, академик **Абсаттар кажи Дербисали** (Казахстан), академик НАН РК **Б.Е. Кумеков** (Казахстан), доктор исторических наук, профессор **К.М. Атабаев** (Казахстан), доктор исторических наук, заместитель Генерального Секретаря Тюркского Совета **Дархан Кыдырали** (Казахстан), доктор исторических наук, Президент Кыргызского Общества истории **Т.К.Чоротегин** (Кыргызстан), профессор **Н.Э. Каримова** (Узбекистан), доктор исторических наук, профессор **А.К. Камалов** (Казахстан), доктор исторических наук, профессор **Г.К. Кокебаева** (Казахстан), доктор исторических наук, профессор **С.И. Ковальская** (Казахстан), доктор исторических наук, профессор **С.В. Любичанковский** (Россия), Директор института востоковедения, профессор Болонского университета **Маурицио Пистозо** (Италия), профессор университета Хоккайдо **Уяма Томохико** (Япония), главный эксперт Комитета информации и архивов МКИ РК **Ж.А. Сатаева** (Казахстан), доктор исторических наук, профессор **Ж.М. Тулибаева** (Казахстан), библиограф университета Индиана, доктор PhD **А. Хабибуллаев** (США)

ОТВЕТСТВЕННЫЙ РЕДАКТОР
Т.Е. Тулибаев

Адрес редакции:
Издательство Национального центра археографии и источниковедения
010000, г. Астана, Бульвар «Нұржол», 12
тел. 8 (7172) 44-63-71, факс: 44-62-88
E-mail: nc-ais@mail.ru

МАЗМҰНЫ СОДЕРЖАНИЕ CONTENTS

ХАЛЫҚ ТАРИХ ТОЛҚЫНЫНДА • НАРОД В ПОТОКЕ ИСТОРИИ • NATION IN THE FLOW OF HISTORY

Ляззат Абдирасилова. Народ в потоке истории: первые достижения ……5
Сәлима Рахимжанова, Әбдіғали Бекішев, Өмір Тұяқбай. Елбасы ғылыми еңбектері басылымдарының типтері 7
Ислам Жеменей. Қазақ тарихы: заман тұңғиығына 19
Жулдыз Тулибаева. Памятники письменности: проблемы их описания и их значение для изучения древней и средневековой истории Казахстана 29
Ықтияр Палтөре. Египет пен Түркиядағы ғылыми іссапардың нәтижелері 35

ШЫҒЫС МҰРАҒАТЫ • ВОСТОЧНЫЙ АРХИВ • ORIENTAL ARCHIVE

Әбсаттар қажы Дербісәлі. Орта ғасырлардағы Женд және Жендтік ғалымдар 38

ДЕРЕКТАНУ • ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ • SOURCE STUDIES

Базылхан Нәпіл. Қазақ таңбаларына байланысты тарихи-деректанулық кейбір мәселелер 63

МҰРАҒАТ ҚҰЖАТТАРЫ • АРХИВНЫЕ ДОКУМЕНТЫ • ARCHIVAL DOCUMENTS

Ablet Kamalov. The Tashkurgan Uprising in Southern Xinjiang in the 1940s According to the Records of the British and American Diplomats (part one) …... 70

МӘДЕНИЕТ ТАРИХЫ • ИСТОРИЯ КУЛЬТУРЫ • THE HISTORY OF CULTURE

Мұхтар Кәрібай. Мұхтар Әуезовтің ашық хаты (шындық пен шытырман) ……..... 80

Авторлар туралы мәлімет……..... 88

ХАЛЫҚ ТАРИХ ТОЛҚЫНЫНДА

Ляззат Абдирасилова
Директор Национального центра археографии и источниковедения

НАРОД В ПОТОКЕ ИСТОРИИ: ПЕРВЫЕ ДОСТИЖЕНИЯ

В соответствии с протоколом расширенного заседания Межведомственной рабочей группы под председательством Государственного секретаря Тажина М.М. по вопросам изучения национальной истории Республики Казахстан Национальный центр археографии и источниковедения приступил к реализации соответствующих поручений.

В текущем году состоялись научные командировки сотрудников Центра Б.Т. Жанаева, И.В. Ерофеевой в Национальный архив Республики Калмыкия (г. Элиста) и Ж.М. Тулибаевой в Рукописный фонд Института востоковедения Академии наук Узбекистана (г. Ташкент).

Исследователями, в первую очередь, было обращено внимание на малоизученные вопросы истории Казахстана. До настоящего времени документальные материалы Национального архива Республики Калмыкия были вне поля зрения казахстанских ученых. Между тем XVII–XVIII вв. являются периодом не только военных столкновений, но и интенсивных дипломатических и гуманитарных контактов между казахским и калмыцким народами. Был выявлен значительный комплекс архивных документов XVIII в. о казахско-калмыцких отношениях до массовой откочевки калмыков из Волго-Уральского междуречья в Синьцзян зимой-летом 1771 года.

Среди комплекса выявленных документов наиболее информативными являются письма казахских ханов Абулхаира и Абулмамбета к калмыцкому хану Дондук-Даши (1741–1761), а также письма к тому же лицу знаменитого тархана и батыра Среднего жуза Жанибека Кошкарулы (ум. в 1751). Данные документы будут опубликованы в издаваемых в текущем году двухтомном сборнике документов «Эпистолярное наследие казахской правящей элиты. 1675–1879 гг.», а также в книге «Между всеми старшинами знатнейший». История жизни и деятельности первого казахского тархана Жанибека Кошкарулы».

Кроме того, достигнута договоренность с руководством Национального архива Республики Калмыкия о совместной публикации в следующем году в четвертом выпуске альманаха «История Казахстана в документах и материалах» неопубликованных трудов профессора Н.Н. Пальмова о казахско-калмыцких отношениях в XVIII веке.

Важной особенностью выявленных материалов личного фонда Н.Н. Пальмова является отражение многих ранее неизвестных аспектов партнерских и междинастических контактов казахских кочевых лидеров с калмыцкими правителями, свидетельствующих о многостороннем характере взаимоотношений между двумя соседними кочевыми народами.

Главной задачей научной командировки в Институт востоковедения Академии наук Узбекистана было выявление всего комплекса арабографических источников средневековья и нового времени, хранящихся в фонде вышеназванного Института, и содержащих наиболее важные и полные сведения по различным аспектам истории Казахстана.

Рукописный фонд Института востоковедения располагает многочисленными коллекциями восточных рукописей – 18 тысяч томов, заключающих в себе свыше 40 тысяч списков произведений. По времени переписки они охватывают тысячелетний период – с X века по XX век включительно. Фонд насчитывает более 26000 арабографических рукописных и 39000 печатных книг, который постоянно пополняется. Рукописный фонд Института занесен в список ЮНЕСКО, в реестр «Память мира», как одно из богатейших рукописных хранилищ мира.

В соответствии с целью работы основное внимание было уделено выявлению фактического материала, содержащегося в каждом отдельно рассматриваемом арабографическом источнике. Тулибаевой Ж.М. были изучены арабографические источники, написанные в Центральной Азии, Иране, Афганистане, Индии и содержащие фактический материал по истории и культуре Казахстана.

При обзоре источников основное внимание уделялось раскрытию содержания письменного памятника, выявлению того нового и полезного, что послужит устранению пробелов в изучении древней и средневековой истории Казахстана. Особо выделялись сочинения, содержащие сведения о происхождении, составе, занятиях, нравах и обычаях тюрок. Эти сведения будут необходимы при разработке вопросов этногенеза и изучения истории формирования казахского народа.

В рамках реализации поставленных задач на заседании Межведомственной рабочей группы по изучению национальной истории Национальный центр археографии и источниковедения начинает издание серии «История Казахстана в письменных памятниках Востока». Она будет посвящена научному описанию письменных памятников, хранящихся в зарубежных фондах и содержащих ценные сведения по малоизученным вопросам истории и культуры Казахстана. В серию будут включены результаты научных командировок востоковедов Казахстана, работающих в рамках данной программы.

Сәлима Рахымжанова
филология ғылымдарының кандидаты,
Әбдіғали Бекішев,
Өмір Тұяқбай

ЕЛБАСЫ ҒЫЛЫМИ ЕҢБЕКТЕРІ БАСЫЛЫМДАРЫНЫҢ ТИПТЕРІ

«... Өзінің биік, таза, рухани қасиетімен кітап – мәдениет пен руханиятты қорғауда теңдесі жоқ қару болып табылады»
Нұрсұлтан Назарбаев

Еліміз 1991 жылы 16 желтоқсанда тәуелсіздік алғаннан кейін көкейтесті реформаларды жүзеге асыруға, демократиялық қоғамды, оның айқын экономикасын құруға кірісті. Әсіресе, ғылымды ұйымдастыруды жетілдіру, ғылыми-техникалық саланың әлеуетін арттыру, мемлекетті басқарудың бірыңғай жүйесін жасау – Қазақстан Республикасының егемендік жолындағы стратегиялық қадамдары болды. Осы мақсатта мемлекет көлемінде ұлттық ғылыми орталықтар құрылды, жоғары оқу орындарының ғылыми әлеуетін арттыру жұмыстары ұйымдастырылды, ғылымды ұйымдастырудың жаңа формалары жасалды, республика аймақтарында ғылыми-зерттеулерді, халықаралық ынтымақтастықты дамыту мәселелеріне байланысты бірқатар келелі жұмыстар жүргізілді.

Осынау ел өміріндегі бетбұрыс кезеңінде Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті ел басқару ісімен қатар, көптеген еңбектер жазып, жас мемлекеттің қалыптасу тарихының хатталуына қомақты үлесін қосып отырды. Оның еңбектерінде Республика тарихы жан-жақты бейнеленіп, теориялық жағынан негізделіп, ғылыми тұрғыдан дәлелденіп, өз болжамдарымен ұсынылды. Президент Н.Ә.Назарбаев – қоғам қайраткері, көрнекті саясаткер, мемлекет басшысы ғана емес, ірі ғалым, экономика ғылымдарының докторы, ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі.

Н.Назарбаевтың ғылыми еңбектерінде еліміздің бүгінгі күнгі көкейкесті мәселелері жан-жақты сараланып көрсетілген. Атап айтқанда, Қазақстанда жүргізіліп жатқан реформалар ерекшеліктері, елдің өндіргіш күштерінің өндірістік қатынастары, энергетикалық тәуелсіздікті қамтамасыз ету мәселесі, өндірістің құлдырауын тоқтату,

экономиканы тұрақтандыру, инфляцияны төмендету, жекешелендіруді аяқтау, шағын және орта кәсіпкерлерді қолдау және т.б. түйінді мәселелерге ерекше мән берілген.

Елбасының ғылыми еңбектерін: монографиялары, жолдаулары, мақалалары, үндеулері, сөйлеген сөздері, баяндамалары, кездесулер мен сұхбаттары және дәрістері құрайды. Осы ғылыми еңбектері әртүрлі басылым үлгісінде жарық көрді. Атап айтқанда: сериялық жинақтар, таңдамалы еңбектері, жеке басылымдар және баспасөз беттеріндегі жарияланымдар, т.т.

Отандық ғылым Н.Ә.Назарбаевтың шығармаларын зерттеп зерделеуде аз жұмыс атқарған жоқ. Бұған дәлел – ғалымның осы уақытқа дейін жарық көрген еңбектері: кітаптары, жинақтары және оған арналған зерттеулер. Сонымен бірге өз зерттеушілерін күтіп тұрған меселелер де аз емес. Олардың қатарына:

- Н.Ә.Назарбаевтың ғылыми өмір баяны (научная биография);
- Н.Ә.Назарбаев: «Мәдени мұра» мелекеттік бағдарламасы;
- Н.Ә.Назарбаевтың ғылыми еңбектерінің негізгі типтері;
- Н.Ә.Назарбаев шығармаларының библиографиясы. «Қазіргі даму үрдісі», – және т.б. жатқызуға болады.

Н.Назарбаевтың бірқатар кітаптары шет тілдеріне аударылып, дүние жүзінің көптеген елдерінде де жарық көрді.

Н.Ә.Назарбаевтың ***«Нарыққа өту және ресурсты үнемдеу стратегиясы»*** атты монографиясы 1992 жылы Мәскеуде орыс тілінде шығарылды. Бұл еңбек Тәуелсіз Республикалар Достастығы, түбегейлі экономиканы реформалау жолына түскен уақытта жарияланды, сондықтан да мамандардың жоғары заңды мүдделігін тудырып, оқырмандар арасында кең қолдау тапты.

Ресурсты сақтау мен оны ұтымды пайдалану – маңызды мәселе, сондықтан да ол тереңдетілген экономикалық реформа мен нарықтық қатынасты қалыптастыру ұстанымы тұрғысынан қаралған. Меншік түрін өзгерту және басқа да түбегейлі қоғамдық өзгерістерді жүргізу арқылы Қазақстан Республикасындағы және басқа да ТМД елдеріндегі экономикалық дағдарыстарды жеңіп шығудың алғышарттарының бағыт-бағдары көрсетілген.

Автор өндірісті әлеуметтік бағдарлау, жаңа құрылым мен инвестициялық саясат, стратегиялық бағыт пен экономиканы ұтымды дамыту үлгісі тұжырымдамасында шикізатты және басқа да ресурстарды пайдалануды кешенді есеппен, технологиялық революциялық жетістіктері негізінде жүргізіп, шетелдік табиғи шикізатты пайдалану тәжірибесіне талдау жасай отырып көрсеткен.

Кезінде қоғамды топтастыруға елеулі ықпал еткен тұжырымдамалары мен «***Ақиқаттың ақ жолы***», «***Ғасырлар тоғысында***», «***Тәуелсіздігіміздің бес жылы***» кітаптарындағы ой-пікірлерінің маңызы зор болды.

Өз еңбектерінде Президентіміз еліміздің егемендігін құру жолында қандай қиындықтарды бастан кешкенін, ішкі-сыртқы тартыстарда қандай белестерден өткенін, еліміздегі жүргізіліп жатқан реформалардың неден бастау алып отырғанын, демократияны, баспасөз, ой еркіндігін қалай қалыптастыру керектігі, алдымызда күтіп тұрған міндеттер, өмірімізде туындап жатқан саяси-әлеуметтік және экономикалық құбылыстар мен толғақты мәселелер туралы кеңінен және жан-жақты ой толғайды. Оқырмандар бұл кітаптардан тәуелсіздігіміздің негізгі міндеттерімен және ұлттық идеямыздың негіздерімен танысады.

Н. Назарбаев өз еңбектерінде мемлекет құрудың басты теориялық негіздерін, оның жолдары мен ерекшеліктерін және алғышарттарын ғылыми дәйектілікпен көрсеткен. Сонымен қатар Елбасы еңбектерінде тәуелсіз Қазақстан мемлекеттігінің қалыптасу тарихының аса маңызды кезеңдері туралы құнды деректерді келтіріп, аса маңызды мәліметтерді қамтиды. Егер «***Ғасырлар тоғысында***» кітабында ұлттық мемлекет құрудың теориялық негіздерін жасап, оның жолдары мен ерекшеліктерін көрсетсе, жаңа сипаттағы ұлттық мемлекет құрудың алғышарттары мен оны нығайту ойлары «***Тарих толқынында***» атты кітабында одан әрі жалғасын тапқан. Ұлттық мемлекет құру сияқты істі сол мемлекет құрушы ұлттың тарихымен бірге байланыстыра бейнелеген.

Жоғарыда аталған зерттеулерінде Қазақстанның кеңес дәуіріндегі даму ерекшеліктеріне жан-жақты талдау жасай отырып, отандық ғалымдар арасында ең алғашқылардың бірі болып теориялық-әдіснамалық пайымдауларын алға тартты.

Қазақстан халқының өркендеп дамуындағы орын алған жаңа құбылыстар мен процестер – Н.Ә. Назарбаев зерттеулерінің негізгі тақырыбы. ***«Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы»*** (1992 ж.), ***«Қазақстанның болашағы – қоғамның дамуының бірлігінде»*** (1993 ж.) еңбектерінде еліміздің сол кездегі қоғамдық-саяси жағдайына талдау жасалынып, тәуелсіздікке жету жолдары көрсетілген.

Елбасы ***«Қазақстан жолы»*** атты кітабында мемлекетіміздің жаңа тарихының аса күрделі және де жарқын сәттерін баяндай келіп: «Менің кітабым Қазақстанның қазіргі заман тарихының және менің ел Президенті ретіндегі қызметімнің ең қиын да, ең жарқын да сәттерінің негізінде құрылған. Менің ойымша, бұл жас ұрпақтың қолдан түсірмейтін кітабына айнала алады. Кітаптың тоғыз тарауының әрқайсысында тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуының біз үшін аса маңызды болған және әлі де солай бола беретін кезеңдері қарастырылған. Кітапта елімізге дамудың айқын бағыттарын көрсету керек болған кезде, біздің стратегия бойынша қалай жұмыс істегеніміз: біздің заңдық ірге тасымызды қалаған Конституцияның қалай қабылданғаны; еліміздің басты қазынасы – біздің мұнайгаз ресурстарымыздың қалай игеріле бастағаны; Қазақстан экономикасының күре тамырлары ретінде ұлттық валютаның қалай енгізілгені және банк жүйесінің қалай дамытылғаны; жүргізілген экономикалық реформалардың

кері қайтпайтындай етіп бекіткен жекешелендіру мен жер реформасының қалай іске асырылғаны; біздің жас мемлекетіміздің бейнесі сияқты Астананың қалай салынғандығы туралы әңгімеленеді. Сонымен қатар онда қазақстандық ғарышқа бірінші рет ұшуы және Тәуелсіздік жылдарында Қазақстанның басынан өткен көптеген жағдаяттар сөз болады», – деп жазған.

Кітап Президенттің ел жастарына арналған үндеуі түрінде ойластырылған.

2003 жылы «Атамұра» баспасынан шыққан ***«Сындарлы он жыл»*** кітабында әлемдік қоғамдастықтағы Қазақстанның геостратегиялық және геосаяси интеграциясының схемасы берілген. Белгілі бір социум ретінде тәуелсіз де тұрақты Қазақстанды орнату бағдарламасына қатысты «тайқымас талапқа» үштіктің біртұтастығы тұғыр бола алады, олар: ұлттық-азаттық келісім, саяси жүйенің эволюциялық дамуы және ашық та өркениетті типке бағытталған экономиканың толассыз трансформациясы» екендігіне мән береді.

Тәуелсіздігіміздің басты атрибуты Ел Ордасы – Астана қаласы осы қаланың тарихы Н. Назарбаевтың ***«Еуразия жүрегінде»*** (2010) монографиясында баяндалады. Кітаптың кіріспесінде автор: «... Астананы құру – ұлттық тарихтың жаңа мәтінін жазды. Мұндай мәртебе әр ұрпақтың маңдайына бұйыра бермеген. Екі мыңжылдықтың тоғысында біз шешім қабылдап, Еуразияның жүрегінде іс жүзінде жаңа астана құрдық. Қас қағымдай болып сегіз жыл өте шықты. Күнделікті қауырт тіршіліктен қолым қалт еткенде, мен осы кітапта күнделік жазбаларымның шашыраңқы беттерін біріктіруді ұйғардым. Күрделі шешімдер қанаттастардың көмегі, сәулет саласындағы ізденістер, қаланың болашағы туралы ойлар, өлкенің аңыздары мен жер-су атаулары, тұрмыстың түйіткілдері, тарихи салыстырмалар, Астананың беделі мен әсемдігі, бір сөзбен айтқанда, жаңа елордаға арналған менің ойларым, менің істерім – бәрі-бәрі осында» – деп, кітаптың жазылу мақсаттары мен себептерін көрсетіп, Астана тарихына қатысты маңызды мәліметтер жеткізген.[1]

Н.Ә.Назарбаевтың ғылыми ізденістерінің тағы бір бағыты – қазіргі заманғы ғаламдану проблемалары.

«Ғаламдық қоғамдастықты түбегейлі жаңарту стратегиясы және өркениеттер серіктестігі» басылымында автор бұған дейін әзірленген өркениеттер серіктестігінің негіздері постиндустриялық қоғам мен қазіргі заманғы ғаламдану мәселелерінің энергиялық-экологиялық қауіпсіздік, технологиялық дамудың біркелкі еместігі, экономикалық қатынастардың әділетсіздігі сияқты ғалами мәселелерін шешуді алдына мақсат етіп қойған.

Кітаптың кіріспесінде осы мәселелер туралы автор:

«... Осы кітапта мен анағұрлым өзекті проблемаларды шешудің ықтимал жолдарына талдау жасауға талпындым:

- XXI ғасырдағы энергетикалық-экологиялық дағдарыстан шығудың ортақ жолын іздеу, оның мәні неосфералық энергетикалық-экологиялық өндіріс және тұтыну тәсіліне, альтернативті, экологиялық таза энергия көздеріне көшу;

- Елдер мен өркениеттердің даму үстіндегі елдердегі миллиардтаған адамдардың артта қалуын және кедейлігін туғызатын экономикалық және технологиялық поляризациясын жеңу;

- Әлеуметтік мәдени саладағы – ғылымдағы, білім берудегі, мәдениеттегі, діни қызметтегі серіктестік.

«... Кітаптың мұраты – ғалами қоғамдастықты түбегейлі жаңарту стратегиясын дамытуға болатын межелерді айқындау. Ондай межелердің болуы нақты стратегияны әлеуметтік-саяси сағымдардан айырады», – деп жазды.[2]

2009 жылдан бастап Елбасымызға арналып, мазмұнына қарай бірнеше серияға топтастырылған басылымдар жарық көруде. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен жарық көріп отырған бұл жоба 48 томнан тұрады.

Бұл көптомдық еңбек ***«Тәуелсіздік шежіресі», «Елбасы жолдады – Елі қолдады», «Әлем Қазақстан туралы және Әлем Президент туралы», «Елмен сырласу»*** атты төрт түрлі сериямен «Күлтегін» баспасынан жарық көрді.

Бұл басылымдардың құндылығы – хронологиялық ретпен берілген материалдардың еліміздегі және әлемдегі түбегейлі қоғамдық-саяси қайта құрулардың жалпы үрдісімен біте қайнасып жатқан Қазақстанның тәуелсіз мемелекет ретіндегі даму динамикасын жіті көзбен қадағалауға мүмкіндік беретіндігінде. Басылым республиканың ғылыми-ақпараттық танымдық кеңістігінде үлкен маңызы бар оқиға. Олай дейтін себебіміз, жыл өткен сайын тәуелсіздіктің алғашқы кезіндегі ірі-ірі оқиғалардың өзіндік тарихи ізі бар. Күнделікті тыныс-тіршілік қамымен жүрген көпшілік қауым жадынан сол кездегі оқиғалар, фактілер, іс-әрекеттер сәл көмескі тартып, тіпті кейбіреулері естен шығып жатыр. Бірақ жас мемлекеттің қалыптасуы үшін бұл оқиғалардың да маңызы, атқарған міндеті де ерекше. Осылардың бәрі жиналып келіп біздің тәуелсіздігіміздің ірге тасын қалады. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы, алғашқы қадамдарындағы қай істің болсын кейінгі әкелген нәтижелері, кейінгі қол жеткізген табысы елеусіз қалмауы керек! Осының бәрі келешек ұрпаққа тағылым, аманат, сабақ.

Қалың көпшілікке екі тілде ұсынылып отырған көптомдық кітаптарда тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бергі Қазақстан мемлекетінің қарбаласқа толы тіршілік-тынысы, арман-тілегі, ілгері талпыныс-талабы сан қырынан айшықталады.

Бұл еңбектерде Қазақстан Республикасы тұңғыш Президентінің халқына, Отанына деген шынайы сүйіспеншілігі, атқарып келе жатқан

ұшан-теңіз қызметінің әр сағаты, әр аптасы, әр айы, әр жылы хронологиялық ретпен беріледі.

Н.Назарбаев еңбектерінің көптомдық басылымдарының бірі – бес томдық ***«Таңдамалы сөздері»*** жинағы.

Н.Ә. Назарбаевтың көпжылдық саяси қызметі барысында жасаған көпшілік баяндамалары көлемді риторикалық қазынамызды байытады. Дегенмен, бүгінгі күні олардың көбісі мұрағаттық құжаттар, бұқаралық ақпарат құралдары, жеке кітапшалар, ведомстволық басылымдар сынды т.б. түрлі дереккөздеріне «тарап» кету күйін кешуде. Осының нәтижесінде қолда бар әр алуан мәтіндерден бағыт табу мамандардың өзіне де оңай емес.

Сонымен қатар, Н.Ә. Назарбаевтың ұлт көшбасшысы, саяси қайраткер, мемлекеттік құрылыстың ірі теоретигі ретіндегі саяси-философиялық көзқарасының даму үдерісі көрінісін қамтыған, жазылған еңбектері, кітаптарымен қатар Н.Ә. Назарбаевтың көпшілік алдында сөйлеген сөздері – Қазақстанның қазіргі заманғы саяси тарихынан құжаттық дереккөзі саналады. Осы жинаққа енгізілген сөздерінде оның нақты тарихи оқиғаларды бағалауымен қатар, мемлекеттік құрылыс мәселелері, әлеуметтік-экономикалық жаңартылу, ұлттық қауіпсіздік, халықаралық қатынастар, мемлекетіміздің даму жолдары мен басымдықтарына қатысты көзқарастары, болжамдары көрініс табады.

Н.Ә. Назарбаевтың әр жылда сөйлеген тұжырымдық және бағдарламалық сипаттағы маңызды баяндамаларын біріктіру мен жүйелеу – дәл осы түйіндерге байланысты құралған басылымның негізгі мақсаты болған.

«Таңдамалы сөздерінің» негізгі деректемелері: Президент Мұрағаты, Бірінші Президент Мұражайы, Президент Әкімшілігі, орталық мемлекеттік органдар қорларындағы мұрағаттық құжаттар, стенограммалар, сондай-ақ бұдан бұрын республикалық әрі шетелдік басылымдарда жарық көрген кітап, газет-журнал беттеріндегі мақалаларынан құралған.

«Қазақстан Республикасы» деп аталатын көп сериялы жинақ тұңғыш рет жарық көріп отыр және мұны Тәуелсіз еліміздің шежіресі, егеменді еліміз бен тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың жемісті қызметінің айнасы, жаңа заманның – жаңа тарихы десе де болады. Бұл, шын мәнінде, дербес, егеменді, жаңа мемлекетіміздің ұрпақтан ұрпаққа жалғасатын нақты шежіресі, анық тарихы.

Қазіргі таңда тарихи отанымыз ұлы Дешті Қыпшақ даласында ежелгі батыр бабаларымыз бен бай тарихымызды баяндайтын біршама еңбектер жарық көрді. Сонымен қатар біз жас ұрпақтың бойына,

санасына отаншылдықты, патриотизм рухын сіңдіреміз десек, осы жаңа тарихымызды қатар оқытуға күш салумыз керек.

Шындық жылнамасындай бұл құжаттық көптомдық еңбек еліміздің жаңа тарихын, талайлы тағдырын «Мен өз халқымның жолында басымды бәйгеге тіккен адаммын» деп ағынан жарылған Президентіміздің өлшеусіз еңбегін қастерлей білетін елін, ұлтын қастерлейтін отансүйгіш оқырман қауымның сүйіп оқитын кітабына айналатынына еш күмән жоқ.

Отанымыздың дамуына, ұлттық рухымыздың қайта қалпына келуіне өлшеусіз үлес қосқан осынау тарихи құнды құжаттар белгілі жүйемен, ғылыми ақпарат, алғысөз, соңғысөз, түсініктеме, сілтеме, мезгілі көрсетілген, хронологиялық ұстаныммен түзілген.

Президентіміз Қазақстанның жаңаша дамуына тұжырымдамалы үлгі ұсынды. Қазақстан жуықтағы жылдарда бәсекелестікке қабілетті елдер қатарына ену керек, ол үшін ең жауапты кезеңде мемлекеттік мүдде, ұлттық қауіпсіздік, аймақтық саясаттың шынайы келбеті қандай болу керек, ... осы сияқты сауалдарға жоғарыда аталған көп томдықтан оқырман қолма-қол жауап таба алады. Жинақтың және бір ерекше құндылығы – еліміздің дамуына саналы ғұмырын, сарқылмас күш-жігерін арнап келе жатқан Президентіміздің әлем лидері ретіндегі атқаратын рөлі қандай?... Міне, осы сауалдарға толымды жауап беретін де – алғашқы көптомдық кітаптары.

Бұл басылымдар тарихшыларға, саясаттанушыларға, саясатшыларға, жоғары оқу орындарының оқытушылары мен студенттеріне, сондай-ақ өз елінің тарихын танып-білуге зейін қойған жалпы оқырмандарға арналған.

Н.Ә.Назарбаевтың ғылыми еңбектерінің бір саласы – Қазақстан халқына ***Жолдауы.***

Жолдау – конституциялық-құқықтық құжат. Себебі ол тікелей Конституцияны басшылыққа алады. Сондықтан да Жолдаудың Конституциялық сипаттағы жоғарғы саяси-құқықтық күші бар. Жолдауда айтылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу – бүкіл мемлекеттік органдардың, бүкіл халықтың міндеті болып табылады. Жолдауда Конституцияны, сол арқылы мемлекеттік және қоғамдық құрылысты қайта жаңғырту (реформалау), жетілдіру мәселелері көтеріліп, содан кейін барып олар құқықтық сипатқа ие болады немесе заңдар қабылдау арқылы жүзеге асады. Оның дәлелі Конституциялық реформалар, президенттік-парламенттік республикаға бетбұрыс жасау, демократияны, адам құқықтары мен бостандықтарын кеңейту.

Президент өз Жолдауларында еліміздің тәуелсіздігін сақтау мен ұлттық, қазақстандық, жалпыадамзаттық патриотизм, барлық,

қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, еліміздің қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы, ұлттық мәдениетіміз бен өнерімізді дамыту, т.с.с. жүзеге асыру сияқты негізгі мәселелерді алға тартқан.

Мемлекет басшысының Қазақстан халқына алғашқы Жолдауы 1997 жылы жарияланды. Бұл құжатта еліміздің сол кездегі жағдайына жан-жақты талдау берілген, сонымен қатар XXI ғасырдың 30-шы жылдарына дейінгі стратегиялық дамуы ғылыми негізде, нақтылы белгіленген еңбек болды.

Елбасымыздың алдыңғы шыққан кітаптары сияқты бұл еңбек те халық сұранысына орай бірнеше тілде сан мәрте қайта басылып, әлем жұртшылығының да қызығушылығын туғызды.

Автор бұл туындысында тәуелсіздігіміздің алғашқы жылдарындағы республикамыздың тыныс-тіршілігіне дәл әрі тұжырымды сипаттама беріп, алдағы уақыттағы дамуымыздың басым бағыттарын белгіледі. Олар:

1. Ұлттық қауіпсіздік.
2. Ішкі саяси тұрақтылық пен қоғамның топтасуы.
3. Экономикалық өсу.
4. Қазақстан азаматтарының денсаулығы, білімі мен әл-ауқаты.
5. Энергетика ресурстары.
6. Инфрақұрылым, әсіресе көлік және байланыс.
7. Кәсіби мемлекет.

«Бостандық пен тәуелсіздікті жеңіп алу жеткіліксіз, – дейді Елбасы ұлттық қауіпсіздік мәселесінің болашақта неге ең бірінші орынға қойылатынын түсіндіре келіп, – оны табанды түрде қорғап, нығайтып, ұрпақтарға қалдыру қажет. Біз еңсере алмай, қалдырған ауыртпалықтар, қиыншылықтар мен проблемалар үшін болашақ ұрпақ кешірер. Егер біз өз мемлекетімізден айырылып, егемендігіміздің стратегиялық негіздерін, өз жерлеріміз бен ресурстарымызды қолымыздан шығарып алсақ, бізге кешірім жоқ», – дейді.[3]

Елбасы Н.Ә.Назарбаев 2006 жылғы Қазақстан халқына арнаған Жолдауында дамудың жеті басым бағытын айқындады. Оларды жүзеге асыру әлемдегі бәсекелестікке қабілетті елдердің қатарына біздің еліміздің де қосылуына жол ашатын міндеттер қаралды. Ол міндеттердің өзекті басымдықтардың бірі қазіргі білім беру мен озық ғылымды дамыту болып табылады.

Қазақстанның ғылым саласындағы саясаты инновациялық процестерді жандандыруға, жаңа технологиялық құрылымдарды енгізуге, өндеуші өнеркәсіптегі жаңа қайта бөлістерді игеруге, ұлттық ғылыми-техникалық әлеуетті жандандыруға, ғылым мен өндіріс арасындағы алшақтықты еңсеруге, индустриялық қызметті ынталандыруға, озық шет ел технологиясының нақты трансферті мен халықаралық стандарттарды енгізуді қамтамасыз етуге бағытталу керектігін көрсетті.

«Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты 2007 жылғы халыққа *Жолдауы* – болашаққа арналған саяси-әлеуметтік-экономикалық маңыздылығы зор Стратегиялық құжат. Елбасы тұңғыш рет «Қазақстан – 2030» Стратегия шеңберінде таяудағы 10 жылға бағытталған алғышарттарды белгіледі. Онда жобаны жүзеге асырудың экономикалық, техникалық, қаржылық, саяси-әлеуметтік негіздері жан-жақты жүйеленіп, оны іс жүзіне асырушылардың нақты міндеттері көрсетілген.

Осы Жолдауында қол жеткізген табыстарымызбен бірге болашақта атқарылуы тиіс міндеттер ауқымын да анықтап берді. Соның бірі – XXI ғасыр деңгейінде ғылымды дамыту мәселесі. Жаңа ғасыр – қарыштап дамыған білім мен ғылым ғасыры. Еңбек рыногының даму ырғағы мен келешегіне сәйкес келетін ғылым саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыты жөнінде елбасы Жолдауында: «Жоғары технологиялар саласындағы жобаларды қаржыландырудың, соның ішінде венчурлық негізде қаржыландыруды қолдайтын құрылымдар жасақтау керек. Қазақстан ғалымдарының үздік әзірленулерінің «сыртқа» кетуіне жол беруге болмайды делінген. «... ғылымды құрылымдық реформалау шеңберінде бірқатар академиялық ғылыми мекемелерді алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарымен біріктірген тиімді, мұның өзі білім беру мен ғылыми-зерттеу жұмысын ұштастыратын университеттер құруға негіз болар еді», - деп көрсетілген Президенттің еңбектерінде.[4]

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Тәуелсіздік күні салтанатына арналған жиында 2012 жылғы 14 желтоқсанда жұртшылыққа «Қазақстан – 2050» Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты Стратегиясы» атты Жолдауын арнап, мәңгілік ел болудың 2050 жылға дейінгі жаңа межесін айқындады. Елбасы: «Қазақ елі ендігі елдік дамуының бағдарын бүгін бекітіп, жоспарлау көкжиегін кеңейтіп, кезекті дүниетанымдық серпілісті жасауы аса маңызды....

Біз кімбіз, қайда барамыз және 2050 жылға қарай қайда болғымыз келеді?» деген сұрақтарға жауап – осы. Жас ұрпақтың нақ осыған мүдделі екеніне сенімдімін. Осыған орай, ұлттың 2050 жылға дейінгі жаңа саяси бағытының жобасын ұсынамын», – деді Нұрсұлтан Әбішұлы Жолдауында.[5]

Мемлекет басшысы мемлекеттіліктің қалыптасу кезеңінде «Қазақстан – 2030» Стратегиясын ұсынған болса, бұл Жолдауында қалыптасқан мемлекеттің XXI ғасырда орнықты дамуы, ғылымы мен мәдениеті, экономикасы қарқынды дамыған әлемдегі алдыңғы қатарлы мемлекеттің бірі болу үшін «Қазақстан – 2050» Стратегиясын ұсынды. Жолдауда бүгінгі әлемдік ахуал мен жаһандық шиеленістер терең және жан-жақты сарапталып, Қазақстанның даму стратегиясы, әлеуеті, сыртқы саясатындағы орыны баяндалды.

Н.Назарбаевтың ғылыми еңбектерінің бір түрі – ***мақала***. Олар күн тәртібінде тұрған өзекті мәселерлерге арналған. Солардың бірі – «*Дағдарыстан шығу кілті*» атты мақаласы. Мұнда әлемдік дағдарыстан шығудың жолдары туралы идея айтылған.

Президент «Түбегейлі жаңару жоспарын» ұсынып, алдағы кезде мұндай дағдарыстар қайталанбау үшін әлемдік экономиканың, саясаттың және жаһандық қауіпсіздіктің басқаша құрылған моделін жасау мәселелеріне назар аударды.

«Бүгінде елдер мен континенттерді тітіркентіп тұрған жаһандық әлемдік дағдарыс – бұл адамзат әлі біліп болмаған айрықша құбылыс. Ол әлем тарихында теңдесі жоқ және әлемдік тәртіпті, барлық экономикалық бастауларды түбегейлі өзгертетін құбылыстар санатына жататыны анық. Сондықтан да оны талдауға, ой елегінен өткізуге барлық ескі догмалар мен стеоретиптерді қайта қарастыратын жаңаша көзқарас қажет», – дейді өз мақаласында Қазақстан басшысы Н.Ә. Назарбаев.[6]

Нұрсұлтан Назарбаев Еуразиялық идеяны «Қоғамдық жобаға» айналдырып, оны қазіргі жағдайларға икемдей отырып, оған жаңа импульс берді. Осылайша посткеңестік кеңестіктегі қазіргі интеграция халықаралық саяси сипатта басқаша естілетін болды. Қазақстан Президенті Л.Н.Гумилев атындағы университетте оқыған лекциясында: «Еуразияшылдық – бұл болашақтың идеясы. Бұл бүгінгі күні жаһандауды қажет етіп отырған интеграциялық процестердің тәжіндегі алмас. ЕурАзЭҚ, СВМДА және ШЫҰ тәрізді практикалық үш нәрсе – келешектегі еуразияшылдықтың құрамдас үш бөлігі. Мен түбінде үлкен Еуразияшылдық идея, Еуразия құрлығының бірлігі жеңеді деп ойлаймын», – деді.[7]

Елбасының ***баяндамалары*** да құнды тұжырымдамалары мен идеяларына толы ғылыми еңбектері қатарында саналады.

Сыртқы саясатта өзіндік орнын иемденген Қазақстан бүгінде халықаралық үдерістерге де белсене араласуға мүдделі. Қазақстан Республикасы соңғы 2-3 жылда Еуропадағы Қауіпсіздік пен Ынтымақтастық Ұйымына, Ислам Ынтымақтастығы Ұйымына және Ұжымдық Қауіпсіздік Ұйымына төрағалық етті. Қазақстан жаңа жүзжылдықтағы тиімді әлемдік құрылымға қатысты өзіндік көзқарасын қалыптастырды.

Бұл жайлы Н.Назарбаевтың халықаралық форум, конференция, симпозиумдарда оқыған баяндамаларында баяндалады. Мәселен, Астана экономикалық форумы мен IV Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының құрылтайы барысында Н.Назарбаев жаһандық үнқатысудың жаңа форматы – G-GLOBAL идеясын көтеріп баяндама

жасады. Әлемдік мәселелер тек G-8 немесе G-20 шеңберінде ғана емес, әлем елдерін түгел қамтитын форматта, бүкіл жаһандық қоғамдастықтың әлемдік экономика мен саясаттың барлық мәселелері жалпыға ортақ келіссөз шеңберінде шешу үлгісін ұсынды. Сондай-ақ G-GLOBAL – әлемдік құрылымның 5 қағидасын Президент Н. Назарбаев былтыр 2012 жылы 23 майда өткен V Астана экономикалық форумындағы баяндамасында таныстырды. Олар эволюциядан құралған және саясаттағы төңкерістік өзгерістерден бас тартады; әділдік, теңдік, келісім; жаһандық төзімділік пен сенім; конструктивтік көпжақтылықтан түзілген.[8]

Соңғы жылдары Н.Ә. Назарбаевтың еңбек жолы және қызметі туралы жарыққа шыққан бірнеше басылымдар бар. Солардың бірі – белгілі қазақстандық саясаткер және дипломат, Еуразиялық экономикалық қауымдастықтың Бас хатшысы – Т.Мансұровтың ***«Нұрсұлтан Назарбаевтың өмірде жүзеге асқан Еуразиялық жобасы»*** атты монографиясы. Автор бұл кітабында Н.Назарбаевтың Еуразия Жобасының посткеңестік елдердің алдында жаңа мүмкіндіктер мен көкжиекті келешек алатын тиімді экономикалық және әлеуметтік дамудың тетікті құралы ретіндегі тарихи рөлін жүйелі түрде ашып көрсеткен.[9]

Тарихты жасайтын тұлғалар тағылымы өскелең ұрпақтың ұлт мүддесіне қызмет етуіне жол ашып қана қоймай, әлемдік өркениет дамуына ықпал етеді.

Қазіргі таңда Қазақстан айтарлықтай экономикалық, әлеуметтік, адами, интеллектуалдық және саяси әлеуеті бар, тәуелсіздік алғалы бері қоғамда демократиялық өзгерістерді жоғары дәрежеде іске асырған, қарыштап дамып келе жатқан мемлекет ретінде әлемге танылуда. Сонымен бірге республиканың жетістіктерін сарапшылар «Назарбаев факторымен» байланыстыруы әбден орынды. Қазақстанның жаңа дамуының теориялық және әдіснамалық негіздерін қалыптастырып, интеграциялық әрекеттестік тұжырымдамасын жүзеге асыруға ең алдымен кіріскен біздің мемлекетіміздің Президенті болып табылады. Бұл тұжырымдаманың мәні – посткеңестік аймақта парасатты да, үйлесімді экономикалық және саяси жаңарыу жүргізу.

Елбасының еңбектерін жинап зерттеуде ҚР Ұлттық мемлекеттік, Республикалық кітапханалары, мұрағат, баспа орындары да өз үлестерін қосуда.

ҚР Ұлттық кітапханасы Н.Ә.Назарбаевтың өмірі мен қызметі туралы екі томдық ретроспективтік библиографиялық көрсеткіш 2010 жылы Президенттің туғанына 70 жыл толуына орай баспадан шығарды.

Тәуелсіздіктің 20 жылдығына арнап ҚР БҒМ ҒК «Ғылым ордасы» РМК Орталық ғылыми кітапханасы ***«Қазақстан ғалымдарының биобиблиографиясы»*** сериясымен ***«Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев»*** атты көрсеткіш дайындап жарыққа шығарды.

Жоғарыда аталған көрсеткіштерде ҚР-ның тұңғыш Президенті туралы әдебиеттер: еңбектері, сөйлеген сөздері мен баяндамалары, Жолдаулары, сұхбаттары мен баспасөз беттерінде жарық көрген мақалалары мен басқа да жарияланымдары жинақталған. Сонымен қатар, Елбасының өмірбаяны және қоғамдық қызметтері, мемлекетті басқарудағы ролі, ішкі және сыртқы саяси қызметі туралы құжаттар, егеменді, тәуелсіз Қазақстанды құру жолындағы Президенттің стратегиясы мен тактикасы жөніндегі монографиялар, ғылыми еңбектер, конференция материалдары енгізілген.

Мақала көлеміне сәйкес Н.Назарбаевтың өз еңбектері мен қоғам қайраткерлері, зиялы қауым өкілдерінің Елбасы туралы жазған ой-пікірлерінің басты-басты бағыттарына қысқаша ғана тоқталып өттік. Қорыта келгенде, Егемен Қазақстанның жаңа тарихында еліміздің тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың ғылыми зерттеулерінің алатын орны ерекше. Елбасы еңбектері Қазақстан тарихнамасының дереккөздері болып табылады. Ел тарихы туралы іргелі зерттеулері әлі де жарық көреді және олардың жыл өткен сайын саны да, құны да арта түспек.

---

[1] Назарбаев Н.Ә. Еуразия жүрегінде. – Алматы: «Жібек жолы» баспа үйі, 2010. Б.9.

[2] Назарбаев Н.Ә. Ғаламдық қоғамдастықты түбегейлі жаңарту стратегиясы және өркениеттер серіктестігі. Алматы: «Жібек жолы» баспа үйі, 2010. – Б. 180-182.

[3] «Қазақстан – 2030»: Барлық Қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының арттыруы: Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. – Алматы: «Білім». 1997. – Б. 33-35

[4] Назарбаев Н.Ә. Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан: ҚР президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. – Астана, 2007. – Б.44, 56.

[5] Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 14 желтоқсан 2012 жыл // www.akorda.kz/kz/page/page_kazakstan-respublikasynyn-prezidenti-n-a-nazarbaevtyn-kazakstan-khalkyna-zholdauy-2012-zhylhy-14-zheltoks_1357813742

[6] Ключи от кризиса: Пути выхода из глобального экономического кризиса// Тематический сборник: обсуждение статьий Н.Назарбаева «Ключи от кризиса». II Астанинский экономический форум (10-12 марта 2009 г.) / НЦНТИ; Сост.: С.Байзаков, Г.Сейткасымов, С.Нугурбеков. – Алматы, 2009. С.3-13; Казахстанская правда – 2009. – 3 февр. – С.3; 19 февр. – С. 1-2; Рос. газета. – 2009. – 2 февр.

[7] ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Л.Н.Гумилев ат. Еуразиялық ұлттық университетте оқыған лекциясы//Егемен Қазақстан. 27-мамыр, 2006.

[8] Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың V Астана экономикалық форумында сөйлеген сөзі. 23.05.2012 ж.// www.akorda.kz/kz/page/kazakstan-respublikasynyn-prezidenti-nursultan-nazarbaevtyn-v-astana-ekonomikalyk-forumynda-soilegen-sozi_1341130655.

[9] Мансұров Т. Нұрсұлтан Назарбаевтың өмірде жүзеге асқан Еуразиялық жобасы. – М.: Реал-Пресс, 2012.

Ислам Жеменей
Филология ғылымдарының докторы, профессор

ҚАЗАҚ ТАРИХЫ: ЗАМАН ТҰҢҒИЫҒЫНА

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың тапсыруы бойынша ҚР Мемлекеттік хатшысы Марат Тәжиннің төрағалығымен өткен Ұлттық тарихты зерделеу жөніндегі ведомствоаралық жұмыс тобының кеңейтілген отырысында қабылданған шешімдерге сәйкес Қазақ халқының ежелгі және орта ғасырлардағы тарихын зерттеу нысаналы түрде қолға алынған болатын. Осы ретте бірқатар тарихшы мамандар шетелдердегі мұрағат қорларына жіберілді. Олардың ішінде мен де Ш.Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтының тапсырмасымен Түркия мұрағаттарында жұмыс істеп қайттым. Бұл сапардың жан-жақты жемісті болғанын ризалықпен айту керек. Біріншіден, М. Әуезов айтқандай: « өтірік пен шындықтың арасы төрт-ақ елі. Естіген өтірік-көрген шын». Стамбул қаласындағы Сүлеймания мен Стамбул университеті кітапханасы мұрағаттарында жұмыс істегенде тарих мұқитында жүзіп жүргендей Осман халифаты мәдениет пен ғылым жолында үш тұғырға аса мән бергенін байқадық. Біріншіден, «тарих» атауына ерекше көңіл бөлгендігі, екіншіден, жазба деректерді жинауда кәдімгі құрылысқа ден қойғандай аса ыждаhаттықпен араб, парсы, түркі мен Европа елдеріндегі мыңдаған тарихи жазбаларды өздерінің қолжазба қорларына түрлі жолдармен жинастырғаны. Ол үшін менің елімнің тарихына қатысы бар ма, жоқ па деп ойланып жатпапты. Үшіншіден, «Аударма» ісіне айрықша басымдық танытып жүздеген өте маңызды тариханамаларды османдық түрік тіліне тәржіма қылғандары. Сол үшін аударма үрдісі Түркияда күні бүгінге дейін қарқынды түрде жүріп жатыр.

Ұлттық тарихымызды жазу ғылымның жан-жақты дамыған қазіргі дәуірінде өте маңызы зор. Өйткені жастарымыз жеткілікті деңгейде дін және тарихи біліммен қарулана алмаса қазіргі түрлі мәдени шабуылдарға төтеп

бере алмайды. Өткенін білмеген ертеңін саралай алмайды. Бұл – аксиома. Ал бүгінгі жастардың психологиялық ерекшеліктеріне қарағанда олар ғылыми сипаттағы шынайы зерттеу қорытындыларына қызығады. Осы орайда «Халық тарих толқынында» бағдарламасы бүгінгі ұрпақтың өзін тану үшін де, мемлекетімізде іске асып жатқан бүгінгі саяси шаралардың мәнін терең ұға білу үшін де маңызды. Сондықтан мейлінше тарихымызды дәйекті де шынайы жазып, сана мен жүрекке дарыта білуіміз керек. Кейде тастағы сырды оқысақ, кейде парақ беттеріндегі жазуды оқуға тиіспіз. Ал кейде ән мен күй һәм жыр мен дастанға құлақ түреміз. Төңірекке көз жүгіртсек, оларды оқи алсақ тарихи болмысымызды тани аламыз.

Жалпы ғылымда тарихты тану, оған үңілу төрт бағытта іске асады. Бірі – археологиялық, екіншісі – жазба деректер, үшіншісі – ауыз әдебиеті, төртіншісі – салт-дәстүрлер. Шындығына келгенде жазба деректермен айналысу, сол арқылы өткенімізді саралау ең кенже қалған бағыт еді. Енді сол олқылықтың орны толысуға бет алғандай көрінеді.

Қазақ – бағы жанған халық. Өйткені ұдайы адамдық санасын кемелдендіруге ұмтылыс жасап келеді. «Ұлттық тарихты» зерттеу – тарихи сананың оянуы. Елімізде «ұлттық тарих» мәселелері бойынша, ең алдымен, деректерді жинау міндеті алға қойылды. Бұның басты табысы әрбір жинақтаушы ғалымға әлемдегі тарихты зерттеушілер арасында өз орнын айқындап алуға мүмкіндік береді. Деректерді тану тарихқа биіктен қарай алатын шың екенін зерттеушіге сездіреді. Бұдан былай ол анау былай, мынау былай деді деп алаңдамай, өз тарихын өз көзімен, өз ойымен, өз пайымдауымен тануға мүмкіндік алады.

Біз барған Түркиядағы Сүлеймания, Стамбул университеті кітапханаларының қолжазба қорлары бай екен. Сүлеймания кітапханасында жазба деректердің барлығы компьютерге енгізілген. Тарих тақырыбы бойынша араб, парсы және түркі тілдерінде 5000-ға жуық тақырып атауы бар. Қысқа уақыт аралығында оларды игеру мүмкін емес. Кемінде шағын топ болып, тұрақты түрде сонда жұмыс істеу қажеттілігі сезіледі. Стамбул университетінің «Сирек кездесетін деректер» кітапханасында мәліметтер жәшіктерде картотека бойынша қаралады. Сол себепті көбірек уақытты алады. Онда жүздеген деректі қарауға мұрша жетпейді. Топкапы кітапханасы жөндеу жұмыстарына байланысты жабық болды. Топкапыдан басқа, Едірне мұрағаты тағы бар. Қазақ тарихына қатысты мұрағат жұмысы өте ауыр және алға жылжуы қиын. Себебі «Қазақ» атына тікелей қатысты жазба дерек табу қиын. Сол үшін Қазақ тарихына қатысты басқа халықтардың тарихнамасын болжам бойынша қарастыруға тура келеді. Бұл үшін шамалаған деректің беттерін мұқият парақтап отыру керек. Бұл қаншалықты уақыт пен қуатты талап ететінін ойлағанда зерттеу мәселесіне салмақты да сабырлы қарауға тиіспіз. Әрі бұл шаруа тұрақты сипатқа ие болуға тиісті.

Біз жазба деректерді түркілік және қазақ хандығы дәуіріне бөліп, екі бағытта қарастырдық. Сонымен қатар деректердегі қазақ сөзі лексикалық және этникалық мағнадағы қолданысына көңіл бөлдік. Сондай-ақ деректерді бірнеше топқа бөліп қарастырдық. Оларды да тікелей және жанама түрлерге

бөлдік. Тағы бір ескертетін нәрсе қазақ тарихына еуроцентристік ұстаным жарамайды деп есептеймін. Сондықтан жер-су, адам аттары орыс транскрипциясымен емес, табиғи өз атауы бойынша көрсетілді.

Деректердің бірінші тобы: Бүгінгі Орталық Азия ежелгі Тұран кейінгі Түркістанға қатысты дерекнамалар. Мәселен Сүлеймания мен Стамбул университетінің қолжазба қорындағы кейбір деректерді саралап көрелік:

Tarih-i Buhara	ebu Bekir Muhammed b. Cafer.tbu Nasr Ahmed el-Kubavi	№ 011301	111 yk.

Асылында Әбубәкір Нәршәхидің (hіжрамен 286-348 жж, миләди 899-956 жж) «Бұхара тарихы» еңбегі Түркістанда болған көптеген қалалары туралы мәлімет береді. Солардың қатарында бүгінгі Қазақстан жерінде орналасқан: Фараб (Отырар), Шымкент, Түркістан, Испиджаб, Баласағұн, Тараз сынды қалалар. Сондай-ақ түрік, түріктер мен Түркістан жайы да көп айтылады. Мәселен, Тараз туралы: «Әмір Нәсірдің қайтыс болған хабары әмір әл-мүмінин Мүтезедбелла жеткен соң Мауароннәhрдың билігін Әмір Исмайылға тапсырды. Ол екі жүз сексенінші жылдың Мұhаррам айында (893-көкек айы) болған. Ол (Әмір Исмайыл) сол жылы Тараз жорығына шықты. Көп тауқымет шекті. Соңында Тараз әмірі қаладан шықты. Көптеген диқандармен бірге Ислам дінін қабылдады. Тараз жауланды. Үлкен шіркеу орталық мешітке айналды. Әмір әл-мүмінин Мүтезедбелла атына құтпа оқылды», – деп жазған. Бұл еңбек парсы тілінде жазылған деректер қатарында ортағасырлық Түркістан қалалары мен бүгінгі Қазақстанның шаhарларын зерттеуге бастама еңбек болып саналады.

Tarih-i Cihan-küşa	Alaüddin b. Bahaüddin Muhammed Ata Melik el-Cüveyni	№ 00359	Farsça, 252 YK. Bölüm: Amcazade huseyn

Ата Мәлік әл-Жовеинидің (1226-1282) «Тарих-и жаhангоша» (Әлемді жаулаушының тарихи) атты еңбегі. Бұл өте көлемді тарихи кітап 1260 жылында жазылды. Бұл кітаптың басты құндылығы автор жас кезінде 1246-1247 жылдар аралығында Тараз қаласында болған. Кейін он жылдай Мауароннәhр мен шығыс Түркістанды аралап шыққан. Бұл еңбек Шыңғыс хан мен төрт ұлының және түрік тектес тайпалары мен моңғолдардың тайпалық ара қатынасын, қарахан мен қарақытай, наймандардың тарихи бейнесін кеңінен суреттеген. Отырар оқиғасын егжей-тегжейлі жазған. Қысқасы, қазақ тарихын танудағы басты еңбек.

Terceme-i tarih-i-Taberi	Muhammed b. Muhammed el-Belami	№ 3049	Ayasofya. Farsça

Мұхаммед ибн Жарир Табаридің (226-310, 840-922) «Табари тарихы» атты көп томдық бұл еңбегі IX ғасырда жазылған. Бұл еңбек әлемнің және иранның жалпы тарихы, адамзаттың жаратылысынан автор өмір сүріп жатқан заманға дейінгі тарихы аңыз-әпсаналық дастандар түрінде берілген. Тарих болмысын аңыз бен ақиқат арасынан ұштастырып, дүниеге алып келеді. Бұл адамзат тарихын жазудағы ең ұтымды тәсіл ретінде өз құндылығын сақтап келе жатқан туынды. Өйткені адамзат естіген оқиғаларын шындықтың шекарасынан асырып, аңыз-әпсаналарға айналдыруға ұдайы жақын тұрады. Бұл қасиет – адам баласының көңіл қалауы. Бұл психологиялық ерекшелік көшпенділерге әлдеқайда тартымды келеді. Сондықтан Табари еңбегі тарих жазуда аңыз бен ақиқат ұштасқан ерекшелігімен тарих ғылымына өзіндік үлес қосқан шығарма. Сондай-ақ бұл еңбек тұран мен иран жұрты арасындағы қарым-қатынасты да баяндап отырады. Сол себепті түркінің ежелгі әпсанауи тарихын тануда қайнар әдебиет болып табылады.

ибн Бәтуте саяхатнамесінің аударма сы	ибн Бәтуте	T5081	Османлы түрік тілінде

Түркілердің салт-дәстүрі мен тілі туралы зерттеуде ибн Бәтутенің (1304-1377) «саяхатнамесі» атты еңбегі басты құрал. Ибн Бәтуте 1326 жылынан бастап 1355 жылында аяқтаған сапарында көрген-білгендерін хатқа түсірді. Кітапта – «түркілердің тұрмыс-тіршілігі», «түркілер арасында айт мерекесі», «Сарайшық шейхының болжау жасауы», «Кебек ханның әділдігі» сынды тараулар шығарманың құнын айқындайды. Ибн Бәтуте Сарайшықта бір шейхқа «Мен Харезм сапарына шықсам ба деймін». Шейх: бірнеше күн аялдағаның жөн болар, - деді. Мен ойладым, қазір бір топ сапарластардың ішінде менің бірнеше танысым бар кезде сапарға шығайын деп, олармен келісіп қойдым. Бұл шешімімді шейхқа айтқанымда, ол: гәп жоқ, сен бармайсың, - деп кесіп айтты. Бірақ мен шешім қабылдап, үзілді-кесілді барамын деп отырғанда нөкірлерімнің бірі қашып кетті. Содан бірнеше күн аялдауға тура келді. Осы жайттан кейін шейхтің кереметін анық байқадым», – дейді ибн Бәтуте.

Екінші тобы: Орталық Азия ежелгі Тұран, кейінгі Түркістан, Қыпшақ даласынан барып тыс өлкелерде патшалық құрған түркілерге қатысты деректер.

Мысырдың толық тарихы	Жалалзаде Салиһ әпенді.	Т778	Кітаптың көшірмесі алынды

Жалалзаде Салиһ әпенді жазған «Мысырдың толық тарихы» атты кітап Түркістаннан шет елдерге түрлі себептермен барып патшалық құрған тарихын зерттеуде тамаша шығарма. Қолжазбада Жалалзаде Салиһ әпенді туралы, кітаптың жазылу тарихы туралы ешқандай мәлімет берілмеген. Зерттеуді әрі қарай жалғастыруды мақсат еткен жағдайда автор мен еңбегі жайлы мәліметтер табылып жататынына сенімдеміз.

Мысырдағы түркілер	Мысырда түркілер мен Черкестер билік еткен тарихы жазылған.	Т9701	Түркі тілінде

Бұл шығарма Түркістан елінен шыққан тұлғалар мен ру-тайпаларының шетке барғандағы тарихи үлесін айқындауға негіз бола алатын мәнді еңбек. Мәселен, мәмлуктер мен шеркестердің Мысыр еліндегі патшалықтары туралы: «Мысырда түркілердің салтанат құрған патшаларының саны 25. Билік мезімі 134 жыл. Түркілердің әмірлері 648-783 жылдар аралығында, Шеркеш әмірлері 783-923 аралықта билік құрған. Түркілер патшалығының негізін қалаушы Мүәзеддин Айбек», – деп жазған. Сондықтан Орталық Азиядан әлемді билеуге ұмтылған түркілер Мәмлүктер (1250-1381), Шеркештер патшалығын (1381-1518) айқындап берген жоғарыдағыдай тарихнамалардың маңызы зор.

Tarih-i Beyhaki	el-Beyhaki- ebül-fazl muhammed b. Hüseyin katip	№04344	bölüm: i-İsmail Hakki/ 968S. farsça.

Үшінші тобы: қыпшақ даласы мен сөзіне қатысты деректер. Тарихта «дешт-е Қыпшақ», - деп аталған даланың территориясының басым көпшілігі бүгінгі күні Қазақстан Республикасының аумағында. Оның оңтүстігінің кейбір бөліктері Қарақалпақстан, Өзбекстан, Түркіменстан елдерінде орналасқан. Қыпшақ даласы туралы деректердің молынан жазылмаған басты себебі – Ежелден тарихнамалар патшалар мен императорларға арнап жазылып келді. Сондықтан далалық психологияға тән бейбітсүйгіш, өзіндік салт-дәстүрге ие әрі хандарға бағынбай келген Қыпшақ даласының тұрғындары туралы мардымды жазба дүниелер аз. Қазақ халқы Қыпшақ даласының негізгі мұрагері ретінде қарапайым һәм азат өмір сүргені үшін еленбей келді. Дегенмен Қыпшақ жайында парсы деректерде айтарлықтай дерек табылады. el-Beyhaki- ebül-fazl muhammed b. Hüseyin katip жазып мұра қалдырған «Бейһәғи тарихы» атты тарихнамасы, түркітану тұрғысынан маңызды.

Біріншіден – Түркі текті Ғазнелер патшалары туралы жазғаны үшін, екіншіден – Ғазне патшаларының Қыпшақ даласының хандары, әсіресе, Қара хандармен қарым-қатынасын кеңінен әңгімелегені үшін ортағасырлық тарихты тануда маңызды дерек.

Төртінші тобы: қазақтың сөзі мен жер-су атауына қатысты деректер.

Zafername, tarih-i Timur	Şerefüddin Ali b. Abdulla tl-Yezdi	№03029	Ayasofya. 418 yk. Farsça.

Әли Иәзди «Зафарнама» атты еңбегін 1424-1425 жылдары жазған. Бұл тарихнама Әмір Темірдің өмір жолы мен Орталық Азияда болған тарихи оқиғаларын баяндайды. Негізінде 1330-1405 жылдар аралығындағы оқиғаларды қамтиды. Әзірше «қазақ» сөзін бірнеше жерде қолданған тұңғыш шығарма. Онда: «Әмір Темір Ташкенттен өтіп, Қазақ жұтұр уалаятына шабуыл жасады», - дейді /281б/.

Әмір Темір қазақ даласына теңдесі жоқ ғажап ғимарат салдырып кетті. Ол Қожа Ахмет Иасауи мазарына арнап салдырған кесене. Бұл жайында Шарафеддин Әли Иәзди кітабында анық мәлімет беріп қалдырған. Ол: «Темір Сейһуннан өтіп, Аһангаран, Женас ауылының маңында қыстап шығу үшін әскерлеріне қыстық үйлер салдыртады. Содан Иасы ауылына барып, сондағы Иасауи бейітіне зиярат етеді. Шейх, имам Мұхаммед Ханафия ұрпағынан екендігін айтады.

Әмір Темір Шейхтің мүбарак мазарына арнап кесене тұрғызуды бұйырады. Ғимарат күмбезінің биіктігі және ішінің қалыңдығы бұйрықтағыдай болуы шарт деп көрсетілген. Сондай-ақ күмбездің түрлі-түсті таспен безендірілуі, есіктері қайнатылған темірден, ал хауызы қайнатылған тастан қалануы тапсырылған. Мазардың тасы мәрмәр тас Тәбриз қаласынан әкелініп, тиісті көлемде, нақышталсын деп жұмыстарын Маулана Ұбайдолла Сәдрге тапсырады. Бір жылда аяқталсын деп бұйырады», – деп жазған.

Сондай-ақ Мырза Хайдардың (1499-1551) «Тарих-и Рашиди» еңбегі Қазақ хандығының құрылу тарихын жазғаны үшін өте маңызды. Ол кітабында: «Қасым хан Дешті Қыпшақты түгелдей өзіне қаратып алғандығы соншалық, Жошы ханнан кейін ешкім де ол сияқты мұндай билікке қол жеткізген емес-ті» деп жазған. Қасым ханның ұлы жетістікті ұйымдастыру қабілетінің жоғары деңгейде болғандығынан қол астына саны мың-мыңнан (миллион) асқан әскер жинақтауының арқасында жеткенін де сол деректен оқи аламыз. 924 (1518) жылы қайтыс болған Қасым ханды ерен еңбегінің нәтижесінде өз ұрпақтарына бүгінгі кең-байтақ қазақ даласын мұраға қалдырды деп бағалауымызға әбден болады.

Түркілердің ыдырап ұлт-ұлысқа бөліне бастағанын да осы еңбектен оқимыз. Екі ғасыр ішінде, яғни XIII-XIV ғасырларда Орталық Азияны мекендеген түркі халықтары екі бірдей империяның (Алтын Орда және Әмір

Темір) пайда болып, күйреуінің куәсі болды. Қанды қақтығыстарға толы бұл тарихи кезеңнің аяқталуы жеке аймақтарда пәрменді түрде ұлттық құрылымдардың қалыптасуына ұласты. «Тарих-и Рашиди» авторының өзбек, өзбек-қазақ және қырғыз терминдерімен қатар түрікмен, дулат, қаңлы, жалайыр, бірлес (барлас) сияқты тайпалық атауларды тең қолдануы осы тарихи процестің айқын көрінісі болатын.

«Алайда бұл жеке ұлттық құрылымдардың да қалыптасу процесі сәтті болмады, халықтардың табиғи мүддесіне сай қарқынды бағытта жүрді деп айтуға негіз жоқ. Түркі халықтарының, оларды билеуші Шыңғыс хан тұқымдарының өзара қанды қақтығысулардан, саяси билік үшін тынымсыз күрестен әбден шаршап-шалдыққандығы соншалық, олар енді қайтып Алтын Орда немесе Әмір Темір империясы сияқты қуатты мемлекеттік жүйені құруға шамасы келген жоқ. Кезінде қуаты әлемдік дамуға ықпал еткен Түркістан ендігі уақытта тәуелсіз өркендеу мүмкіндігінен айырылып, шығыс (қытайлық) және батыс (орыстық) болып бөліне бастауы сондай құлдыраудың айғағы болса керек. Мырза Хайдар айтқандай: «Әйгілі гүлденген дәурен – тек ауыздан-ауызға айтылып келе жатқан тарихи әңгімелер» болып тарих жадында қалды.

Деректер туралы қорытынды сөзіміз: Біз Сүлеймания мен Стамбул университетінің кітапхана қорларынан алынған бірнеше шығармаларын кестелеп, деректері бойынша қысқаша қазақ пен қазақтың түркілік тарихына қатысты тарих сүйер қауымды таныстырып, еліміздің ұлы бастамасынан хабардар етуге ниеттендік. Бұл тәуелсіз Қазақстанның өз тарихын тәуелсіз көзбен тікелей тарихи деректерді сарапқа салудан туындап отырған дүние. Ендігі мақсат қалай болмақ? Бұл жайында бірнеше ұсынысқа тоқталмақпыз.

Біріншісі – біз тарихи жазба деректерді жүйелі де мақсатты түрде жинаудан кенже қалып келеміз. Бұл олқылықтың орнын толтыру үшін әуелі Қазақ және қазақтың түркілік тарихына қатысты ең маңызды жазба деректердің түпнұсқалық көшірмесін «Тарих институтының қорына» жинатуымыз керек. Қазақтың түркілік дәуірі мен хандық құрған дәуіріне қатысты араб, парсы және түркі тілдерінде мыңдаған жазба деректер барлығы айқын. Соның бірсыпырасы төменгідей:

1. Әбубәкір Нәршәхи (286-348, 899-956) «Бұхара тарихы»
2. Зәрдөшт (заратустра) ежелгі діни жырлары «Авеста»кітабы, екі том.
3. Ибн Бәтуте «сапарнамасы», екі том.
4. Хафиз т. Бұхари «Абдолланаме»
5. Ф. Рузбеһан Исфаһани «Маһманнаме Бұхара»
6. Ш. Әли Иәзди «Зафарнаме»
7. Мырза Айдар Дұғлат «тарих-и Рашиди» Ташкент – қолжазбасы.
8. Мырза Айдар Дұғлат «тарих-и Рашиди» Душанбе – қолжазбасы.
9. Мырза Айдар Дұғлат «тарих-и Рашиди» Ресей – қолжазбасы.
10. Айдар Дұғлат «тарих-и Рашиди» Лондон – қолжазбасы.
11. Фирдауси «Шаһнаме» толық басылымы.
12. З.Мұхаммед Бабыр «Бабырнаме» қолжазбасы.
13. А. Жовейни « Әлемді жаулаушы тарихы» үш том.

14. Р.Фәзлолло Һамадани «жалпы тарих» үш том.

15. Ибн Әсир «Ислам тарихы» түпнұсқасы он екі том, түрікше аудармасы он том.

16. Тарихнама Табари, бес томдығы.

Бұл жұмыс белгілі бір қарқынмен жүйелі де тұрақты түрде алға жылжып тұрса нұр үстіне нұр болар еді.

Екіншісі – көрген-білген тарихнамалардан «Тарихи деректер» атты кітап жазылса, бұл деректердің жинақтау кезеңінің жемісі іспеттес болар еді. Онда деректер Қазақ пен қазақтың түркілік дәуірінде қандай мәлімет бергенін айқындап, түпнұсқалық мәтін мен қазақ тіліндегі тіпті ағылшын тіліндегі тәржімасын қатар беріп отыру зерттеуші ғалымдар үшін олжа болар еді. Бұл жинақтың ұлғаюын ескере отырып көп томдық ниетпен бірінші томы қолға алынса игі бастама болары анық.

Үшіншісі – әрбір тарихнамалардың мән-маңызын анықтап шағын да сапалы аударма топтарды құрып, қазақ тіліне тәржімалай бастау керек.

Төртіншісі – жинақталған деректерді, ғалымдардың зерттеген шығармаларымен салыстырып, ұштастырып «Қазақтар және қазақтың түркілік тарихы» атты еңбек көпшілікке арнап жазу тағы бір белес болмақ.

Бесіншісі – жаңа түпнұсқалық деректерді оқушы мен білімгер, ізденушілерге таныстыра отырып, жаңа оқулықтар жазу ұлттық тарихпен тарихи сананың оянуына әсер етеді. Әрине, ертеңгі жұмысты бүгін орындай алмасақ кеш, ал бүгінгі жұмысты ертеңге қалдырсақ өте кеш.

Еліміздің саяси билігі «Ұлттық тарихты» жұмыс күнделігіне енгізгенде ғалымдардың солқылдап тұрған ой-тұжырымдары қара тауға арқа сүйегендей тіктелді, жігерленді. Осы орайда Қазақтың саяси тарихы мен әдебиет тарихын тарихи оқиғаларына, әдеби шығармаларының тақырыптарына қарап жеті дәуірге бөліп зерделеуге болады. Өйткені тарих пен әдебиет бір-бірінен ажырамас құбылыс. Тарих – әдебиетті тудырса, әдебиет – тарихтың жаңғырығы. Сондай-ақ әрбір тарихи дәуірді бірнеше кезеңге бөліп қарауға болады.

Қазақ елінің Саяси тарихын жазба деректер негізінде жеті дәуірге бөліп қарастырған жөн:

Біріншісі – Ежелгі дәуір. Қазір Орталық Азия «Тұран», - деп аталатын дәуір. Тұран мен Тұран патшасы Афрасиаб әзірше қолда бар деректерде тұңғыш рет «Әвеста» кітабында хатқа түскен. Бұл кітаптың жазылу тарихы ғалымдардың пайымдауынша әр түрлі кезеңге телінеді. Бірақ ойдың басым көпшілігі б.з.д. VI ғасырға тоғысады. Әвеста кітабынан кейін «Бұхара тарихы», Фирдаусидің «Шаһнамесі», Жүсіп Баласағұнның «Құтад Білік», Маһмұт Кашғаридің «Диуан-и лұғат түрік» тағы басқа тарихи-әдеби шығармаларда аталады. XX ғасырда Қазақтың ұлттық әйгілі ақыны Мағжан Жұмабайдың «Түркістан» поэмасында Тұран мен Афрасиаб жырына өзек болуы жайдан жай емес шығар.

Тұранның тарихы бар отты желдей,
Заулаған қалың өрттей аспанға өрлей.
Тұранның жері менен суы да жат,

Теңіздей терең ауыр ой бергендей.

х х х

Тұранның теңіз дерлік көлдері бар,
Шалқыған егі-шексіз Теңіз, Арал.
Бір шетте қасиетті Ыстықкөлдің,
Бауырында дүние көрген түрік көкжал.

х х х

Тұранның жері де жат, елі де жат,
Құйындай бастан өткен күні де жат!
Тұранды түгелімен билеп тұрған
Ертеде ертегі хан Афрасиаб.

Бұл дәуір VIII ғасырға дейін созылады. Бұл дәуірдің жауынгерлік сипаты басым болғандықтан, басты ерекшелігі – елдік, ерлік, салт-дәстүрді сақтау төңірегінде көрініс тапты. Ел болып қалу үшін ерлікті қажетсінді. Қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қатынастар үшін салт-дәстүрді бекем ұстау жазылмаған заң рөлін атқаруға тиіс болды. Бұл дәуірдің бейнесін Афрасиаб жоқтау жырынан, Шу қаған дастанынан, Атилла жыры мен Күлтегін жазбаларынан айшықтауға болады.

Екіншісі – Ортағасырлық дәуір (751-1465). Бұл дәуірдің бастау мерзімі Ислам дінінің шығуы, дамуы, өркендеуімен байланысты. Бұл дәуірде Түрік қағандығының үстемдік құрған кезеңнен Тұран елі «Түркі елі», – деп те аталып кеткендіктен Ислам халифатының саяси үстемдігінен «Түркістан» атауына ие болған дәуір еді. Мағжан Жұмабай (1905-1938) Түркістанды өлеңіне қосып, жыр етеді.

Түркістан – екі дүние есігі ғой,
Түркістан – ер түріктің бесігі ғой.
Тамаша Түркістандай жерде туған,
Түріктің тәңірі берген несібі ғой.
Ертеде Түркістанды Тұран дескен,
Тұранда ер түрігім туып өскен.
Тұранның тарихы бар толқымалы,
Басынан көп тамаша күндер кешкен.

Ислам халифаты Шәдияр (632-661) мен Үмийе халифаты (661-750) билік құрған кезеңде мұсылман әскері түркі даласына жеңісті шабуылдары бола тұра түркілердің жүрегінен, көңілінен орын ала қоймаған еді. Өйткені олардың бойына ғасырлар бойында орныққан наным-сенімді жаңа дүниетанымға ауыстыру оңай емес-ті. Ислам әлеміне Аббас әулеттері билік жүргізген тұста ғана түркі даласы ғаламат оқиғаға куә болды. Сол оқиға түркілерді өз еркімен Ислам дінін қабылдауға ерекше әсер етті. 751 жылы бүгінгі Қазақ жерінде орын алған оқиғаны Ибн Әсир «Ислам тарихы» атты он екі томдық қалың кітабында былай суреттейді:

«Бұл жылғы (751) оқиғалар ішінде Фарғана әміршісі Ахшид пен Шаш әміршісінің арасында келіспеушілік туындады. Ахшид Қытай императорынан жәрдем сұрады, император да жүз мың жауынгер көмекке жіберді. Бұл

жауынгерлер келді. Шаш патшасын қысымға алып, қоршады. Шаш патшасы осыған орай Қытай императорына бағынуға келісті. Өзіне және адамдарына ешқандай жамандық жасалған жоқ. Әбу Мүслім қытайлардың келгенінен хабардар болды. Олармен соғысуға Зияд б. Салиһты жөнелтті. Тараз (Талас) өзенінің жағасында бір-бірімен қарсыласты. Мұсылмандар қытайларға қарсы жеңіске қол жеткізді. Олардың елу мыңдайын өлтіріп, жиырма мыңдайын тұтқындады. Қалғандары қытайға қашып кетті. Бұл оқиға 133 жылдың Зилһижже айында орын алды». /607б/

Осы оқиғадан кейін Түркістанда Ислам дінінің дамуы қарқын алды. Сонымен қатар түркілер өз еркімен мұсылман бола бастады. Түркілерден Ислам дінінің өркендеуіне үлес қосқан ұлы ойшылдар мен ғалымдар шықты. Әбу Нәсір әл-Фараби, Харезми, Ұлықбек, Қ.А. Иасауи, М. Кашғари, Тарази мен Сараи сынды білім мен ғылым иелері Ислам дүниесінің ренесансының пайда болып, шарықтап, әрі XV ғасырға дейін миуалы жемісін беруіне молынан үлес қосты. Сондықтан бұл дәуірдің саяси-мәдени бағытындағы идеологиялық сипаты Ислам болды. Түрлі саяси, экономикалық, қоғамдық себептерге байланысты түркілер араб, парсы және түркі тілдерінде Ислам өркениетіне қызмет жасады. Бірақта кейінірек түркілер өз тілі мен түркілік салт-дәстүрін сақтап, өркендеді. Соның арқасында Шыңғыс хан мен оның ұрпақтары қысқа мерзімде түркілік болмысына сіңісіп кетті. Осы себептен сол заманның тарихшылары мен көптеген Батыс ғалымдары ұзақ уақыт түркі мен моңғол арасын айыра алмай әлек болды.

Бұл дәуірдің тағы бір ерекшелігі Түркістан атауының астында өзіндік атаумен түркі патшалықтары мен қағандары пайда болды. Харезм, Селжұқ, Қара хан, Ғазне тағы да басқа ірілі-ұсақ бірталай билік иелері Орталық Азияда бой көрсетті. Орталық Азиядан әлемді билеуге ұмтылған түркілер Мәмлүктер (1250-1381), Шеркештер патшалығын (1381-1518) Мысырда, Османлы империясын (1299-1923) Анадолыда, Алтын Орда билігін (1243-1503) Азия-Еуропада, Бабырлар патшалығын (1506-1862) Үндістанда құрды. Олар әлденеше ғасырлар бойы билік етті. Түркілер түрлі атаумен өз патшалықтарын құрып жатқан бұл дәуірде Түркістан атауы да Қыпшақ даласы мен Мауароннаһр деп екі үлкен территорияға бөлісті. Қыпшақ даласы Алтын Орда қағандығы негізінде Қазақ хандығына ұласты.

Үшіншісі – Қазақ хандығы дәуірі. Қазақ хандығы Алтын орда мұрагері болып 1465-1466 жылдары көшпенді мемлекеттік сипатқа ие болып, түркілердің тұтастай өнері мен ауыз әдебиетіне, салт-дәстүріне әрі таза тіліне де мұрагер болып, ежелгі түркі территориясының басым көпшілігіне қожалық етті. Егемен ел болу жолында ұшан-теңіз қайрат сарп еткен Қазақ даналары мен батырлары кең-байтақ жерді, бүгінгі Қазақстан Республикасын ұрпақтарына мұра етіп қалдырды.

Мағжан Жұмабай:

Тұранда түрік ойнаған ұсап отқа,
Түріктен басқа от болып жан туып па?
Көп түрік енші алысып тарасқанда,
Қазақта қара шаңырақ қалған жоқ па?

Арыстан елге отан болған Тұран,
Тұранда қазағым да хандық құрған.
Қазақтың қасқа жолды Қасым ханы,
Тұранның талай жерін билеп тұрған, –

деп жырлаған бұл дәуірдің басты ерекшелігі – Ел болып қалыптасуды қамтамасыз ету болды.

Төртіншісі – отаршылдық жүйенің дендеу кезеңі. (1824 -1904) Бұл Қазақ халқының Ресейлік отарлау саясатына қарсы ұлт-азаттық күресінің езіп-жаншылған тұсы. Қазақ халқы билеуші саяси жүйеден ажырап қалса да, халық пен ақын-жыраулары ортағасырлық мәдени-рухани мұраларды жыр-дастан түрінде ел ішінде жаппай тартып, елдік азаттық рухын сақтай білді. Абай сынды перзентін дүниеге алып келіп жаңаша саналық сатыға көтерілді.

Бесіншісі – Алаш дәуірі. Елдің жаңа саяси жүйесін жасауға талпыныс дәуірі. Оның нәтижелері кейінгі кеңестік Қазақстанның пайда болуын қамтамасыз етті.

Алтыншысы – кеңестік дәуір. Қазақ халқының әлемдік деңгейдегі ойшыл, ірі Алаш тұлғаларының мемлекетке жаңа саяси жүйе енгізу жолына бөгет жасалған дәуір болғанымен, білім-ғылымның дамуына жол ашты.

Тәуелсіздік дәуірі. Бастамасы 1991 жылдың 16 желтоқсаны. Мәңгілік заман тарихына ену жолында Қазақ халқы үшін алтын дәуір. Ата заңы, желбіреген көк туы, әнұранымен Әлемдегі барлық халықаралық ұйымдарға мүше болған саяси тәуелсіз мемлекет құрған дәуір.

Түйіндеп айтқанда: «Халық тарих толқынында» атты ұлттық бағдарлама тарихымызға жаңа биіктен қарауға тамаша мүмкіндік береді. Өйткені ұлттық санамызды жетілдіріп, қалыптастыра алатын бұл бастама еліміздің саяси тәуелсіздігімен бірге рухани-мәдени тәуелсіздігін көздейді.

Жулдыз Тулибаева
Доктор исторических наук, профессор

ПАМЯТНИКИ ПИСЬМЕННОСТИ: ПРОБЛЕМЫ ИХ ОПИСАНИЯ И ИХ ЗНАЧЕНИЕ ДЛЯ ИЗУЧЕНИЯ ДРЕВНЕЙ И СРЕДНЕВЕКОВОЙ ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА

Для изучения древней и средневековой истории Казахстана чрезвычайно важны арабографические источники, хранящиеся в зарубежных фондах. Существуют краткие и подробные описания арабографических рукописных книг из хранилищ стран Востока и Европы, есть библиографические указатели, однако еще не все такие рукописи учтены и

введены в научный оборот. Нужно учитывать также, что далеко не все зарубежные каталоги рукописей доступны исследователям.

В настоящее время казахстанские археографы имеют возможность начать работу по подготовке Сводного каталога арабографических рукописных книг, хранящихся за рубежом и содержащих сведения по истории Казахстана.

В первую очередь, надо составить список зарубежных хранилищ, где есть арабографические источники, содержащие сведения по истории Казахстана. Попытаться выявить общее количество таких рукописей.

Много веков османские правители собирали манускрипты по истории и культуре народов тюркского мира. Многие рукописные источники, списки которых были уничтожены у нас во время установления советской власти, сохранились и находятся в архивах Стамбула.

Начиная с XVII века, западные путешественники, ученые и чиновники вывозили наиболее ценные рукописи и документы по истории народов Центральной Азии. Вследствие чего, наиболее ценные архивные документы по истории Казахстана хранятся в рукописных архивах Европы и США.

Болонский Университет один из старейших центров Европы по изучению истории и культуры тюркского мира. В рукописном фонде Болонского Университета хранятся уникальные тюркские, персидские и арабские источники, сохранившиеся до наших времен в единственном экземпляре.

Наиболее обширные фонды рукописей и их фотокопий по истории государств Центральной Азии и Казахстана хранятся в библиотеках американских университетов. В библиотеке Гарвардского университета хранится наиболее хороший список труда Мирзы Улугбека по истории Чингизидов. Университет Индиана создал богатейший фонд микрофильмов по истории и культуре народов Центральной Азии. Там собраны микрофильмы центральноазиатских рукописей со всего мира.

В настоящее время многие академические институты, библиотеки и архивы Казахстана, также отдельные исследова-тели обладают микрофильмами зарубежных арабографических рукописей. Отсутствие единого каталога микрофильмов, порой приводит к дублированию уже проведенной работы. В будущем, в Сводный каталог необходимо ввести такую дополнительную информацию, как указание на место хранения микрофильма или её части в Казахстане. Это станет достоянием науки и облегчит работу казахстанским историкам.

Изданные отдельные каталоги рукописей, хранящихся за рубежом, обзоры фондов зарубежных хранилищ, отчеты археографических экспедиций имеют большое значение для составления Сводного каталога арабографических рукописей. Они облегчают работу археографов по выявлению и описанию арабографических рукописей по истории Казахстана.

К сожалению, не все опубликованные зарубежные каталоги и описания рукописей имеются в библиотеках Казахстана, даже отсутствуют некоторые каталоги, изданные в советский период в Ташкенте, Душанбе и Ашхабаде. В

связи с этим необходимо установить научные контакты с зарубежными центрами, занимающимися изучением истории и культуры Центральной Азии.

Многие уникальные источники по истории и культуре Казахстана в единственном экземпляре находятся в зарубежных фондах, с которыми можно ознакомиться только на месте их хранения. Копирование рукописных книг и документов без предварительного их источниковедческого исследования нерационально. Только после определения ценности источника и его значения для изучения истории Казахстана, можно заказывать фотокопии наиболее надёжных списков рукописных книг и документов.

Основные и достоверные сведения по древней истории Казахстана содержат, прежде всего, вещественные памятники, объекты материальной культуры. Однако сохранились также и письменные источники, содержащие сведения о древних народах, населявших территорию современного Казахстана.

В V – IV вв. до н. э. была создана «Махабхарате», эпическая поэма на санскрите. Она содержит ценные сведения о саках, тохарах и канглы.

Сохранились эпические произведения, такие как «Сказание о Сийавуше», «Сказание об Аморге и Спаретре», «Сказание о Томирис», «Сказание о Шираке», где красочно описывается борьба древнеиранских царей с саками и массагетами.

На основе эпических сказаний создавались сочинения на чагатайском языке. Так, в середине XIX в. было написано сочинение «Шах-наме-йи тюрки» («Книга царей на тюркском языке»). Автор труда – Мухаммад Касим ибн Мулла Надир Мухаммад Бухари. В нём излагается древняя история Ирана и Турана.

Древнеиранские, древнегреческие и древнекитайские письменные памятники сохранили сведения о таких племенах, как саки, массагеты, скифы, тохары, канглы, уйсуны и других, бывшие древними предками казахов.

К сожалению, многие древнеиранские сочинения не сохранились до наших времен в оригинале. Но сохранились переводы этих сочинений на арабском языке. Например, известный труд Абу Джафара Мухаммада ибн Джарира ат-Табари (224/838-39 – 310/923) «Тарих ар-расул ва-л-мулук» («История пророков и государей») содержит целые разделы из «Хвадай-намак» («Книга о владыке»).

В свою очередь, арабские рукописные книги легли в основу персоязычных сочинений, посвященных всеобщей истории с древнейших времен. Абу Али Мухаммад ибн Мухаммад ибн Убайдаллах ал-Бал’ами по пожеланию эмира Мансура ибн Нуха (961-976) в 963 году приступил к переводу на персидский язык «Тарих ар-расул ва-л-мулук» с внесенными дополнениями из других источников.

Среди многочисленных рукописных книг по всеобщей истории особо следует отметить следующих:

- «Джами' ат-таварих» («Сборник летописей») Рашид ад-Дина Фазлаллаха ибн 'Имад ад-Даула Абу-л-Хайра Хамадани, труд написан в 710/1310-11 году.

- «Тарих-и гузида» («Избранная летопись») Хамдаллаха ибн Абу Бакра ибн Ахмада ибн Насра Мустауфи Казвини, труд написан в 735/1334-35 году.

- «Бахджат ат-таварих» («Краса летописей») Шукураллаха ибн ал-Имама Шихаб ад-Дина Ахмада ибн ал-Имама Зайн ад-Дина Заки ар-Руми, труд написан в 861/1456-57 году.

- «Мир'ат ал-алам» («Зерцало мира») Мухаммада Бахтавар-хана, труд написан в 1078/1667-68 году.

В XVI веке по указанию Шейбанида Кучкунджи-хана (916/1510-936/1530) сочинение «Джами' ат-таварих» было переведено на чагатайский язык и дополнено новыми сведениями из других источников.

По распоряжению хивинского хана Мухаммад Рахима II (1282/1865 – 1328/1910) ряд сочинений на арабском языке были переведены на чагатайский язык, среди которых отметим следующие:

1) «Мурудж аз-захаб» («Золотые луга») Абу-л-Хасана Али ибн ал-Хусайна ал-Мас 'уди. Всеобщая история с древнейших времен до событий 336/947 года. Труд состоит из 132 глав.

В работе над переводом арабского сочинения приняли участие несколько людей: Дамулла Мухаммад Шариф-махдум-ахунд ибн Йусуф-махдум, Мухаммад Рафи' ибн Нураллах-махдум Хиваки, Мулла Убайдаллах-махдум, Дамулла Худайберган-махдум, Дамулла Йакуб-ахунд осуществили перевод с 1-79 главы. Следующие: Мулла Ата Нийаз-ахунд, ибн Ходжа Нийаз, Мулла Саййид Абдаллах, ибн Дамулла Аваз-ходжа, Дамулла Хабибаллах Хиваки, Дамулла Джума Нийаз ибн Аман Нийаз-суфи осуществили перевод с 80-132 главы.

2) «Китаб камил фи-т-та'рих» («Полный свод истории») знаменитого арабского историка Изз-ад-дина ибн ал-Асира ал-Джазари (555/1160 – 630/1233). Труд по всеобщей истории состоит из 12 томов. Сочинение охватывает историю стран мусульманского мира с древнейших времен до 628/1230-31 года.

В работе над переводом арабского сочинения приняли участие несколько людей: Первый том сочинения был переведен Нураллах-муфти-ишаном Хиваки и Муллой Мухаммадом Шариф-ахундом. Второй том переведен Мухаммадом Рафи' ибн Нураллах-махдумом. Третий том – Мулла Убайдаллах-махдумом, четвертый том – Дамулла Худайберган-махдумом, пятый том – Дамуллой Мухаммадом Йакуб-ахундом, шестой том – Муллой Ата Нийазом, седьмой том – Дамуллой Ибадаллах-ходжа-ахундом и Дамуллой Аллахберганом, восьмой том – Дамуллой Саййид Ибадаллах-ходжой, девятый том – Дамуллой Хабабаллахом Хиваки, десятый том – Муллой Джума Нийазом, одиннадцатый том – Муллой Вайсом Нийазом, двенадцатый том – Дамуллой Атаджан-ходжа-махдумом.

3) «Раузат ал-маназир фи ахбар ал-аваил ва авахир» («Сад картин относительно предшествовавших и последующих») Абу-л-Валида

Мухаммада ибн Мухаммада ибн Махмуда ибн аш-Шихна Зайн ад-дина ал-Халаби (749/1348 – 815/1412). Всеобщая история с древнейших времен до событий 806\1403 года.

Перевод сочинения был осуществлен Муллой Худайназа-ром ибн Бекназара и Атаджан-ходжой ибн Дамуллой Каландар-ходжа-ахунд-ишан-муфтием.

На чагатайский язык переводились и персоязычные рукописные книги. Например, знаменитое сочинение Мирхонда (Мухаммад ибн Саййид Мухаммад ибн Амир Бурхан ад-Дин Хаванд-шах ибн Шах Камал ад-Дин Махмуд Балхи) «Раузат ас-сафаʿ фи сират ал-анбийаʿ ва ал-мулук ва ал-хулафа» («Сад чистоты в отношении жизнеописаний пророков, государей и халифов»), написанное в 903\1498 году.

Сочинение «Раузат ас-сафаʿ» написано на основе многочисленных персидских и арабских источников. В предисловии к сочинению Мирхонд пишет, что его труд написан на основе 25 персидских и 15 арабских сочинений.

Абулгази-хан (1643-1663) во введении к «Шаджараи турк ва могул» («Генеалогия тюрок и моголов») пишет, в его распоряжении были 18 томов сочинений, посвященных истории Чингиз-хана и его потомков.

В сочинении «ЗЗаринЗЗат-таварих» («Океан историй») Мухаммада Амина ибн Мирза Мухаммада Замана Бухари приводятся названия 37 исторических трудов, которые были использованы автором при написании данного сочинения по всеобщей истории с древнейших времен до 1110/1699 года.

Многие рукописные книги, указанные в сочинениях, не дошли до нас, или пока еще не обнаружены, или дошли в сокращенной редакции. Поэтому все дошедшие до нас рукописные книги, где используются такого рода сочинения, имеют большую научную ценность.

Все вышеупомянутые рукописные книги содержат ценные сведения по истории древних тюрок, легендарной генеалогии тюрок, о тюркских племенах Китая, о тюркских племенах Мавераннахра, о тюркских правителях, описание городов Туркестана, истории взаимоотношений Сасанидов и Тюркского каганата в VI – начале VII века.

Арабоязычные письменные источники раннего средневе-ковья описывают расселение таких тюркоязычных племен, как тюргеши, тогузгузы, тухси, ягма, карлуки, бажанаки, халажди, гуззы, чигил, кимаки, кипчаки и другие. Сочинение «Китаб-и футух» («Книга о завоеваниях»), одно из ценных источников по истории арабских завоеваний в VII-IX веках. Здесь содержатся описания походов арабов против тюркских племен.

К середине XIII в. образовалась могущественная империя Чингизидов, простиравшаяся от Амура и Желтого моря на востоке до Дуная и Евфрата на западе. Завоевания Чингиз-хана и установление им нового мирового порядка потрясли воображение современников и последующие поколения. Появилось множество сочинений на различных языках описывающие данные события.

«Джами' ат-таварих» является наиболее ценным письменным источником для изучения истории тюркских племен. Во втором разделе первого тома содержатся ценные сведения о тюркских племенах: джалаир, суннит, татар, меркит, курлаут, таргут, ойрат, баргут, кори и тулас, тумат, булагачин и керемучин, урасут, теленгут и куштеми, лесные урянкаты, куркан, сакаит.

Рашид ад-Дин о них пишет, что это тюркские племена, которых в настоящее время называют монголами, «вследствие же их (монголов) могущества другие племена в этих областях также стали известны под их именем, так что большую часть тюрков [теперь] называют монголами. Подобно тому, как перед этим татары стали победителями, то и всех [других] стали называть татарами».

В четвертом разделе первого тома содержатся ценные сведения о тюркских племенах, прозвание которых было монголы. Рашид ад-Дин подробно останавливается на тюрко-монгольских племенах дарлекин (урянкат, кунгират, уряут, хушин, сулдус, илдуркин, баяут, кингит) и тюркских племенах нирун (катакин, салджиут, тайджиут, хартакан и сиджиут, чинас, нуякин, урут и мангут, дурбан, 34арин, барулас, хадаркин, джуръят, будат, дуклат, йисут, сукан, кунгият).

В сочинении Шараф ад-Дина Али Йазди (умер в 1454 г.) «Зафар-наме» («Книга о победах») приводятся многочисленные сведения о тюркоязычных племенах Центральной Азии, упоминаются названия более 40 племён. В том числе и племя казак, с подразделами чотур казак и хазара казак.

Во многих письменных памятниках XVI-XVIII веков приводятся не только названия тех или иных тюркоязычных племен, населявших Центральную Азию и вошедших в состав казахов, но и указываются их численность и территории расселения.

Рукописные книги содержат интересные сведения о тюркских племенах, населявших Дешт-и Кипчак. Здесь перечисляются имена племен, образовавших в XV в. политический союз кочевых племен, а именно: буркут, джат, дурман, каанбайлы, карлук, кенегес, кият, конгурат, кошчи, кудагай, курлаут, мангыт, найман и другие. В сочинениях приводятся данные о составе левого и правого крыла войск кочевников. Основу левого крыла составляли племена буркут, дурман, ийджан, кенегес, кият, конгурат, кошчи, курлаут, масит, тубайи, ушун, а правого – каанбайлы, кудагай, мангыт, мулудж, найман, уйгур и чимбай.

Для исследования истории Казахстана периода средневековья, рукописные книги, написанные на арабском, персидском и чагатайском языках, являются основными письменными источниками. В связи с этим разработка арабографических источников по истории Казахстана была и продолжает оставаться приоритетной задачей.

По письменным источникам можно проследить, какие народы и народности проживали на территории Дашт-и Кипчака, какие государства появлялись и исчезали, и какой след в языках местного населения оставляли кочевые и оседлые народы. Сохранившиеся, в письменных источниках,

тюркские термины свидетельствуют о том, что часть тюркских племен занимались кочевым и полукочевым скотоводством, другая часть с древнейших времен занималась земледелием и садоводством.

Материалы письменных источников помогут воссоздать цельную картину этнического состава, его компонентов, процесса этногенеза, формирование казахского народа и его многовековой этнической истории. При этом надо помнить, что историю одного народа трудно искусственно отделить от истории других народов Центральной Азии.

Мы отметили лишь некоторые из многочисленных письменных памятников, хранящихся в рукописном фонде Института востоковедения им. Абу Райхана Бируни Академии наук Республики Узбекистан. Но уже из приведенных примеров видно, что изучение арабографических источников позволит историкам Казахстана получить бесценный фактический материал. В будущем, все выявленные сведения из рукописных книг, конечно должны подвергнуться источниковедческому анализу, чтобы избежать необоснованных выводов при написании древней и средневековой истории Казахстана, чтобы получить надежные научные результаты.

Ықтияр Палтөре
Философия докторы

ЕГИПЕТ ПЕН ТҮРКИЯДАҒЫ ҒЫЛЫМИ ІССАПАРДЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

Ұлттық тарихты зерделеуге қатысты ҚР Мемлекеттік хатшысы М. Тәжиннің тапсырмасын жүзеге асыру мақсатында 2013 жылдың 17 маусымы мен 17 шілдесі аралығында Түркия Республикасы (Ыстамбул қ.) және Египет Араб Республикасына (Каир қ.) ғылыми іссапармен барып қайттым.

Ғылыми іссапардың мақсаты Түркия Республикасындағы (Ыстамбул қ.) және Египет Араб Республикасындағы (Каир қ.) мұрағат қорлары мен кітапханаларындағы Қазақ халқының тарихына, мәдениеті мен тұлғаларына қатысты материалдарды, құжаттар мен деректерді анықтау болатын.

Ғылыми іссапардың алғашқы бөлімінде (17.06.1213-21.06.2013 аралығы) Қазақстан тарихына қатысты мұрағаттық құжаттарды, қолжазбалар мен баспа басылымдарды анықтау жұмысы Ыстамбулдағы İSAM-да (İslam Araştarmaları Merkezi, яғни Ислам зерттеулері орталығының кітапханасында) жүргізілді.

Осы кітапханада сақталған құжаттар мен кітаптар қорымен танысу барысында «Түркістан» атауымен басталатын 273 тарта еңбектің бар екендігі айқындалды.

Сонымен қатар 39 кітап анықталып, оның 21-нің көшірмесі, кейбірінің pdf форматтағы электронды нұсқасы сатып алынды. Бұлардың ішінде қазақ елінің тарихына қатысты құнды, әрі тың мағлұматтар бар.

Ғылыми іссапардың екінші бөлімі (22.06.1213-02.07.2013 аралығы) Египет Араб Республикасындағы (Каир қ.) мұрағат қорлары мен кітапханаларында өтті**.**

Араб елдері Лигасы ұйымына қарасты Араб қолжазбалары институтында кездесу болды.

Араб қолжазбалар институтынан осы іссапар барысында 330 метр, бұған дейін әзірленген 1200 метр микрофильм алынды. Бұл микрофильмдерде Әбу Насыр әл Фарабидің «Рисаләтун фис сәғада», «Рисалатун фил маhия уал hауия» сияқты т.б. шығармаларының көшірмесі, сондай-ақ мәмлүктер кезеңіндегі тарихи оқиғаларды баяндайтын және де Орта Азияның (оның ішінде бүгінгі Қазақстанның) жағрафиясына, жер қыртыстарына, елді-мекендер мен өзен-көлдердің хал-ақуалына қатысты көптеген құнды қолжазбалар бар.

Алынған микрофильмдер ҚР Орталық мемлекеттік мұрағатына жеткізілді.

Египеттегі іссапардың алғашқы күні түстен кейін «Дарул Кутуб әл-Мысрияда» (Мысырдағы кітаптар үйінде) жалғасты.

Зерттеу барысында бұл кітапханада Қазақ елінің тарихына қатысы бар Араб тілінде жазылған 10-ға тарта еңбектің көшірмелері әкелінді.

Мұнан басқа да 20-дан аса араб тілінде тарих саласында жазылған еңбектердің pdf форматтағы электронды нұсқасын алып келудің мүмкіндігі туды.

Ғылыми іссапардың соңғы бөлімі (03.07.1213-17.06.2013 аралығы) Түркияның Ыстамбул қаласында жалғасты.

Түркияның Мәдениет және туризм министрлігіне қарасты Сулеймания қолжазба кітапханасында басталды.

Сүлеймания қолжазба кітапханасынан 20 кітап айқындалды. Олардың көпшілігі араб қаріптерімен османлы тілінде жазылған қолжазба еңбектер. Олар жалпы түркі тарихы жайындағы еңбектер болғандықтан, қазақ халқының тарихына қатысты көптеген тың мағлұматтар кездеседі дей аламыз.

Осы Сүлеймания қолжазба кітапханасында әл-Фараби, әт-Тарази, әс-Сығнақи сияқты т.б. атауларымен кездесетін ұлы тұлғаларымыздың түрлі салада жазған ғылыми еңбектері де бар екендігін еске саламыз.

Османлы мұрағатынан 17 құжат табылды. Бұл құжаттарда Қазақ хандығы мен Османлы падишахтары арасындағы қатынастар, сол кездегі әлеуметтік жағдай, Османлы падишахтарының Ресеймен қарым-қатынасы жайында кейбір мағлұматтар беріледі. Сондай-ақ Түркияның Топкапы сарайы музейінде сақталған Алтын Орда, Қырым және Түркістан хандарына тән құжаттар мен хаттар жайында жинақтың 1940 жылы жарық көрген Ақдеш Нығмет Курат мырзаның әзірлеген еңбегінің көшірмесінің алынуы да бізге тың тарихи мағлұматтар беретіні ақиқат.

Мұнан басқа ғылыми іссапар барысында Түркиялық жеке тұлғалармен де кездесулер болды. Мысалы, Ахат Андижан атты азаматтан М.Шоқайға қатысты өзінің жеке қорында сақтап отырған, фотосуреттердің, құжаттар мен қолжазбалардың түпнұсқаларын алу жайында келіссөздер жасалып, ҚР ММҚ беретіндігі жайында қолхат алынды.

Осман батырмен бірге жүріп Шығыс Түркістанда тәуелсіздік жолында күрескен Нұрқожа батырдың ұлы Қажыхан Бахадүр мырзамен кездесіп, ол кісінің әкесінің басынан өткергендері жайында жазылған естелік қолжазба кітапты ҚР Мемлекеттік мұрағат қорына өткізуге қарсы еместігін айғақтайтын қолхат жазып алынды.

Египеттегі ғылыми іссапар барысында Сұлтан Бейбарыстың бес томнан тұратын араб тіліндегі өмірбаянын қазақ және орыс тілдеріне аударуға байланысты келісім шартқа қол жеткізілді.

Тараз қаласының тумасы Насрулла ат-Таразиге қатысты кейбір құжаттар мен үнтаспаларды алуға қатысты келіссөз жасалып, нәтижесінде түрік, парсы, өзбек, араб, ағылшын тілдеріндегі жалпы саны 35-ке тарта үнтаспа және 50 құжаттың көшірме, кейбірінің түпнұсқа үлгілері ҚР ОММ қорына жеткізілді.

Аталған ғылыми іссапар барысында анықталған құжаттар, қолжазбалар, баспа басылымдары Қазақстан Республикасының Ұлттық мұрағат қорын толықтыра отырып, Ұлттық тарихымызды зерделеуде құнды дереккөз болатынына сенімізміз мол.

ШЫҒЫС МҰРАҒАТЫ

Әбсаттар қажы Дербісәлі
ҚР Білім және ғылым министрлігі Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының директоры, филология ғылымдарының докторы, профессор

ОРТА ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ЖЕНД ЖӘНЕ ЖЕНДТІК ҒАЛЫМДАР

Женд – Сырдарияның төменгі ағысындағы көне қала. Ортағасырлық Ислам географтары Қазақстанның Сырдария төңірегіндегі үш қалада оғыздар өмір сүргені айтады. Олар Жаңакент, Хуваре және Женд.

Женд Хорезмнен он күндік қашықтықта яғни бүгінгі Қызылорда қаласының маңында болатын. Ал Хуваре туралы мағлұмат жоқ. Бұл шаһарды қашан және кімдердің тұрғызғандығы, онда кімдердің күн кешкендіктері жайлы да деректер ұшыраспайды.

Алайда, В.В.Бартольд ішкі Азия жазығындағы саудасы дамыған бұл қалаларда Х ғасырда мұсылмандардың өмір сүргендігін айтады.

Араб шежірелерінен Қазақстан мен Орта Азиядағы түркі қалалары мен қоныстарының зиялылары жайында жазба деректер қалдырғандар бар. Солардың ішінде Йақұт әл-Хамауи ар-Румидің (1179-1229) жөні бөлек. Ол өзі аралап көрген түркі тілдес мекендер түгілі өзен, су, тау, тас, көл аттарының да дұрыс айтылып, жазылуына мән берген.

Йақұт ар-Руми Женд шаһарына арнайы тоқталып, біршама қызықты мағлұмат келтірген. «Женд (Женд) дейді ол, - Түркістан еліндегі үлкен қала (мадина азима). Женд пен Хорезм арасы он күндік жер. Женд – Мауаранаһрдегі түркілер еліндегі Сейхун өзеніне жақын жатыр (қариб мин наһр Сайхун). Халқы мұсылмандар. Әбу Ханифа мазһабын ұстанады»[1].

Ал Қазақ Совет энциклопедясында:

«Жент, Женд, Дженд – орта ғасырда Сырдарияның төменгі бойында болған қала. Сол кездегі авторлардың айтуынша, Женд Х ғасырда түрік-оғыздарға қарады. XI ғасырдан Моңғол щапқыншылығына дейін Женд Сырдария бойындағы басты қала болды. Мұнда беделді мұсылман билеушілері тұрған. «Жаһаннаме» шығармасына қарағанда XII ғасырда Арал теңізі «Женд» теңізі деп аталған. Бұл өз кезеңінде Женд қаласының маңызы зор болғанын көрсетеді. XIII ғасырдың II жартысында қалаға атақты ғалым Жамал Қарши келген. Ол Моңғол шапқыншылығынан кейін, бұрынғы гүлденген құрылыс үйлері мен мешіттері көп үлкен қаланың орнынан шағын қыстақты көрген. В.В.Бартольдтің пікірінше, Женд Хиуа мен Бұхара аралығынан өтетін ескі керуен жолы бойындағы Тұмарөткел сайына орналасқан Қышқаланың қираған орны болса керек»[2].

Женд – орта ғасырлардағы Хорезм мемлекетінің тарихында жиірек аталады. Өйткені мемлекеттік шекараның қауіпсіздігін көздеген Хорезм шаһтары қазақтың Сыр бойын мекендеген қаңлы, қыпшақ және т.б. тайпаларымен бейбіт қарым-қатынаста болуға тырысқан. Жатжұрттық басқыншыларға оп-оңай бас ие қоймайтын Сыр елінің баһадурларын олар бірде найзаның ұшымен, бірде білектің күшімен өз ықпалында ұстаса, енді бірде сый-сияпат көрсетіп, олармен одақ құрып, ортақ жауға бірге аттанатын. Сол Сыр елінің рухани орталықтарының бірі ретінде Женд қаласының сол жерге қатысты жазба деректерінен көріне беретіні де сондықтан.

Женд – арнасын жиі өзгертіп отырған Сырдария мен оның сулы да нулы орман, аспалы көпірлермен жабдықталған, қамалмен қоршалған шаһирстаны, теріскей жағынан кіші қорғанмен қоршалған, жан-жаққа таралатын күре тамырлы көшелері бар рабаты болған. Орталық алаңда хан мен сұлтандардың жарлықтары жарияланып тұратын. Қалада мешіт-медреселер, керуен-сарайлар да болған. Сырдан тартылған бас арық шаһардың шығысынан кіретін де, оны қақ жара өтіп оңтүстік батысқа бет түзейтін. Қала егістігі, мәуелі бақтар қорған сыртына еді.

Женд өзін жеміс-жидекпен, азық-түлікпен толық қамтамасыз еткен. Алыстан ат арытып, жол азабын көрген керуен Жендке иек артқанда, жаннат бағына жеткендей күй кешетін. Ақындар мен ғалымдар, жезтаңдай әншілер мен мың бұралған бишілер бас арық бойындағы шүңетті-әуезді баққа жиналып өнер жарысына түсіп жататын.

Женд X ғ. Оғыз хандығына салық төлейтін. Бірақ халқы көбейген соң Субаши Селжук бин Дукак өз отбасымен, сондай-ақ мал-жандарымен Жендке қосылған. Сол жерде исламды қабылдаған. Сөйтіп ол Оғыздарға салық төлеуден құтылған.

Женд басқа да қалалармен біріге отырып исламды қабылдамағандарға жиһад жариялап, үлкен абыройға ие болып әл-Малику-л Ғази деген атаққа ие болған. Селжуктің баласы Туғрул және Чағридің әкесі Микаил сондай жиһадтарда шәһид болған. Селжук 100 жылдан астам өмір сүріп Жендте қайтыс болады. Селжуктер аталарының өлімінен кейін Қарахандықтармен Әбу-л Фауарис шаһ Малик бин Әли әл-Бараның бұйрығымен Жендтен айрылып Бұхара және Самарқанд арасындағы Нұр ауылында жерленеді. Женд қаласынан айырған Селжуктердің дұшпаны Әбу-л Фауарис шаһ Малик еді.

Шаһ Малик тарихшылардың айтуынша Оғыз патшасы Әлиханның баласы болып Газнели Сұлтан Масғуд, Қарахандықтарға және Хорезмнің қатігез хандарына қарсы келісім жасаған. Шаһ Малик [hижраның] 429//1039 жылы Сұлтан Масғудты Хорезм жеріне басшы етіп тағайындап, Хорезм Алтынтастың баласы Исмаилды ол жерден қуып шыққан. Исмаил Селжуктерден көмек сұрауға мәжбүр болады. Жәрдемге келген Чағрыны да жеңген шаһ Малик одан кейін Туғрыл жағынан шабуылға ұшырады және Газнуилерден пана сұрау үшін Дағыстаннан өтіп, Мекранға қашты. Шаһ Малик 1042-43 өлтірілді.

Селжуктер соңыра Жендтен бөлініп Иран және батыс аймаққа қарай жерлерін кеңейте түсіп қыпшақтардың қолына өтті. Бірақ Женд мемлекеттің басталуы және орталығы және негізі болған қасиетті деп есептелген. Селжуктер қаланы ешқашан ұмытқан емес. Сондай-ақ Сұлтан Алыпарслан 1065 ж. Хорезм мен Маңғыстау жорығында сол отбасыға аты берілген Селжуктің қабіріне зиярат ету үшін Жендке дейін келген. Жендтің әкімі оны қошеметтеп, оған мойын ұсынатындығын білдіреді. Сұлтан да оны орнынан алған жоқ. Сұлтан Санжар да жиһад және ғазауат майданы болған Жендті уақытында басқарып, Аббасиларға жіберген бір хатында Женд аймағында бірнеше кәпірді қылыштан өткізгендігімен сүйіншілеген. Сұлтан Атсыз дәуірінде (1128-1156) Женд Хорезм шаһтардың қарамағында болып, сол уақытта да Орта Сырдария жағалауы және Маңғыстау түбегімен бірге мұсылман болмаған қыпшақтарға қарсы жасалған соғыстардың орталығы болған.

Хорезм шаһтары өз мемлекетінің солтүстік шығыс жағындағы қиыр шегіне орналасқан және көне Жібек жолының үстіндегі Женд, Баршынкент қалаларына үлкен мән беріп, оларды әрдайым ықпалынан шығармауға тырысқаны жайдан-жай емес. Бәлкім, сондықтан да болар, мұнда керуендер көбірек келіп, тауарларын қойдай тоғытып жататын.

Хорезм шаһ Атсыздың 1138 жылы бас көтеру себебімен Сұлтан Санжар Хорезмге жорыққа шығар кезде Атсызды мұсылман өлкелерінің басшылары болған және кәпірлерге қарсы соғысқан әскерлерді жоқ ету және Женд пен Мағыстауда қан төгуге себеп болған кісі деп айыптады. Атсыз 1138 ж. болған соғыста Санжарға көмек етпей, соғыс майданынан қашып кетеді. 1143 ж. ол екі рет бас көтерсе де оңды болмады және соңында соған мойынұсынып үкім жүргізуді қабылдады. Дүниенің анасы және кіші ислам қалаларының үлкені аталған Жендті [hижраның] 540//1045 жылы раби әл-ахир айында қайта басып алды, бірақ Санжардың 1147 ж. жорығынан кейін қала Хорезм шаһ қолынан шығып Селжуктарға өткен.

Атсыз 1152 ж. Арсланхан Мұхаммедтің немересі Камал ад-дин Атсыз үлкен әскерімен келе жатқанын білген соң қашып кетеді. Атсыз түрлі уәделер беріп, оны қайтарып қамауға алды. Сөйтіп Камал ад-дин түрмеде қайтыс болды. Атсыз қайта қолына алған Жендке кейін ханзада болған баласы Ел-Арсланнан Ала ад-дин Текеш келді. Атсыз 1133-1152 ж. жорықтарынан кейін [hижраның] 591 ж. (1195) Ала ад-дин Текеш 1209 ж. Ала ад-дин Мұхаммед қыпшақтарға қарсы соғыстарда осы жерді майдан алаңы етті.

Женд сөйтіп осындай түрлі жаугершіліктер мен соғыстарды бастан кешкен.

Женд қана емес, сондай-ақ Баршынкент те Хорезмнің вассалы ғана емес, сонымен қатар үлкен әскери одақтасы да еді. Өйткені Хорезмді билеген Текеш Сыр елі әміршілерінің бірі Жанкісінің қызы Тұрхан хатынға үйленген соң Хорезм уалайатында қаңлы, қыпшақтардың рөлі күшейе бастайды. Текеш қайтыс болған соң үкімет билігі оның Тұрханнан туған ұлы Джалал ад-динге тиген кезде, адуынды да өткір, алымды да шалымды Тұрхан хатын мемлекет істеріне көп араласқан. Ортағасырлық тарихшы Хафиз-и Таныш Бұхари

(1549–?) «Шараф нама-ий шаһи», («Шаһ даңқы жайлы кітап») атты еңбегінде осы туралы: «Сұлтан Джалал ад-диннің шешесі Қаңлы тайпасынан шыққан Тұрхан хатын осы бір пілте шамның (Джалал ад-диннің) жалыны еді»[3] дейді. Міне осы Тұрханның арқасында бірте-бірте қаңлы, қыпшақтан шыққан баһадурлар үлкен мансапқа ие бола бастаған. Хорезм әскерінің құрамында қаңлы, қыпшақ қосындары аз болмаған. Сондықтан Тұрханның қалауымен оның төркінен шыққандар Сыр бойының қалалары мен қоныстарына ғана емес, сонымен қатар Хорезм шаһына қараған өзге де жерлерге билік жүргізе бастаған.

Жендті 1120 жылы Шыңғысхан басып алды. Хорезмшаһтың Жаңакент және Жендтегі әкімі Құтлығ хан моңғолдарға қарсылық көрсете алмады. Шыңғысханның сенімді жақтастарынан Әлиқожа Жендке әкім болып, өмірінің соңына дейін сол қызметте қалды. Шыңғысханның үлкен баласы Жошы да Үргеніш жорығында Женд майдан алаңы етілді. Женд Моңғолдың ұлы хандары 1206-1370 ж. және Шағатайлар тұсында 1227-1370 жылдары орташа қала ретінде өмір сүрді.

XIV ғасырдан кейін Женд жайлы мағлұмат кездеспейді. Арал теңізі көбінесе Женд көлі деп аталатын. Селжуктің мазары сол жерде болғандықтан Селжуктар оны қасиетті қала десе, Йақұт әл-Хамауи ар-Руми жоғарыда айтылғандай «Женд VII- XIII-ші ғасырларда өмір сүрген шаһар, онда сүннит ханафилер өмір сүрген»[4] деп жазған. Жендте өмір сүрген атақты кісілер арасында ғұлама Замахшарилердің шәкірті қазы және ақын Йақуб ибн Ширин әл-Женди, Әбу Насыр Ахмед ибн Фадл ибн Мұса әл-Женди және «Нафхату-р рух және тухфату-л футухтың» авторы Муин ад-дин әл-Женди және халықтың сүйіктісі болған Камал ад-дин әл-Хорезми Жендте қайтыс болған соң, 1273 жылы сонда жерленген.

Қазақ ғалымдары Жендті Қазалы маңында еді деп есептейді. Сол себепті «бір топ ғалым 2010 жылы Қазалы ауданында жатқан шаһар орнына зерттеу жүргізді. Осы шара барысында олар үлкен олжаға кезікті. Көне шаһардан құмыра тапты.

Құмыраның көлемі де үлкен. Ұзындығы бір метрге жуықтайды. Ернеуінің кеңдігі 60 сантиметрді шамалайды. Түбінің көлемі 30 сантиметр. Ернеуінің жоғары жағында мөр тәрізді таңбалар байқалады.

Жанкент қаласының тарихы тым әріде. Көне шаһар IX-XV ғасырларда өмір сүрген, Еуропа мен Азия арасын жалғаған Ұлы Жібек жолының бойында қоныс тепкен. Қалада ислам мәдениеті өркендеген. Ескі қала ғалымдардың қызығушылығын туғызып келеді. Әлкей Марғұлан атындағы археология институтының мамандары Жанкент қаласына жоспарлы түрде қазба жұмыстарын бастап кетті. Олар алғашқы жұмыс сәтінде осындай құнды қазынаға кезігіп отыр. Ғалымдар құмырамен бірге, өзге де қыштан құйылған дүниелерді тапты[5].

Ибн әл-Асир деген атпен мәлімірек Әбу-л Хасан Әли ибн Әби-л Карам Асир ад-дин Мұхаммед аш-Шайбани әл-Джазари (1160-1233) «әл-Лубаб фи тахзиб әл-ансаб» атты шығармасында ортағасырларда Оңтүстік Қазақстандағы Арысбаникас (Усбаникас), Исфиджаб, Фараб, Будухкас, Баласағұн, Шауғар, Шалдж, Сунақ, Тараз, Уасиджден шыққан даналармен қатар Сыр бойындағы

Женд пен одан шыққан жендилер жөнінде де аз да болса мәнді де маңызды мағлұматтар қалды.

«Әл-Женди» – деп жазады Ибн әл-Асир, – бұл нисба бірнеше елдерге қатысты. Солардың ішінде «Женд» атты шағын қала (балда) да бар. Ол Сейхун жақта, түріктер шекарасында. Одан бір топ ғалымдар шыққан, олардың арасында қазы Йағқұб ибн Шырын әл-Женди де бар. Ол ғұлама ғалым еді. Тамаша өлеңдер жазған. Хорезмге [hижраның] 548 ж. (1153-1154) келген. Женд түркімен руына (таиф) байланысты атау. Олардан Әбу-л Фадл Ахмед ибн әл-Фадл ибн Мұса әл-Мұзаккир әл-Женди шыққан. Ол Әбу Бәкр ибн Әби Исхақ әл-Калабазиге ілесе жүріп хадистер жазып жүрген»[6] дейді.

Міне осы Жендтен сөйтіп бірқатар даналар шыққан. Қираған, құм басқан шаhарлар сияқты оның ғалымдарының еңбектері де дүние жүзіне шашырап кеткен. Солардың алғашқыларының бірі – Түрк-и Женди.

1. ТҮРК-И ЖЕНДИ (ҚОЖА ЖЕНДИ).

Түрк-и Женди («Жендтік түркі (Сырдарияның төменгі жағындағы Женд өлкесінен шыққан)») немесе Қожа Женди Бұхараның әйгілі сопысы Әбу Бәкір әл-Қалабазидің (990 немесе 995 ж.қ.б.) ізбасары, мүриді. Оның Бұхараның жергілікті тұрғындары арасындағы қарапайым аты – имам шейх Ахмед ибн Фадл Әбу Насыр әл-Женди (X ғ.). Әбу Насыр әл-Женди Бұхарада өмір сүрді, сол жерде қайтыс болған соң, қаланың оңтүстігіндегі қала құрылыстары арасындағы қабырстанға жерленген. Қабырстанмен іргелес махалла оның атымен Түрк-и Женди деп аталған. Жұрттың айтуынша шейх (әулие), ал халық оның қабыріне де тоқтап құрмет көрсетуге асығатын.

Түрк-и Жендидің күмбезі Бұхараның оңтүстік шетінде. Ол VIII (?)-X ғасырларда *рабад* немесе *шахри бирун* (парсы-тәжік тілдерінде «сыртқы қала»), ал XVI ғ. «*хисар-и нау*» немесе *«хисар-и жадид»* (парсы-тәжік тілдерінде «жаңа қала») аталған. Түрк-и Жендидің кесенесі халық тығыз орналасқан тұрғын үйлер арасындағы кішігірім ғимарат (4,25х4, 25 м.), ол күйдірілген қыштан тұрғызылып, саз балшықтан әспеттеліп безендірілген. XI ғ. басында саманидтер (875-999) әулетінің құлауына байланысты Бұхара астана мәртебесінен айырылды да қаланың шеткі тұрғын аймағы кішірейе бастады. Осы кездері бос қалған үйлер орнына яғни Түрк-и Женди мазарының айналасына алғаш рет мәйіттер жерленіп, қабырлер пайда болды, сөйтіп қабырыстан кеңейе бастады.

XIII-XIV ғғ. Күмбез жанына жанамалай зиратхана салынды, онда қасиетті құдық болды. XVI ғ. біздің заманымызға дін аман жеткен сәулетті ғимарат ансамблі қайта салынды, оның монументальды хасбеті – кіре берісі қала шетіне шығаратын Намазгах қақпасына (XI ғ. Ибраhим қақпасы деп аталған) жетелейтін даңғыл жолға қараған. Хасбеттің жан-жағы кішігірім аулаға шығатын хұжралар. Ауланың қарама-қарсысында көне кесене мен зиаратханадан биік етіп салынған екі бөлмелі ғимарат бар. Босаға есігіне жөндеу кезінің бірінде, оның қай уақытта жасалғаны туралы және 1228/1813 ж. ғимараттың жөндеу жұмысы мен құрылыстың мақсатын білдіретін термин (саума а-сопылар қонысы, син.: *ханака, зауира, текие, (такийа)* ойып жазылған.

XX ғасырдың бас кезінде қорымның көлемі 1-гектар жерді қамтыды. Уақыт өте XX ғасырдың үшінші жартысында (Бұхара ішіндегі көне мазарларға жерлеуге тиым

салынған кезде) қорым ақырындап мазардың жақындығына байланысты кеңейе 8-метрге жетті. (Жерлеу 10-қатар болған). ХХ ғасырдың 70-жылдары ол алынып тасталды.

ХХ ғасырдың екінші жартысында кесененің кейбір көнерген тұстары қайта жөндеуден өткізілді. Он жылдан аса уақыт бұрын ауладағы мәйіт қойылатын шұңқыр *(туг)* жаңғыртылды. Кесененің көрханасына іргетас деңгейіндегі көне кесене қалдықтары мен мәйіттер тазартылып, ол жерге Түрк-и Жендидің сағанасы мен мәйіт қойылатын үңгір *туг* орнатылды. Ғибадатхана пердемен жабылған[7].

Әбу Саъд Абд әл-Карим ас-Самани Женди деген атауға екі рет тоқталған. Әуелі ол «бұл сөздің аталмыш қаланың (балад) атауы» екенін айтумен қатар, осы шаһардан Йағқұб әл-Женди шыққан», – дейді. Ал екіншісінде «әл-Женди (деген сөз) Жендтік түркімендерге (түркілерге) ұқсас тайпа нисбасына қатысты», - дейді. Әбу Саъд әйгілі тайпаның Бұхараның әл-Қарийа әл-джадида ауданына (нахийа) қоныстанғанын, ал Түрк-и Женди аталған Әбу Насыр Ахмед ибн Фадл ибн Мұса әл-Мұзаккар әл-Жендидің осы тайпадан шыққанына тоқталады[8].

Сонымен Женд перзентінің өз аты Әбу Насыр Ахмед. Әкесі Фадл. Бабасы Мұса. Оның өте шешен, білімді Бұхаралық Әбу Бәкр ибн Исхақ әл-Калабазимен сұхбаттас болғанын байқадық. Ол қасиетті Құранға түсіндірме жасаушылардан тағлым алып, хадистер де жазып алған. Әбу Саъд Әбу Насыр әл-Женди жайлы осындай деректерді өзіне сол кездегі озық ойлы Бұхара ғұламаларының бірі, хадистанушы, Әбу Ханифа мазһабы бойынша шариғатшы, тарихшы, филолог, «Әл-Мудахат уа-л мудафат фи-л асма уа-л ансаб» - «Есімдер мен нисбаларға түзетулер мен қосымшалар» атты еңбектің авторы Әбу Камил Ахмед ибн Мұхаммед әл-Бусайри әл-Анбардувани әл-Бұхаридің (?-1057) айтып бергеніне ризашылық білдірген.

2. ГИЙАС АД-ДИН ӘБУ-Л МАДЖИД ӘЛ-ЖЕНДИ.

Сөйтіп, моңғол шапқыншылығына дейін Хорезм өлкесі ғана емес, сонымен қатар оның солтүстігінде жатқан Сыр елінде де мәдени-рухани өмір әжептеуір дамыған-ды. Ибн әл-Фуати ныспысымен белгілі ортағасырлық оқымысты өзінің бір еңбегінде Сыр елінің бас қаласы Жендте ғұмыр кешкен ақындардан Женди атты шайырдың атын атап, оның бір топ өлеңдерін келтірген.

Жерлесіміздің толық аты-жөні – Гийас ад-дин Әбу-л Маджд Мұхаммед ибн әл-Хасан ибн Ибраһим. Таратып айтсақ, өз аты – Гийас ад-дин Әбу-л Маджид Мұхаммед, әкесінің ныспысы – әл-Хасан. Бабасының аты – Ибраһим. Ақын алғашқы білімін Жендте алған. Сонан соң Хорезм өлкесінің бас шаһары Үргеніште (Джурджанда) білімін молықтырған. Әдебиет пен тарих, тіл мен фиқһ секілді ғылым салаларына тереңдей бойлаған Гийас ад-дин соңынан туған қаласына қайтып оралып, ғұмырын сонда өткізген.

Ибн әл-Фуати оны «тамаша ақындардың бірі еді, өлеңдері де ғажайып» дей келе, газал жанрына жататын жыр жолдарын келтірген:

Ынтықтық – ақыл-естен айырылғандардың кез-келгені
ұшырайтын ауру.
Махаббат – қайнары оның тым тәтті,

Махаббат – қайнары оның тым ащы.
Басы уайым, соңы құштарлық оның
Құпиясы оның ішіңді өртейді,
Айқындылығы жаныңды жабырқатады.
Eh, махаббат қайғысын көтере алсамшы,
Өйткені оның жолын қуушылардың машахатын білем.
Оның самалымен рахаттана отырып.
Жұпар иісінің әсерімен жазылып та кетер ме ем[9].

Гийас ад-дин кәдімгі ақындардан гөрі оқымысты ақындар санатына жақын секілді. Өйткені ол махаббатты жырлағанда жанын жегідей жеп, сезіміне әсер етіп, көңіл құсын шарықтатып, жүрегін әлем тапырық еткен ыстық сезімді, өз көңіл күйін емес, өзінің махаббат жайлы байқағаны мен көңілге түйгенін ғана жыр жолдарына түсірген деуге болады.

3. МАЗХАР АД-ДИН ӘБУ САИД МҰХАММЕД БИН АБД ӘЛ-АЗИЗ БИН АБД ӘЛ-МУМИН ӘЛ-ХАЛАФИ ӘЛ-ДЖАНДИ.

Өз аты Мазхар ад-дин Әбу Саид Мұхаммед. Әкесі Абд әл-Азиз. Бабасы Абд әл-Мумин әл-Халафи. Қай жылы және қайда туылғаны жайлы мағлұмат жоқ. Біз оны XI-XII ғасырда өмір сүрген деп шамалаймыз. Ибн әл-Фуати оны (фиқh маманы, көрнекті ғалым және пайымшыл кісі еді. Ол бірде өзінің ізбасарлары арасында: «Мен Мұхаммед ибн Мубуруктың: «Әлдеқалай түнде мен бір қыстаққа қондым. Түннің бір уағында қарным ашқан соң мешітке бет алдым. Азан шақырды. Сонан кейін имамдық етіп олармен бірге намаз оқыдым. Аяттардың бірінен төмендегіні оқыдым: «Уа-л аджинат аджнан уа-л хабазат хабзан уа-л саридат сардан фа-л адимат самнан, фа-т тағимат дайфан улаика лаhум аджрун азим» - «Қамыр илеп, нан жайып, нан турап, май жағып қонақтарға тамақ беріп жатқан әйелдер атымен ант етем. Оларға бұл үшін үлкен сыйлық бар» дегенін естідім» деп әңгімеледі. Біз намазды бітіргеннен кейін сағат өтпей жатып, жан-жақтан ас құйылған табақ ұсыныла бастады – депті» деп жазған.

Проф. Әшірбек Момынов, Ташкенттік дін қызметкері Дүрбек Рахымжановтан мүбарак кітапта осындай аяттың бар, жоқтығы жайлы сұрағанда ол, қасиетті Құранның Осман редакциясында мұндай аяттың жоқтығын айтыпты. Біз де сондай пікірдеміз.

4. ӘБУ АБДАЛЛА МУАЙЙАД АД-ДИН ИБН МАХМҰД ИБН САҒИД ӘЛ-ЖЕНДИ (1203-1292).

Оның өз аты Әбу Абдалла Муаййад ад-дин. Әкесі Махмұд. Бабасы Сағид. Әйтсе де кейбір деректерде ойшылдың азан шақырылып қойылған Әбу Абдалла есімі атала бермейді. Ол моңғол шапқыншылығынан кейін, яғни 1203 жылы Жендте дүниеге келген. Алғашқы білімді туған жерінде алған Әбу Абдалла бірте-бірте сопылық ілімге ден қояды.

Жend перзенті туралы жазба мағлұматтар көп емес. Ол хақында Умар Рида Каххала «Муғжам әл-муаллафииінінде» бірер жолдық дерек келтірген. Өз жазбаларын: «Муаийад ад-дин, сопы (?–691/1292)» деп бастаған Умар Рида әрі қарай оның аты-жөнін «Муаийад ад-дин бин Махмұд бин Сағид бин Мұхаммед, сопы. Фадил (тамаша) кісі. Оның «Ламийа» (атты поэмасы бар).

Оны өзі үшін [hижраның] 691 жылы шығарған (да) «ад-Дурар әл-ғалийат фи шарх әл-хуруф әл-алийат» – «Сопылық жауhарлардың жұпар лебі туралы биік ләм әріпті түсіндірмелер» деп атаған»[10] десе, ал «Кашф аз-зунунның» авторы, ортағасырлық Осман тарихшысы Катиб Челеби деген атпен белгілі Маула Мұстафа бин Абдалла әл-Қустантини ар-Руми әл-Ханафи аш-шаhир би-Мулла Катиб әл-Челеби уа-л мағруф би-Хаджи Халифа (1608-1657): «Ламийа. (Оны) «Шейх Муаийад (ад-дин) бин Махмұд бин Сағид бин Мұхаммед сопы жазған. Еңбегін өзі үшін [hижраның] 691/1292 жылы туындатқан»[11] деп жоғарыдағы Умар Рида Каххала деректерін біршама қайталаған.

Ал Исмаиыл Паша әл-Бағдади (?–1920) «Һадийату-л арифиинінде» «Әл-Женди Муаийад бин Махмұд бин Сағид бин Мұхаммед әл-Хатами. Лақабы Муаийад ад-дин әл-Женди. Сопы, [hижраның] 691/291 жылынан кейін қайтыс болды. Ол «Ад-Дурар әл-ғалийа фи шарх әл-хуруф әл-алийа фи тасаууф» - «Сопылық жауhарлардың жұпар лебі туралы биік ләм әріптерлі түсіндірмелер» атты еңбек жазды»[12], - дейді.

Сонымен оның аты-жөнін жоғарыдағы жазбаларға қарап бір ізге түсірер болсақ лақабы Муаийад ад-дин. Өз аты Әбу Абдалла. Әкесі Махмұд. Бабасы Сағид. Арғы атасы Мұхаммед әл-Хатами.

Неміс шығыстанушы Карл Брокельман (1868-1956) «Араб әдебиетінің тарихында» бірақ оның туған жерін білдіретін Жендті «әл-Жанади»[13] деп қате көрсеткен.

Ол жайлы қалам тербеген Афлақи, Жами, Мағсұм Әли Шаh, Дикхуда секілді парсы тілді де авторлар бар. Бірақ атақты парсы ақыны Нұр ад-дин Абд ар-Рахман Жамиден (1414-1492) басқасының Әбу Абдалла жайлы дүниелері қолымызға түспеді.

Әбу Абдалла әл-Жендидің *«Нафхату-р рух уа тухфату-л футухынан» – «Рух лебі және сыйлықтың ашылуынан»* оның өмірінің сопылық жолды ұстанғаннан кейінгі кезеңіне қатысты кейбір мағлұматтарды кездестіруге болады.

Жендтік баба бұл дүниесінде сопылық ұстанымға ден қояр тұста дүниені тәрк етіп Жаратушыға бет бұруды ойлаған. Бірақ ұстаздары мен жақын туыстарының сопылық жолға түсуіне кедергі болғандарына таң қалған ол, таңдауды өзі жасауға бел буады. Сөйтіп алғаш естіген қасиетті Құран аятына сай әрекет жасауды ниет етіп мүбарак Құран оқылып жатқан ортаға келеді. Ол жерде ешбір нәрсенің Алладан, Оның елшісінен және Алла жолында күресуден маңызды емес екендігін түсіндіретін қасиетті Құранның «Тәубе» сүресінің 24 аятын тыңдап, терең ойға шомып, әсерленеді. Сопылыққа ден қоюына қарсылық білдірген ұстазы – әкесіне ертерек дүниеден өткен анасынан қалған мұраны қалдырады. Қалың мал ретінде жарына мыңдаған теңгелік алтын береді. Осылайша дүниені тәрк еткен ол Жаратушыға бет бұрып Женд шаhарынан шығындап шығып, қажылыққа аттанады. Түркияда «әулиелердің әулиесі», «кәміл адам» деп танылған Мухий ад-дин ибн әл-Арабидің (1165-1240) ізбасары Садр ад-дин Кунауидің (1210-1263) сұхбатына қатысып, оған он жыл қызмет етеді[14].

Әл-Женди Садр ад-динмен оның Кониядағы шағын мешітінде кездескен сияқты. Түрік ғұламасының қасында жүріп сопылық жолын тамамдап, ұстазы дүниеден озған соң 1274 жылы Бағдатқа барып Кунауидің ізбасары ретінде адамдарды тура жолға шақырумен шұғылданады. Бағдатта өзін мәһдимін деп жариялаған біреуге қарсылық білдіруі себепті бірқатар қиыншылықтарға душар болады[15]. Осы жерде ол Ибн әл-Арабидің *«Мауақиғ ан-нужум» - «Жұлдыздар мекені»* атты еңбегіне түсіндірме жазады. Кейін Бағдадтан Түркиядағы Синоп қаласына келеді. Ол *«Нафхату-р рух уа тухфату-л футух» – «Рух лебі және сыйлықтың ашылуы»* атты еңбегін парсы тілін білетін, әрі сопылыққа қызығушылық танытқан бір әйелдің өтініші бойынша жазған.

Исмайыл Паша әл-Бағдади (?–1920) Әбу Абдалланы [һижраның] 691 (1292) жылы қайтыс болды десе[16], Наджиб Майли Хирауи оның [һижраның] 700 (1301) жылдары дүниеден озғандығын[17] алға тартады.

Әбу Абдалла әл-Женди Андалусиялық (Испаниялық) атақты ғалым ибн әл-Арабидің сопылық жолына шынайы берілген еді. Оның *«Фусус әл-хикам» - «Кемеңгерлік меруерті»* атты еңбегіне алғашқылардың бірі болып түсіндірме жазған. Кейін *«Фусус әл-хикамға» - «Кемеңгерлік меруертіне»* түсіндірме жазған өзгелер (150-ден астам түсіндірмелер бар) оны өз еңбектеріне арқау еткен.

Ибн әл-Арабидің «Фусус әл-хикамын» – «Кемеңгерлік меруертін» көрнекті мемлекет қайраткері, халқымыздың тұңғыш тарихшысы, ақын, әдебиетші Мұхаммед Хайдар Дулати (1499-1551) де өзінің «Тарих-и рашидиинде»[18] атап кеткен.

Әбу Абдалла әл-Жендидің «Нафхату-р рух уа тухфату-л футухы» - «Рух лебі және сыйлықтың ашылуы» 1996 жылы Стамбұлда түрік тілінде (аударған Хайретдин Йылмаз) «Вуслат йолы» – «Қауышу жолы» деген атпен жарық көрді[19]. Кітап 181 беттен, әр беті 33 жолдан тұрады. 7-23 беттерінде Хайретдин Йылмаздың және шығарманы баспаға әзірлеуші Наджиб Майли Хирауи, сондай-ақ Әбу Абдалланың өзінің де өз алғысөзі берілген[20].

Женд перзентінің өзі не дейді? Әуелі соған үңілейік:

«Бисмиллаһир рахманир рахим.

Алланың сәлемі мен салауаты пайғамбарымыз Мұхаммедке (с.ғ.с.), оның асхабы мен таңдаулы құлдарына болсын.

Ұлылық, шүкірлік тек бүкіл жаратылыстың иесі Аллаға ғана тән.

Қолдарыңыздағы мына рисала, діни әрі қоғамдық маңызды мәселелерді қамтиды. Адам баласының материалдық, рухани һәм ақыреттік қажеттіліктері туралы сөз етеді. Кемелдікті іздеген жандар осы еңбектегі сөздер мен қағида негіздерін зерттеу арқылы Аса рахымды Алланың нәсібіне ие болады. Осылайша «құлақ естімеген, көз көрмеген, ешбір адамның ойына, жүрегіне кірмеген рухани» нығметтерге бөленеді. Бұл еңбек тек таңдаулы адамдар үшін ғана емес. Керісінше қарапайым халыққа арналған.

Ей досым!

Алла тағала іліміңді арттырсын. Құранда ілім жайында періштелерге: **«Мен сендердің білмегендеріңді жақсы білемін!»**[21], **«Мен сендерге көктер мен жердің құпиясын, сендердің де көрнеу, көмес істегендеріңді білемін деп айтпадым ба?»,**[22] - деді.

Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) «*Уа Алла тағалам! Ілімімді арттыра гөр!*» деген дұғасын қабыл етіп, **«Шын мәнінде Алладан басқа құлшылық етуге лайық ешбір тәңір жоқ»**[23] деген аяттан кейін оған (с.ғ.с.) илаһи нығмет пен ілім нәсіп етті.

Дәуіт пайғамбарға (ғ.с.) қалағанын үйретті[24]. Яғни оған (ғ.с.) мүлік пен пайғамбарлық сыйлады. Сүлеймен пайғамбарға (ғ.с.) құс тілі үйретілгендігін Құран аяттарынан[25] білеміз. Осы секілді Шұғайып (ғ.с.), Ибраһим (ғ.с.), Мұса (ғ.с.) пайғамбарларға да Алла тағала ілімді нәсіп етті. Періштелер Алла тағаланың шексіз іліміне мадақ етті.

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) «Ғалым болғандарыңыздың, құлшылық етуші адамнан артықшылығы, менің үмбетіме болған артықшылығым секілді» деген болатын. Мұндағы үндеу мен мақталған қай ілім? Ара жігін ажыратып алу керек. Себебі бірнеше адам өздерін ғұлама санап, пайғамбарлардың мұрагеріміз деп ойлайды. Алайда сөз етілген ілімді маңдай термен игеру мүмкін емес. Ол Алла тағаланың таңдаулы құлдарына нәсіп еткен ілімі.

«*Улуми Ахади уа Маариф сармади*» атты еңбекте ілімдердің сыныпталуына кеңінен тоқталғанбыз.

Әнбия мен әулие жандарға Алла тағала ілім нәсіп еткен болса да, олардың дәрежелері әр түрлі. Сондай-ақ, олардың қабілеттеріне қарай ілім берген.

Ол ілім мен қабілетке хатаму-л әнбия мен хатаму-л әулияның (хазіреті Мұхаммедтің (с.ғ.с.) ең жетілген мұрагерлерінің) жолымен қол жеткізуге болады.

Ал ол екі ұлы тұлғаның (пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) пен Мұхий ад-дин ибн Арабидің (құддиса сирруһу)) қолданған тілі – араб тілі. Ажам (парсы тілінде сөйлейтіндер) халқының іліммен айналысқандары көбінесе толық ақиқатқа қол жеткізе алмай қалуда. Сондықтан да Хақ тағала ұлы тұлғалардың мұра етіп қалдырған игі-амалдары мен жақсылығын ажам ілім ізденушілеріне жеткізу үшін осы рисала және басқа да еңбектерім арқылы нәсіп болды. «Хуласату-л Иршад уа иршаду-л хуласа» және «Иксирул калимат» атты т.б. еңбектерімнің барлығында хатаму-л әнбия мен хатаму-л әулияның (рухани нәр алған) үлесі бар. Бұл еңбекті де «Нафхатур-рух уа тухфату-л футух» деп атадық.

Еңбекті ұлы патшайым, әйел затының мақтанышы, ғасырымыздың Рабиясы, ұлы падишаһ шежіресінің мақтаныш қайнары, ислам мен мұсылмандардың шарттарына (Алла тағала оның әрбір жақсылығын арттырып, қорғауына алсын!) сый ретінде тарту еттім. Осылайша әулиенің мәртебесі мен мақамына жоғарылауын қаладым. Оның жаратылысы мен мінезінде пәктік сенім бар-ды.

Кейіннен тариқат жолындағылар т.б., осы әйел затының айналасына жиналды...

Оның адамдардың көңлін аулап, қорғауы мен кішіпейілдік мінезі туралы естігеннен кейін естігендерімді көзбен көрсем деп Синопқа бардым. Кездескенімде естігендерімнен де көбіне куә болдым.

Еңбектен қажетті ілімді алсын деген мақсатта осы еңбекті өзіне лайық көріп, сыйлауды жөн көрдім»[26] - деп жазады..

Ал, Хайретдин Йылмаз: «Һижри жетінші (милади XIII) ғасырды, қаншама қиыншылықтарға қарамастан ислам ілімі мен мәдениетінің өркендеген дәуірі деуге болады... Еңбек авторы [Әбу Абдалла әл-Женди] Мауараннаһр-Түркістан аймағында орасан зор қызмет атқарған. Сондай-ақ, түрлі себептерге байланысты «Рум аймағы» яғни Анатолияға қоныс аударып, сол жақта ағартушылық жұмыстар жасаған. Мәселен Маулананың Андалусиядан Анатолияға келуі, осы жерде ең мықты шәкірттердің тәрбиеленуі, оның аса құнды еңбектерінің мұра болып қалуы әлі күнге дейін мәдениетіміз бен рухани өркениетімізге елеулі әсер етіп отыр[27].

Хайретдин Йылмаз Әбу Абдалланың өз отанында өткізген жылдары туралы еске ала келе, өз елінде оның орасан зор қызмет атқарғанын айтады. Бірақ ол нендей орасан зор қызмет атқарды?. Хайретдин Йылмаз ол туралы нақтылы ештеңе айтпаған. Сондай-ақ Хайретдин Йылмаз жерлесіміздің Женд өңірінен түрлі себептерге байланысты Анатолияға кеткенін де ескерткен. Ол қандай себеп деген сауалдар да жауапсыз қалған.

Әрі қарай алғысөз авторы: «Түркиядан Садр ад-дин Кунияуи сияқты ғалымдардың шығуы ибн әл-Араби қызметінің жемісі. Кунияуи сияқты қаншама ғалымдардың өмір сүру салттары, құнды еңбектері, иман, фиқһ және ахлақ секілді рухани дүниемізге азық болған. Бұны Алланың бізге берген игілігі деп түсінгеніміз жөн болар.

Қолдарыңыздағы мазмұнды жинақ ибн әл-Арабидің ізбасары, Садр ад-дин Кунияуидің Муаийад ад-дин әл-Женди жетілдірген, көпшілікке арналған сопылық пен ахлақ еңбегі» деп жазады ол. Хайретдин Йылмаздың бұл жолдарына қарап Анадолыдағы сопылықтың Мауараннаһр-Түркістан аймағынан бастау алатынын, Әбу Абдалланың Түркістан өлкесінің (Сыр бойындағы) Женд қаласынан шыққандығын шегелей айтқанын көреміз. Хайретдин Йылмаз Әбу Абдалла өз трактатын Түркияның Синопындағы Түрік сұлтанының ханымына арнап парсы тілінде туындатып, Анадолыны іліммен нұрландыруға тырысқанына айрықша көңіл бөлген[28].

Енді баспа атынан алғы сөз жазған Наджим Майли Хирауидің Әбу Абдалла жайлы ой-пікіріне зейін қояйық:

«Санаулы шығыстанушы мен зерттеушілер сын айтса да, шынайы ислам тасауфы, илаһи уахидың өзегінен саналады. Илаһи уаһидың қалауы мен мақсаты айқын. Тасауф жолындағы сопылардың маңызды еңбектеріне сеніммен қарап, ой жүгірткендер әуелі пайғамбарлар мен үмбеттерінен кейін Ислам дінінде алғаш кемел данышпан (ариф) хазіреті Мұхаммед (с.ғ.с.) екенін біледі. Ол (с.ғ.с.) пайғамбарлық кезеңінде өзіне көрсетілген уаһи жолын сахабаларына үйреткен. Одан кейін бұл жолды хазіреті Әли бин Әбу

Талиб (р.а.) жалғастырды. Сопы данышпандар үшін тасауф пен ілім қайнары – хазіреті Әли.

Алайда өкінішке орай Ислам дінінің тек сыртқы үкімі мен көзқарастарына ғана қараған кейбір зерттеушілер, ислам ғылымындағы ұлы тұлғалардың көзқарастарын, сенімін (ақида) тәрк етіп, терістеуге тырысқан.

[Һижри] VII ғасыр мен VIII ғасырдың алғашқы жартысында өмір сүрген ұлы даныштандардың (бұл кезең Ислам тасауфының өркендеу кезеңі) еңбектері өте аз басылған еді.

Ибн әл-Арабидің кемел ізбасарларының бірі - [һижри] VII ғасырдың танымал данышпаны Муаийад ад-дин әл-Женди. Ғұламалар оның толық аты «Әбу Абдаллаһ Муаййад ад-дин бин Мұхаммед бин Сағид бин Мұхаммед бин Мұхаммед бин Сүлейман әл-Хатами әл-Женди». Лақабы «Муайад ад-дин» *.

Қолдарыңыздағы еңбектегі автордың өз сөзіне қарағанда әл-Женди дүниені тәрік етіп тариқат жолын таңдаған. Осы кезде әкесі, достары мен ұстаздары бұл әрекетіне қарсы болған. Сонда әл-Женди Құран Кәрімге сүйеніп, истихара (истихара намазы жақсы істердің қайсысы өз үшін қайырлы әрі жақсы болатындығына рухани ишарат білу мақсатымен оқылатын екі ракат намаз) намазын оқиды. Түсінде «Тәубе» сүресінің 24-аятын көреді. Онда: «**(Мұхаммед с.ғ.с.): «Егер әкелерің, балаларың, туыстарың, әйелдерің, ағайындарың, тапқан малдарын, тоқтап қалуынан қорыққан саудаларын, жақсы көрген үйлерің сендерге Алладан, Пайғамбарынан әрі Оның жолында соғысуынан артық көрінсе, Алланың әмірі келгенге дейін күтіңдер» де. Алла бұзық қауымды тура жолға салмайды»** делінген.

Осыдан кейін Муайад ад-дин әл-Женди нақты шешім қабылдап жоғарыда айтылғандай әйеліне мәһір беріп, қоштасады. Әке шешесін тәрік етіп Аллаға тәуекелдікпен сопылық жолды жалғастырады. Кейіннен теңіз жолы арқылы қажылыққа барады. Түрлі себептермен Түркияның Кония қаласында шейх Садр ад-дин Кунияуидің сұхбат-насихаттарына қатысып он жыл бойы оның құзырында болады. Әл-Женди осындағы Садр ад-дин Кунияуидің медресесінде оның тәлім-тәрбиесін тәмамдайды. Шейх дүниеден өткеннен кейін Бағдатқа аттанбақ болады. Осы кезде Абд ар-Рахман Жамидің («Нафахату-л унс мин хазрат әл-кудс» - «Әулиелік шыңындағы рухани жақындықтың жұпар лебі») еңбегінде айтылғандай бір адам әл-Жендиге келіп өзінің маһди екенін айтады да одан өзіне демеуші болуды сұрайды. Сонда әл-Женди: «Алланың атымен ант етейін сен мәді [маһди] емессің, өтірік айтасың» дейді. Абд ар-Рахман Жами әл-Жендидің «Фусус әл-хикам» – «Кемеңгерлік меруертінің» түсіндірмесінде осы оқиғаны былай жалғастырады: «Осы оқиғадан кейін әлгі адам маған жау болды. Мулхид пен Нусайрилерден бір топ құрып оларды маған қарсы қойды. Шейх Мухий ад-дин әл-Арабиден рухани көмек (демеу) сұрадым. Осы кезде бір кісі әлгі өзін мәдімін [маһдимін] деген адамның екі қолы мен аяғын байлап: «Мынаны жерге тастайын ба?» деді. Мен: «Үкім мен бұйрық беру сіздердің қолдарыңызда» дедім. Мәдісымақты босатып жіберді. Олардан құтылысымен

мешітке қарай жол алдым. Ол жерге барсам артымнан әлгі адам қасына біраз адамдар жинап келіпті. Ниеттері түзу емес екені белгілі еді. Мен де көрмегенсіп намаз оқи бердім. Маған тиісуге бата алмады. Алла тағала олардың жамандығынан мені сақтады. Кейіннен ол адам тәубесіне келіп мұсылман болды[29], - дейді.

Әл-Жендидің қайтыс болған кезеңі туралы мәмілелі мағлұмат жоқ. Исмаил паша: [Һижраның] 691//1291 жылы, – дейді. Әл-Женди ибн әл-Арабидің «Мауақиун нужум» – «Жұлдыздар мекені» атты еңбегіне Бағдадта жүргенде түсіндірме жазған. Автор «Нафхату-р рух» – «Рух самалы» еңбегін «Мауақиун нужумға» – «Жұлдыздар мекеніне» негіздеген еді. Осы мәліметке сүйенсек әл-Женди Бағдадтан кейін Синопқа кеткен*. Осы еңбекті сол жерде парсы тілінде жазған. Яғни әл-Женди Садр ад-диннің шәкірті болған. Садр ад-дин Кунияуи hижри 373/милади 1274 жылы дүниеден өткен.

* * *

Әл-Женди өз еңбектерінде тек тасауыф терминологиясын ғана қолданбаған. Парсы және араб әдебиетіндегі проза, поэзия жанрларында да қалам тербеген. Абд ар-Рахман Жамидің айтуына қарағанда: «Ол ақиқат пен мағрифат үшін ибн Фариздің әдісін қолданатын. Араб тілінде жазған өлеңдері тамаша болатын»[30].

Әйтсе де Нұр ад-дин Абд ар-Рахман Жами әл-Жендидің парсы тіліне деген қабілеттілігі жайлы сөз етпеген. Биографтар да әл-Жендиді парсы ақындарының бірі ретінде қарамайды. Алайда оның парсы тілінде жазған өлеңдері де жоқ емес.

Женд перзенті еңбегінің алғашқы бетінде өзі туралы қысқаша мағлұмат берген. Соған қарағанда ол шамамен [hижраның] 628/1230 ж. туылған. Шейх Садр ад-дин ибн Мұхаммед ибн Йусуф әл-Кунауидің сұхбатына шынында да 10 жыл бойы қатысып, оған қызмет еткен. Коняда «Арбағиин Чиллесін» тамамдаған. Шейх Садр ад-дин Кунауи қайтыс болған соң жоғарыда айтылғандай Бағдадқа келген Әбу Абдалла сопы ибн әл-Арабидің «Фусус әл-хикам» – «Кемеңгерлік меруерті» атты кітабына шарх (түсіндірме) жазған. Сөйткен Жендтік дарын шамамен 1290/91 ж. қайтыс болса керек.

Әбу Абдалла өз еңбегін Аллаһқа мадақ, Пайғамбарға (с.ғ.с) салауатпен бастаған. Сонан соң: *«Ей, азиз! Аллаh Тағала сені өз ілімі және ақиқаттарың (заттардың) ілімі, өз ілімінде қалай болса оларды да солай білуге нәсіп етіп, мерейіңді үстем етсін»,* - деп бастап, тақуалықтың мысалы ретінде барлық пайғамбарлар туралы Құраннан мысалдар беріп, Пайғамбарымыздың (с.ғ.с) хадистерін келтірген[31].

Кітаптың орта тұсында ата-ананы сыйлау жайлы айтылады. Ол «Аллаh Тағала Құранда «ата-анаңа құрмет көрсетіңдер», - деп бұйырды. Пайғамбарымыз (с.ғ.с) да «жаннат – аналардың аяғының астында» деді. Анаң сені тоғыз ай толғатып, одан соң да түн ұйқысын төрт бөліп асырағанда, оған неге қызмет етпеуің керек? Оған қызмет етіп, құрметтеу – Аллаға

жақындатады. Ал оларды ренжіту Аллаға да, тариқатқа да, шариғатқа да құрметсіздік»[32] дейді.

Сонымен Әбу Абдалланың кітабы төмендегідей екі бөлімнен, әр бір бөлім екі бөлімшеден тұрады.

Бірінші бөлім негізінен діни мағлұматтар мен пайдалы түсініктемелерге қатысты.

БІРІНШІ НЕГІЗ: Мағрифатуллаh (құдайылық таным) хақында

1 – Зати сипаттардың баяны (Аллаh тағаланың сипаттары)

2 – Қосымша толықтырушы мағлұматтар

3 – Асмаи хуснаның (Алланың көркем есімдерінің) қысқаша түсіндірмесі

4 – Илаhи есімдердің саны

5 – Жалғыздық пен көптік түсінігі

ЕКІНШІ НЕГІЗ: Кемел адам жаратылысы хақында

1 – Адамның алғаш асыл жауhардан жаратылуы; Рух және дене

2 – Жаратылыс әлемі (метафизикалық және физикалық әлем) Хақ тағаланың есімдері мен сипаттарының көрінісі

3 – Адамның дәрежелері

4 – Адамдардың кейбірінің жыртқыш аңға ұқсауы

5 – Құтыб және оның сыныптары

Екінші бөлім тариқат иелерінің амалдары мен сенім иелерінің ахуалына қатысты

БІРІНШІ НЕГІЗ: Амалдардың зерттелуі

1 – Жақсылық (хайыр) пен жамандық (шар) амалдары және оның көмекшілері

2 – Тыныштық пен өзіне сын көзбен қарау (мурақаба)

3 – Жүрекке келген уәсуәсалар мен ойлар

4 – Ағзаларды исламға бейімдеудің пайдасы

5 – көз және көрудің үкімдері мен кереметтері

6 – Құлақ және естудің жауапкершілігі мен кереметтері

7 – Тіл мен сөйлеу мен оған қатысты сырлар

8 – Қол мен оны қолданудың жауапкершілігі мен сырлары

9 – Асқазан және тағамға қатысты мәселелер

10 – Үйленудің негізі және оған қатысты мәселелер

11 – Аяқ және оған қатысты сырлар

12 – Жүрек әлемі мен сырлары

13 – Ағзалардың ахуалы және қадағалануы

14 – Жамандық үкімдерді орнына қарай қолданылуы

15 - Тариқат жолында Хақ тағаланың игілігі негізгі мәселе болуы

ЕКІНШІ НЕГІЗ: Ақиқатқа қауышу жолының негізі

1 – Қауышуға қатысты жалпы қағида

2 – Адамның физикалық және рухани кедергілері

3 – Жалғыздық және қылует (жалғыз қалу)

4 – Ашу, Көріну және (өзінен) Кешу

5 – Мәміле (қарым-қатынас) тақырыптары

6 – Осы тақырыпты кеңінен түсіндіру

7 – Ішкі дүниеміздің жалғасуы және тыныштығы

8 – Қысқа насихат пен өсиеттер

Біріншісінде сөйтіп мағрифат, яғни Аллаh туралы мағлұмат, сенім және Аллаhқа жету жолында адамның көкірек көзінің оянып «кәмил инсан» яғни «толық адам» шыңына жету жолдары және осыған мысал ретінде әулиелердің ерекшеліктері туралы сөз болған.

Ал екінші бөлімде тариқат, көркем мінез жайлы мағлұматтар берілген. Онда жаратылыстың ең абзалы – адамның танылуы, оның тәрбиесі, инсанның Аллаhқа жетуінің жолдары мен негізгі қағидалары сөз етілген. Осы арқау етілген дүниенің қажеттілігіне қатысты мәселелер және басқару жүйелері туралы айтылған.

Автордың әдебиетті де терең білгені, шайыр екендігі де байқалады.

Ол ақырғы сөздерін «шейхыңа мойынсұнып, оның айтқанын екі етпеуің қажет. Оның ризалығы Хақтың ризлығына жетелейді. Шейх не айтса да жөн. Өйткені оның нәпсісі тазарып, менмендігі жоқ. Ол Аллаh Тағаладан Оның ризалығынан басқа еш нәрсені және жеке мүддесінде ойламайды. Міне осылай оның айтқанын істеп, міндетін орындап, Аллаға зікір етіп, құлшылық қылсаң әсте-әсте Хаққа жетерсің»[33] деп аяқтайды.

Әбу Абдалла әл-Жендидің еңбектері жайлы мағлұматтарды толықтыра кетелік:

Әл-Жендидің еңбектері:

1-«Шарх фусус әл-хикам» - «Кемеңгерлік меруерті».

Әл-Жендидің сопылық, ғылым, ғибадат т.б., туралы парсы тілдерінде жазылған бірнеше еңбектерінің ішіндегі ең танымалы шейх Мұхий ад-дин бин әл-Арабидің «Фусус әл-хикам» - «Кемеңгерлік меруерті» атты еңбегіне әл-Жендидің жазған түсіндірмесі. Өзінің айтуына қарағанда бұл еңбектің кіріспе бөлімін Садр ад-дин Кунияуидің тікелей өзі түсіндірмесін жасатқан. Сондай-ақ, осы еңбектің түсіндірмесін жазу барысында өзіне аят келіп, еңбекті толық түсінген. Шейх Садр ад-дин Кунияуиден рұхсат алып «Фусустың» түсіндірмесін жазуға кіріскен. Осылайша Жендидің бұл түсіндірмесі сол заманнан бері «Фусустың» алғашқы түсіндірмесі деп саналады. Бірақ, Осман Йахия «Китабшини ибн әл-Араби (ибн әл-Араби еңбектерінің библиографиясы)» атты еңбегінде бұл пікірге қарсы шығып, «Фусус әл-хикамның» - «Кемеңгерлік меруертінің» түсіндірмесін алғаш Афифуддин Тилимсани жазған[34] дейді.

Әл-Женди жазған түсіндірме таптырмас мұра. Абд ар-Рахман әл-Жами «Нақдун нусусты» жазу барысында әл-Жендидің осы түсіндірмесін пайдаланған[35].

Абд ар-Рахман әл-Жами «Нафахат» атты еңбегінде: «Әл-Женди, шейх Мұхий ад-диннің кейбір еңбектеріне («Фусус әл-хикам» сияқты) түсіндірме жазған» - дейді. Сөйтіп оның бұл еңбекте терең зерттеулер жасап (сопылық бойынша) кемелділік деңгейге жеткендігін көреміз.

Әл-Жендидің «Фусусының» түсіндірмесінің бір нұсқасы Теһран университетінің орталық кітапханасында 343 номерімен сақтаулы. Ол аталмыш Саиид Жалал ад-дин Аштияи және доктор Ибраһим Динаридің бірігіп жасаған жұмыстарының нәтижесі.

2-«Шарх Мауақи-и нужум» - «Жұлдыздар мекені».

Жендидің танымал еңбектерінің бірі шейх Мұхий ад-дин әл-Арабидің араб тіліндегі «Мауақи-и нужум» - «Жұлдыздар мекені» және «Маталиу ахиллатил асрари уа-н нужум» атты трактатына жазған түсіндірме. Ибн әл-Араби бұл еңбекті Мурсияда (Андалусияда) туындатқан. Бұл еңбекте ғибадаттың түрлі дәрежелері мен дін әдептері қамтылған. Шығарма Каирде басылған. Әл-Женди «Нафхату-р рух» - «Рух лебі» атты трактатына «Мауақиу-н нужумға» - «Жұлдыздар мекеніне» Бағдадта шарх жасағанын айтады. Сондай-ақ, осы кезде өзіне «пір» және «шейх» мақамына жеткендігін баяндайды.

3-«Хуласату-л Иршад» - «Таңдаулы нұсқаулар» (тәсілдер) және «Иршадул Хуласа» - «Тәлімдер «нұсқаулар) таңдамалысы».

Әл-Жендидің сөзіне сүйенсек бұл еңбек парсы тілінде жазылған. Даниш Пежве тек осы еңбекті екі кітап «Хуласатул Иршад» және «Иршадул Хуласа» дейді. Біздің ойымызша бұл екеуі де бір еңбектің аты болуы мүмкін.

4-«Иксирул камалат» - «Кемелділік эликсирі».

Бұл еңбек те парсы тілінде жазылған. Әл-Жендидің бұл туындысы жайлы мағлұмат жоқ.

5-«Рисала-и улуми Ахади уа Мағрифи Сармади» - «Алланың ғылымы және Сармади танымы».

Жендидің сөзіне сүйенсек еңбек ғылымның сыныпталуына арналып, араб тілінде жазылан.

6-«Азуак-и хатмайн» «Құранды түгелдей оқып шығуға бейімділік».

Бұл араб тіліндегі еңбек те суфизмге арналған.

7-«Китабул Асма».

Әл-Женди бұл еңбекте Алла тағаланың көркем есімдерін («Асмау-л хусна») түсіндіреді.

8-«Дурар әл-ғалият фи шархи әл-хуруфи-с алият» - «Биік әріптермен жазылған шығармаға түсіндірме жайлы жұпар иісті жауһарлар»

Бұл еңбек әл-Жендидің өз нәпсісіне қарсы жазған «қасида-и Ламиясы».

9-«Рисала фи қазаи уа-л қадар» - «Заңдылық және тағдыр жайлы трактат».

Теһрандық Ақа Бузург әл-Жендидің бұл еңбегін «Мактабатул һидиуияда» (Каирде) көргендігін айтады. Еңбек «Жамии Махамиди намутенахи» деген сөздермен басталған.

Енді Әбу Абдалла әл-Жендидің «Нафхату-р рух және тухфату-л футухынан» үзінді келтірейік:

«Бұл шығармамызды ұлы патша, әлемнің ханым әпендісі, патшалардың патшасы, ұлықтық пен бақыттардың жемісі, ханым сұлтандардың абыройы, ғасырдың өзі, заманымыздың Рабиясы*, дәулет пен әдеміліктердің жиынтығы, ұлық патшалар әулетінің мақтан тұтар бұлағы, дін мен дүниенің зейнеті, Исламның және мұсылмандардың тірегіне арнадық. Алла Тағала оны әрқандай жақсылық пен игілікте жетістікке жеткізсін! Және қашан да өз панасы мен қол астында болуды жазсын! Биік тұлғасын шынайы бақыттарға, әртүрлі сүйініштер мен берекелерге жеткізсін. Жақсылық пен құрметтерге бөлесін! – деп тарту етіп жібердім. Осылайша мұны зерделеп және бұған амал ете отырып, кемел әуленің дәреже мен мақамдарының арта түсуін тіледім. Себебі оның киелі табиғатында, мінез-құлқында және жаратылысында саф таза бір сенім бар. Адамзат кемелдігінің бәріне қабілеті бар. Раббани *фауади-л*** және *фадаи-л**** иесі.

Осылайша қасиет иелері мен тариқат жолаушылары Ханым әпендінің әркімге тигізген жақсылықтары мен дүниелік қызығының жолдарын тапты. Оның әр түрлі мейірімі, көңіл иесі және қамқорлығына бөленді. Адамдар әр тараптан ағылып келіп, оның айнала төңірегіне шоғырланды. Кейбір мадақ өлеңдерімізде Ханым Сұлтан хазіреті туралы қаламымыздан мына бәйіттер туған болатын.

Сенің ішкі дүниең, ахлақың неткен сұлу, мейірім мен көңіл иесісің,
Сыртқы әлеміңде де қашанда игіліктер шашу амалындасың.

Құрметті кісілігінің сипаттары мейірім мен жомарттық,
Кемел тұлғаның ерекшеліктері; ұят пен жүрек ояулығы.

Ол мақамдағы билік сенің тазалық сарайың,
Онда адамға дүние ойы қиын келер.

Күннен артық жарық және ашықсың,
Сенің асылың мен тегіңнен сөз қозғау жарамас.

Билік ханымының ең қадірлі ханымысың һәм тағы әлемнің таңдаулысы,
Жомарт, патшалық пен жаһан билігі сенің болмысыңда бар.

Ұлықтық дариясының басын кесіп мойнына асыл тас секілді таққансың,
Заманның парқының кеңдігі сенің тәжіңе жарасар,

Сол үшін де сені екінші Рабия* деп қайталайын.

Сен Зубайданың** ұғымына иесің және таңдалғансың

Унс*** бақшаларына барыңыз да, ол жерге өмір суы келсін
Бір рет қарауыңызбен топырақтан су атқылар.

Сенің ашытқың, суың һәм топырағың хош иістен,
Нәзік тәнің тек өзіңдей мәнді екен еш күмәнсіз.

Сұлулар мәжілісінде сен бір тақырып ерекше,
Секілді шекер өзі үстіне бал қатқандайсың!

Бұл жүзден әркім сенің есігіңнен үмітті,
Себебі сенің көңіл жүзің Хақтың есігінде мыңдарға қажет.

Сондықтан да мәңгілің ізет пен құрмет іздейсің,
Өз ұранын Хақтың құзырына сая жасадың.

Ей, игі дәуірдің көңлі қырық болғандардың зорламасы, жарық ет!
Құтылар жол кішіпейілдік, тәкаппарлық пен зорлық емес,

Тілейсің біреуден көңілің қырық болмасын,
Һәм өмір бойы біреудің көңілін ренжітесің,

Зұлымдықтың қараңғылығы жер бетіне қаптаған бұл дәуір,
Жасаған жақсылықтарыңның нұрыменен жарқырады.

Еккен игілік пен жақсылық тұқымдары себебімен,
Бұл заман мен жер анаға «Жәннат» атын қойды.

Сен әр адамды мұратына жеткізесің,
Екі әлемде мұратың асыл болсын!

Оның ұлықтығының даңқын, әдемі жасауын және мінез-құлқын, адамдарды қорғауын, көңіл ашықтығын есітіп, әр адамның ол туралы жақсы сөз айтқанын түйіп, естігендерімді өзім көрмей тұрып ұзақ уақыт пайымдайтын едім. Енді Мұхаммадияға Синоп қаласы Рибатына келдім, сол нәрселерді тағы да мың рет естідім. Өзімен кездескенімде бұл жағдайлардың куәсі болдым. Осылайша, ол туралы естіген хабарлар, анығында оның қасында өте аз болып көрінді. Өзіне лайық бір тарту болатын, діни пайдаларды қамтыған, анық көрсетіп берген қажетті мағлұматтарды көтерген бұл шығармадан артық дүниені көрмедім. Себебі оған берілетін әрбір тарту, теңізге інжу лақтыру һәм жақсылық иелеріне сарқыншақ ұсыну секілді болатын. Қабылдауға лайық болатын және өзінде мейлінше бар болмаған нәрсенің не екенін түсіндім. Оның текті затының хақиқат ілімдеріне және тариқат сырларына ынтық екенін түсінген соң, Хақ Тағаланың бұл әлсіз құлға нәсіп еткен тажаллийат*, және ғайыптық шабыт пен ашық көріністермен

негізделген мәліметтер негізінде және басқаларға бүгінге дейін берілмеген мәліметтерді қамтыған осы шығарманы жіберуді армандадым.

Осылайша өзіне қажет болған мәліметтерді алып, пайдалануын қаладым. Бұл шығарманың жазылуына себеп болуы себебімен де, қасиетті дұғаларының артуына себепкер болуын қаладым. Осылайша ол қияметке дейін ізгілік пен жақсылыққа алынып, шексіз сауаптарға кенеледі. Өзі зерделеп, пайдалы діни мәліметтерді алады. Соның арқасында өзі үшін анық дәрежесінде ілгерілеу мүмкін болады.

Бұл шығарма екі тараудан тұрады; бірінші тарауда, іс жүзінде адам рухын кемелдендірген, нәпсінің нұқсаны мен кемшіліктерін кетірген қажетті мәлімет пен мағрифаттар орын алған.

Екінші тарауда дене, мінез-құлық, құлшылық, насихат пен өсиеттерді қамтитын мағлұматтар бар және екі тарау да біріккен (қосымша). Бұл екі тараудың әрбір бөлімдері, бөлімшелері, қосымша, толықтыру және қорытынды бөлімдерге бөлінген. Расында, әрбір орнында көріледі. Табысқа жеткізген және тура жол берген жалғыз Алла Тағала.

Ей, Муаййад, әлемге үстем боламын деп неге қызбаланасың?
Әлемге үстемдік Аллаға тән ғой, білмеймісің?

Сондай бір көңіл жалындай отырып дүние базарында менмендігінен бас тартса,
Жүрекке тән хилует** сарайынан бұл дүниеге орын берудің дұрыс еместігін түсінеді.

Жүрегің масиуәдан*** тазарса, Хақтың назарына бөленеді,
Нәпсінің нақыштарына алданушы болма, әуестерінен аулақ бол!

Қанағатшылдық аяғының шаңын көзіңе сүрме деп жақ,
Өстіп, нәпсіқұмарлығыңнан, асқазаныңды толырудан құтыласың.

Мына, залым дүниенің бәрінен аулақ бол, аулақ бол,
Өйткені оның ұзақ көрінген мезгілі тез таусылады.

Мына қиянатшыл, қор, құнсыз дүниеден бас тарт, әсте оған берілме,
Өйкені ол жол сияқты, өтіп кет, сонда қалып қойма.

Шамаң неге жетсе, соны жаса, сонда Хақтың нұры боларсың,
Бірақ, мына дүниенің қараңғылығына берілме, оны арқалама.

Анау таза рухыңды тәніңнің қызметіне берме,
Өйткені раушангүлдің міндеті әсте тікенекке жараспайды.

Сенің тәнің – денеңнің, рухыңның көлігі, сен оның айдаушысы,
Уақытты өзің билейсің, мына есектен не күтесің, жүгін неге тартасың?

Әсте, еш күмәнің болмасын, өлімнен кейін
Сен үнемі Хақтың нұрымен мәңгі жасайсың.

Егер, мына сурет пен бейне дүниесінің қараңғы түнегінен өтіп,
Одан бас тартсаң, нұрға бөленесің.

Мына жалған суреттер бейнесінен арылып, құтыл,
Сонда рухың сырлар сарайына бара білсін.

Егер сен бұл рухани мәртебенің талабын орындамасаң,
Болар-болмас кез келген нәрсенің басыңа түсуі хақ.

Өйткені сенің уақытың мен өміріңді заман зая кетіреді,
Табысыңды жоғалтып, қайырсыз, жұмыссыз қаларсың.

Кез келгенге неге бұлай қам жейсің?
Аллаh махаббатымен тынышталсаң, саған қам жараспайды.

Үнемі Хақтың нығметтеріне бөленгенсің, меңшігіңде еш нәрсе жоқ,
Өзіңде мәңгі қалатыны –Хақтың сыйлығы.

Әсте өз еркіңе берілуші болма, Хақтың ерік-қалауын таңда,
Міне, сол ерік-қалаудың арқасында барлық нәрседен хабардар боласың.

Жәрдемшің, досың мен күш-қуатың – Хақ Тағала, шайтан – дұшпаның,
Сен құнды да күшті бол, шайтан зарласын.

Кейде Наср-и Сайяри* сияқты тариқатта алға жылжисың,
Кейде ұшқан рух секілді ақиқаттың биік шыңына көтерілесің.

Кейде солтүстік-шығысқа, кейде оңтүстік-батысқа барасың,
Бірақ жер жүзінде бір жерде қысылып қалмайсың.

Кейде барлық нәрсенің өзегінде, жер бетінде боласың,
Кейде барлықты қамтып, қоршаған көк аспан (тағдыр) сияқты боласың.

Кейде сүйіктінің есігінің шаңы сияқты обулхаят** боласың,
Кейде оның ғашықтығымен бастан-аяқ от сияқты боласың.

Досыңды есіңе алсаң, Одан басқасын ұмытарсың,
Негізінде барлық іс тек Онан ғана, Онымен ғана.

Қам да жеме, қарсы келушілердің қарсылықтарын да естіме,
Иман иелерінің мойындауымен де қуанба.

Егер әлі де анаған-мынаған ілтипат етсең,
Демек, сен әлі кейбір хал мен ұстанымдардың құлысың.

Бұл мәртебеде егер халің кемелденсе,
Күмәнің болмасын, қам-құсаның бәрінің қуанышқа айналғанын көресің.

Түні күні сүйіктінің келбеті мен шашымен біргесің,
Мына қараңғы түнде мыңдаған тажалли нұры көрініс табады.

Досыңа қауышудан үнемі наурыз мейрамының шаттығындасың,
Түнгі уақытын да бек құнды, сүйіктіні көруден шат-шадымансың.

Тәніңнің бүкіл қозғалысы әтір сияқты иіс аңқытады,
Өйткені, әр тынысың досыңның демі.

Сенің дене деген сарайың Оның иісімен әтір аңқиды,
Оның ғинаяты – айдың туған хиқаясы.

Әріптердің сыры өзіңде, каламның нұры өзіңде,
Өйткені сырлар кітабын өз бойына дарытқан өзіңсің.

Есімдер аспанының орталығы өзіңде,
Өйткені сен өз затыңда нұрлардың өзегін қамтығансың.

Атақ-мансабың туралы айтсаң да, айтпасаң да,
Сенің атың істеген ісің мен мінезің, сені айтады.

Үнсіздік тұрғанда, сөйлеп, түсіндіру қажет емес,
Бастан-аяқ сен Оның сұлулығын көрсетіп тұрсың.

Сендегі достың хабарына байланысты ең көркем нәрсе мынау:
Жеке басыңа сен, Хақ Тағаланың барлығы мен кемелін және жамалын бейнелеп тұрсың.

Тілің, көзің, құлағыңмен әрқашан Оны көрсетіп тұрсың,
Өйткені түні-күні Оны тамашалаудасың.

Табиғатың мен нәпсіқұмарлығыңнан тазарып, арылсаң,
Періштелер арасына кіріп, абрарға* қосыласың.

Егер нәпсіңе беріліп, әуесқой, қанағатсыз болсаң,
Хайуанаттың жақсылығының оннан бірі сенікінен жоғары болғаны.

Істеген күнәң өз нәпсіңнің жүгі, оны махшар** майданына алып барма,

Өйткені әркімнің күнәсі мен зұлымдығы өз басына төнеді.

Шайтанмен жолдас, дос болсаң, оған қандай сайқалдық істейсің?
Сен де қызқаншақ, әдепсіз, надан, ақымақ болып шығасың.

Егер көлігің болған нәпсіңді Перғауын мінезінен болған үш нәрсеге тапсырсаң,
Шайтандар сенің әскерің, сен олардың басшысы боласың.

Егер бұлардан тыс қалсаң, адамгершілік сипаттардың
Барлығы өзіңе дариды да, адам саналасың.

Осы халіңмен бірге Хақта фәни болып, өзіңнен өтсең,
Әр ісің мен әр халің Хақпен болады, Хақпен дос боласың.

Хақ разы болған істерді орындасаң,
Өз кезіңнің ең кемелі, дін жолының ері боласың.

Ақыңды сұраудан, ұрыс-керістен, келіспеушіліктен және көзге көрсетушіліктен құтыласың, азат боласың.
Алланың бірегей құлы деген мәртебенің сарбазы боласың.

Сонда сен неге сол кезең Құтбының* әмірлігі мен билігін қаламайсың,
Не онан да жоғары бір мәртебеге талаптанбайсың.

Бұларға қарап, өз шегің мен деңгейіңді жақсы біл,
Өйткені әр ақиқаттың өлшемі мен көрсеткіші бар.

Ғылыммен сен әлемнің биі, әлемнің ғалымы боласың,
Ілтипатшыл, нәзік, жан-жақтан хабардар, асқан өнерпаз боласың.

Ей, азат жан! Барлық мансаптардың құлдығынан құтылдың,
Ла мақам** мәртебесіндесің, шеккен рухани сапарлар нәтижесінде.

Ол сүйіктіңнің қасына, басқа біреуді қойма араларыңа,
Өйткені бұл күллі істен тыс, бірақ Оның құзырында.

Әсте, өз өзегіңнен басқа нәрсеге көңіл аударма,
Өйткені нүкте және оны қоршап тұрған шеңбер өзіңде.

Сен болмай, ешкім болмайды, не болса да сенде бар,
Әрі жер, әрі жердегілер һәм жердің иесі сенде.

Әр құдіреттің арғы жағы да құдірет, жақсы білгін,
Саған қандай обал, егер қадірің мен қабілетіңді білмесең!

(Мақаланың жалғасы келесі санда)

---

[1] Йақұт әл-Хамауи ар-Руми. Мұғжам әл-бұлдан. Бейрут 1995, 2-том, 168-бет.

[2] Қазақ Совет энциклопедиясы. Алматы 1974, 4-том, 380-бет

[3] Хафиз-и Таныш Бұхари. Шараф-нама-ий шахи. М., 1983, 1-том, 59-бет.

[4] Йақұт әл-Хамауи ар-Руми. Мұғжам әл-бұлдан. Бейрут, 1995, 2 том, 168 бет.

[5] «Алаш айнасы», №217, 11 желтоқсан, 2010.

[6] Изз ад-дин Әбу-л Хасан Әли бин Мұхаммед бин Абд әл-Карим ибн әл-Асир әл-Джазари. Әл-Лубаб фи тахзиб әл-ансаб. Бейрут 2000, 2 том; 1-том, 201-202-беттер.

[7] Ислам на территории бывшей Российской империи. Энциклопедический словарь. М., 2006, 388-389-беттер.

[8] Абд әл-Карим ас-Самъани. Әл-Ансаб. Бейрут 1998, 6 том; 2-том, 124-бет. Сондай-ақ «Йақұт әл-Хамауи ар-Руми. Мұғжам әл-бұлдан. Бейрут 1995, 7 том; 2-том, 168-бетті де қараңыз.

[9] Камал ад-дин Әбу-л Фадл Абд ар-Раззақ бин Ахмед әл-мағруф би-ибн әл-Фуати аш-Шайбани. Маджмағ әл-адаб фи муғжам әл-алқаб. Теһран 1415/1374=1995, 6 том; 2-том, 452-бет.

[10] Умар Рида Каххала. Мұғжам әл-муаллафиин. Бейрут [ж. көрсетілмеген], 15 том; 13-том, 54-55-беттер.

[11] Маула Мұстафа бин Абдалла әл-Қустантини ар-Руми әл-Ханафи аш-шаһир би-Мулла Катиб әл-Челеби уа-л мағруф би-Хаджи Халифа. Кашф аз-зунун. Бейрут, 1992, 2-том, 1540-бет.

[12] Исмайыл Паша әл-Бағдади. Һадиату-л арифиин асма әл-муаллифиин уа асар әл-мусаннафиин мин «Кашф аз-зунун». Бейрут, 1993, 6 том; 2-том, 484-бет.

[13] Carl Brocelmann. Geschichte der Arabischen Litteratur. Erster Supplementband. Leiden – 1937, t. IV, 810-бет. [Бұл еңбек араб тіліне тәржімаланған. Қараңыз: Карл Брокельман. Тарих әл-адаб әл-араби [басылған және шыққан жері көрсетілмеген], 15 том; Неміс тілінен араб тіліне аударғандар: доктор, профессор Абд әл-Алим ан-Нажжар; доктор, профессор ас-Саиид Йағқуб Бакр; доктор, профессор Рамадан Абд ат-Тауаб. Редакциясын басқарған доктор, профессор Махмұд Фаһми Хиджази], 7-8-томдар, 437-бет.

[14] Нұр ад-дин Абд ар-Рахман Жами. Нафхату-л унс мин хазрат әл-қудс. Теһран, 1382//2003, 552-553-беттер.

[15] Нұр ад-дин Абд ар-Рахман Жами. Нафхату-л унс мин хазрат әл-қудс, Теһран, 1382//2003, 552-бет.

[16] Исмайыл Паша әл-Бағдади. Һадйату-л арифиин асма әл-муаллифиин уа асар әл-мусаннафиин мин «Кашф аз-зунун». Бейрут 1992, 6-том; [2-том], 484-бет.

[17] Müeyyedüddin el-Cendi. Vuslat yolu. Nefhatu'z-Ruh ve Tuhfetü'l-Futuh Türkcesi Hayreddin Yilmaz. Istanbul 1996, 11-12 беттер.

[18] Мұхаммед Хайдар Дулати. Тарих-и Рашиди (Хақ жолындағылар тарихы). [Алғысөзін жазып, жалпы редакциясын басқарған Әбсаттар Дербісәлі]. Алматы, 2003, 219, 550-беттер.

[19] Müeyyedüddin el-Cendi Vuslat Yolu. Nefhatu'r-Ruh ve Tuhfetü-l Fütuh. Türkcesi Hayreddin Yilmaz. Istanbul 1966.

[20] Сонда, 23-32-беттер.

[21] Құран карим. «Бақара» сүресі, 30-аят

[22] Құран карим. «Бақара» сүресі, 33-аят

[23] Құран карим. «Мұхаммед» сүресі, 19-аят

[24] Құран карим. «Бақара» сүресі, 251-аят

[25] Құран карим. «Нәміл» сүресі, 16-аят

[26] Müeyyedüddin el-Cendi. Vuslat Yolu. Nefhatu'z-Ruh ve Tuhfetü-l Fütuh. Türkcesi Hayreddin Yilmaz. Istanbul 1966, 23-30-беттер.

[27] Сонда, 7-бет.

[28] Müeyyedüddin el-Cendi. Vuslat Yolu. Nefhatu'r-Ruh ve Tuhfetü-l Fütuh. Türkcesi Hayreddin Yilmaz. Istanbul 1966, 8-бет.

[*] Нұр ад-дин Абд ар-Рахман Жами. Нафхату-л унс мин хазрат әл-қудс. Тehран 1382//2003, 556-557-беттер; Әл-Маулай Мұстафа бин Абдалла әл-Қустантини ар-Руми әл-Ханафи аш-Шаhир би-Мулла Катиб әл-Челеби уа-л мағруф би-Хаджи Халифа. Кашф аз-зунун. Бейрут 1992, 2, 1540-бет; Исмайыл Паша әл-Бағдади. Хадияту-л арифийн, асма әл-муаллафиин уа асар әл-мусаннафиин мин «Кашф аз-зунун». Бейрут 1993, 2-том, 484-бет. Умар Рида Каххала. Мұғжам әл-муаллифиин, Бейрут [жылы көрсетілмеген], 15 том; 13-том, 84-бет. Саийд Хайдар Амули сынды кейбір ғалымдар авторды «Худжанди» деп те жазған, ол дұрыс емес.

[29] Нұр ад-дин Абд ар-Рахман Джами. Нафхату-л унс мин хазрат әл-қудс. Тehран, 1382//2003, 552-553-беттер.

[*] Синоп – Түркиядағы кент.

[30] Нұр ад-дин Абд ар-Рахман Джами. Нафхат әл-унс мин хазрат әл-қудс. Тehран, 1382//2003, 556-557-беттер.

[31] Müeyyedüddin el-Cendi. Vuslat Yolu. Nefhatu'r-Ruh ve Tuhfetü-l Fütuh. Türkcesi Hayreddin Yilmaz. Istanbul 1966, 16-26-беттер.

[32] Сонда.

[33] Нұр ад-дин Абд ар-Рахман Жами. Нафахату-л унс мин хазрат әл-қудс. Тehран 1382//2003 557-бет.

[34] Доктор Ибраhим Динари: «Фусустың» алғашқы түсіндірмесін әл-Женди жазған. Ал Осман Йахияның «алғашқы түсіндірмені Тиламсани жазған» деген пікірінің негізі жоқ», - дейді.

[35] Müeyyedüddin el-Cendi. Vuslat Yolu. Nefhatu'r-Ruh ve Tuhfetü-l Fütuh... 18-бет.

[*] Рабия - ?

[**] фауади-л – жоғары қасиет

[***] фадаи-л – ізгі ниетті, ізгілік иесі

* Рабия - ?
** Зүбайда - ?
*** Унс – қуаныш, жақындық, достық
* Тажаллият – Алланың нұры
** Хилует – оңашалану, оңашаланатын бөлме.
*** Масиул – Алладан басқа күллі нәрсе
* Наср-и Сияри - ?
** Обу-л хаят - өмір суы (парсыша)
* Абрар – тақуа шыншыл.
** Машхар – қиямет қайым күні.
* Құтб – рухани ұстаздар басшысы.
** Ла мақам –атақ, мансапсыз; орын, мекенсіз.

ДЕРЕКТАНУ

Нәпіл Базылхан
Филология ғылымдарының кандидаты

ҚАЗАҚ ТАҢБАЛАРЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ТАРИХИ-ДЕРЕКТАНУЛЫҚ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕР

(Мақаланың жалғасы, басы алдыңғы санда)

Кіші жүз ру - тайпаларының таңбалары мен ұрандары

№	Тайпа атауы	Ру атасы	Ұраны	Таңбасы	Таңба семантикасы	Тарихи деректерде
1	Әлімұлы					
2		Шекті	Бақты бай Жанқожа		ботамойын	
3					бағана	
4					бақан	
5					ілгек	
6					бағана	
7					бағана	
8					бағана	
9					бағана	
10					ілгек	

11		Төртқара	Айыртау Алдияр		бағана	
12					ашамай	
13					ілгек	
14					балта	
15		Қарасақал	Алдияр Алдажар Алдамжар		үшкіл	
16					бағана	
17		Қаракесек	Ақпан		босаға	Qarakesek
18					қазанқұлақ	
19		Кете	Майлыбай		ашамай	
20					ашамай	
21		Ожырай	Майлыбай		жұтқын?	
22					садақ?	
23		Шөмекей	Дөйт		бағана	
24	Байұлы					
25		Адай	Бекет Тегелен		садақ, оқ	Aday

26					садақ	
27					садақ	
28					жебе	
29					садақ	
30					садақ	
31					ашамай	
32					күн	
33		Жаппас	Баймұрат Бақты бай		түйе мойын	
34					Айшық Таға?	
35					ботамойын	
36		Алаш Алаша	Байбарақ		ботамойын	Alasa
37					шөміш	
38					шөміш	
39					балға	

40					балта	
41					абақ?	
42					үшкіл	
43		Байбақты	Дәуқара		бақан	
44					бақан?	
45					балға	
46					балға	
47					балға	
48					балға	
49		Беріш	Ағатай		тұмар?	
50					тұмар?	
51		Қызыл-құрт	Жиембай		үшкіл?	
52					балға	
53					көсеу	
54		Таз	Бақай		көсеу	Taz
55					қосішек?	

56					қосішек?	
57		Есентемір			қосішек?	
58		Масқар	Қаратай		ілгек	
59					садақ?	
60		Ысық	Байтерек		бақан	
61					үшкіл	
62		Шеркеш	Шағрай		бақан	Čerkeš
63		Тама	Қарабура		Көсеу Босаға, есік	
64	Жетіру					JitiJer
65		Телеу	Тұлпар Арғымақ		шылбыр	
66					шылбыр	
67					ілгек	
68					ашамай	
69					ашамай	
70		Рамадан	Дулат		шөміш	

71		Тана	Тана		әліп, көсеу, таяқша	
72		Табын			тостаған, шөміш	Tabun
73					шөміш	
74					шөміш	
75					тарақ	
76					тарақ	
77					көсеу	
78		Кердері	Қожахмет		тостаған	Kerderi
79					тостаған	
80		Керейт	Ақсақал Ұптым		екі әліп	Kerejit
81					ілмек	
82					таяқ?	
83					ашамай	
84					көсеу	
85		Шөмекей	Дөйт		үшкіл	

86					түйемойын	
87					нәл?	
88		Алтын	Баймұрат		түйемойын	Altun
89					түйемойын	
90					садақ?	
91		Жағал-байлы	Малатау		балға	Jagalbay

[1] Самашев З., Базылхан Н., С.Самашев Көне түрік таңбалары. Древнетюркские тамги. Ancient Turkic tamga-signs. – Алматы: Abdi company, 2010. - 168 б.

[2] Базылхан Б. Қазақ және моңғол тілдерінің салыстырмалы тарихи грамматикасы. Морфология. -Алматы, 2000.- 446 бет.

[3] Базылхан Н. Некоторые историко-источниковедческие проблемы, связанные с традиционной системой тамгопользования казахов // «Тарихи мәдени мұра және заманауи мәдениет» халықаралық ғылыми тәжірибелік семинарының материалдар жинағы. –Алматы: «Service Press», 2012.-320 бет.+қосымша-носкалық-32 бет. (84-90-б.)

[4] Рогожинский А.Е. «Мы, нижеприложившие истинные тамги ...» (опыт идентификации родоплеменных знаков казахов Старшего жуза) // Роль номадов в формировании культурного наследия Казахстана. Научные чтения Н.Э. Масанова: Сборник материалов Международной научной конференции. - Алматы: Print-S, 2010.-С.101-127.; Рогожиснкий А.Е. Удостоверяющие знаки-тамги кочевников нового времени и средневековья в горных ландшафтах Семиречья, Южного и Восточного Казахстана // Наскальное искусство в современном обществе (к 290-летию научного открытия Томской писаницы). Материалы международной научной конференции. 22-26 августа 2011 г., Кемерово. Том 2. - Кемерово, 2011. - С.217-225.; Рогожинский А.Е. Тамги-петроглифы средневековых кочевников Казахстана: итоги новейших исследований и перспективы дальнейшего изучения // «Тарихи мәдени мұра және заманауи мәдениет» халықаралық ғылыми - тәжірибелік семинарының материалдар жинағы. –Алматы: Service Press, 2012. - С.91-104

МҰРАҒАТ ҚҰЖАТТАРЫ

Ablet Kamalov
Doctor of History

THE TASHKURGAN UPRISING IN SOUTHERN XINJIANG IN THE 1940S ACCORDING TO THE RECORDS OF THE BRITISH AND AMERICAN DIPLOMATS (PART ONE) [1]

Introduction

In November 1944 a rebellion of local Muslim peoples broke out in three districts of the Xinjiang province of China neighboring Soviet Republic of Kazakhstan – Ili, Tarbaghatay and Altay, resulted in establishing Eastern Turkistan Republic (ETR, 1944-1949). This unrecognized republic was backed up by the Soviet Union and existed until the Communist takeover in China in 1949. Opposition of this republic towards the Guomindang power and a rise of nationalist movement of the Turkic peoples – Uyghurs, Kazakhs, Kyrgyzs, marked dramatic changes in the political life of Xinjiang enforcing the provincial government to liberalize it through introduction of free elections for the administrative positions in the province and other freedoms. These developments in Xinjiang were results of not only domestic policy of the Chinese government, but also of complex international relations in this part of Asia. During this very complicated period in the Chinese and world history China was divided into two primary warring factions – that of Guomindang and that of the Communist Party. However political struggles in Xinjiang of those years were determined not only by Guomindang-Communist rivalry, but also international relations: Xinjiang was a region neighboring Russian/Soviet Central Asia and was under strong Soviet economic and political influence. This influence reached its peak during the rule of the governor Sheng Shi-cai, who came to power in 1932 with a Soviet military support. However, in 1942 Sheng Shi-cai turned back to the Soviets and returned to the shelter of the Guomindang power and exposed anti-Soviet policy. As a result of this turnover, the Soviets withdrew their military and economic assistance from Xinjiang, but instigated and supported the Muslim rebellion in the Ili district. To balance Soviet presence in Xinjiang the Guomindang government invited other great powers – the USA and Great Britain, to open their consulates in Xinjiang. As a result, in April 1943 American Consulate was open in the administrative center of the province – Urumchi (Chin. Tihwa), followed by opening of the second British Consulate in the province (the first one has long operated in Kashgar, Southern Xinjiang). The main goal of the American Consulate in Urumchi was to observe political situation in Xinjiang and watch Soviet activity in the province.

The documents of the American diplomatic mission in Xinjiang became an important source of knowledge of the history of Xinjiang in the 1940s. Unlike Chinese and Soviet sources, they provide another perspective to discussion of local events. This article examines a situation in Southern Xinjiang in the 1940s based on American sources with an attempt to look at whether the uprisings of local peoples in this part of the province were a part of Soviet interference in political life of Xinjiang or logical development of misgovernment of the Chinese rulers of the province.

Uprisings in Tashkurgan district of Xinjiang

The contentious nature of the founding of the ETR (1944-49) in the context of the geopolitics is reflected in the varied and highly populated historiography.[2] Without going into details of the differences existing in interpretation of the events in Xinjiang, it should be only noted that two fundamental books on history of the 1940s Xinjiang belong to A. Forbes[3] and L. Benson[4]. However it is quite natural that not all historical events were covered by those works. One of such problems is a nature of the uprising taken place in southern districts of Xinjiang in 1945-1946, when Eastern Turkistan Republic already existed in the three north-western districts of the province. This uprising is known in historical literature as the "Tashkurghan" or "Sarikol" rebellion, given that it broke out in a mountainous region of Sarikol located in the Tashkurghan country (Chin. *Puli xian*). This district was situated in the highlands of the south-western part of the province, occupying the territory on the left bank of Tashkurghan River. Its location on the cross-roads of the province was of great strategic importance. It occupied an important position bordering in the South with Afghanistan and British India, in the North with the USSR, while adjoining in the East with the districts of Yarkand and Posgam. The Tashkurgan district was populated mainly by the Tajiks and Kyrgyzs, while the Uyghurs lived there in a comparatively smaller number.

We find brief accounts on the Tashkurgan rebellion only in the above mentioned book by A.Forbes, but its character and nature remained unclear to the author. The earliest mention of the rebellion events in Sarikol refers to February 1945. The *Kashgar weekly letter* of the British Consulate informed that in February some people from certain parts of Tashkurghan by name Karvanshah "warned his relatives that a large-scale raid from Russian territory was being planned for the 23 day of the third month"[5] . This information is confirmed by the modern Chinese sources. The earliest information on the Sarikol events is contained in the "Chronicle of the main events of the rebellion of Three districts" published in Uyghur in Urumchi in 1994. It describes the uprising in Sothern Xinjiang as a part of the 'three district rebellion' (Uyg. *Uch vilayet inqilabi*; Chin. *sanqu geming*). It relates that "the leader of the Teshkurghan partisans Nurkhadji convened well-known local activists, partisans and informed them about the international situation, and read out the appeal of the provisional government [of the three districts] for mobilization to armed struggle. In the end, having summed up the experience and lessons, the meeting accepted resolution about satisfactory

preparation to the armed struggle in Southern Xinjiang"[6]. However neither in February, nor in March of the year 1945 there were no other incidents mentioned in the sources.

From the British documents we learn that in June the partisans of Tashkurghan sent their people led by Kahriman Shah to Daftar, Tagharma, Su-beshi and Bulun-kul in Tashkurghan country to make reconnaissance of dislocation and armaments of the Guomindang troops and conduct propaganda among the population[7]. According to some sources, there were about 360 soldiers of the Guomindang battalion stayed at different places of Tashkurghan[8]. In June a group of partisans led by Kakhriman Shah asked for military help from the Soviets, which "expressed readiness to render help to the Tashurghan partisans."[9]

Hostilities in the Sarikol area opened in early August 1945[10]. British sources take anti-Soviet approach and consider the uprisings in the South as purely Soviets backed up actions. According to the *Gilgit Political Diary*, Tashkurghan has been attacked during August by 1000-1500 Soviet "bandits" well armed with trench mortars and automatic rifles from seven locations between Bulun-kul and Daftar. Four deaths and some causality were caused to the Guomindang Tashkurghan garrison, 100 soldiers of whish resisted 200 "bandits". Being defeated 31 men of police and Tashkurghan garrison fled to Mintaka and further to Lupgaz. They entered the British territory of Misgar in Hunza province as refugees. Among those fled to India were also the Chinese soldier who left their posts in Mintaka-karaul, Rak and Daftar. Chinese refugees stayed in Hunza for a period of more than a year and could return only in late 1946 when *hostilities* ceased. During the first month of the Tashkurghan uprising two mail runners of the British Consulate-General in Kashgar have been detained by the insurgents[11]. Since that time mail service between Kashgar and Gilgit in India and the trade and transportation road was cut off from the rest part of the province.

Meantime, the insurgents fought splitting up into four groups which were able to seize Bulun-kul, Su-beshi, Tagharma and Tashkurghan country center by August of 1946. In his dispatch to the State Secretary the American Ambassador summarized the reports submitted by the Consul in Urumchi Robert Ward as follows: "Commissioner Customs reports his staff at Irkishtam, Chinese border town controlling road from Kashgar to Russia, withdrawn, and that Puli taken Agust 22 by Kirghiz rebels. Several hundred Chinese retreating from Puli reached Misgar, on Indian border, where they telegraphed Chinese Consul General that Otru had been attacked by about 1200 Soviet troops. Message from British Consul General (presumably Kashgar) to British Consul [at] Tihwa confirms that rebels were well armed and that some members of force probably came from across Russian border, but does not suggest that Puli was actually taken by Soviet forces".[12] In his report Robert Ward put the events in Southern Xinjiang in the context of the rebellion in the Ili district. He concluded his report with the words: 'making all possible allowances for exaggeration, situation in Sinkiang is lost unless Russia can be blamed".[13]

Successful offensive in the Tashurghan region coincided with the ETR army's advance to south of the Muzart pass which linked the Kulja valley with South Xinjiang. Having taken the center of the Bai country the rebel troops decided to attack the Guomindang regiment defending the pass and ensuing bounds with the ETR troops through this strategic pass. This necessity made insurgents delay the military march to Aksu and Kushar regions. Chinese attempts to resists failed and the road connecting the Ili valley with Aksu was taken by the rebels.

Meanwhile on 17 August the insurgents announced about establishing of new administration of the Tashkurghan country. Abdukarim Makhsum was elected as its honor Magistrate, while Ak-Yolbek was appointed as its actual functioning Magistrate with Hodja Karibek as his deputy and Shamshidin as the Secretary of the local government. Headquarter of the *Tashkurghan revolutionary army* was set up in Tagharma with its leader Kakhriman Shah and his deputy Mamet Aissa. The Tashurghan rebels established two regiments of more than 40 soldiers: one consisted of the Tajiks and another was a joint Kyrgyz-Uyghur regiment. The insurgent soldiers had a special one month military training. Z. Savdanov calls these two regiments 'the Tajik and Kyrgyz ones'.[14]

The modern Chinese chronicle of the events in the 1940s Xinjiang claims that on 31 August the Tashkurghan partisans having occupied very important communication juncture of Tor-Bulung, which was connected with Yarkand, Yangi Hissar and Kashagar, sent their soldier in three directions: one sub-unit led by Dzhamaliddin was sent to Kashgar in the North, another cavalry led by Ghopur Kasym was sent to Yangi Hissar in the North-East and the third one – to attack Yarkand and Karghalik in the East.[15] The first troops marched to Yangi Hissar and took the Akdala pass on 16 August and then the mountainous height in 30 kilometers from Yangi Hissar defeating the Chinese troops of 300 soldier. In this clash the partisans captured 280 rifles and 10 machine-guns.[16] When later, on 19 September, they approached Suget in 12 kilometers from Yangi Hissar, they were met by fire counter-attack of the enemies and had to retreat to the mountains, having lost more than 100 people killed and captured.[17]

The Kyrgyz regiment advancing to Kashgar took Opal in its vicinities and reached Tahsmalik, in 50 kilometers to south from Kashgar, where they were met by serious Chinese defense and had to retreat to the place of Oitagh and stayed there to defend this new position. Under the menace of attach of Kashgar, provincial government had to appeal to the Soviet diplomats with request to help them in resolving the conflict. On 19 September the head of the Guomindang government of Xinjiang Wu Zhong-xin ordered his representative Liu Ze-ren to meet the Soviet Consul Evseyev to express a concern that the incident in South Xinjiang would not affect negotiations with the Ili leaders, preparation of which was underway. Evseyev informed that he will immediately report to Moscow delivering the request of the Chinese government to help deal with the Tashkurgan insurgents.[18]

However, well organized defense of Kashgar and failure of the partisans near Yangi Hissar forced them to change their plans. A group of 300 people

commanded by Kurbanov who previously attacked Kashgar moved to Yangi Hissar to help the insurgents. However, the Guomindang defenders of Yangi Hissar got serious reinforcement and could organize a counter-attack of insurgents driving them out to their initial position at Tor-Bulung.

The third group's actions were also unsuccessful. On 27 September it was able to seize the place called *Koshrap* in the Yarkand country and hold the line.[19]

As a result of the hostilities in South Xinjiang, the Yarkand road became unsafe for transportation and communication via this road was restricted. Restrictions were imposed on the British subjects to use this road, while it was open for the Chinese subjects.[20]

On 12 October 1945 peaceful negotiations between the representatives of the ETR and the Central Guomindang government were opened in Urumchi. In the course of these negotiations agreement of cease-fire was signed. The initial stage of the negotiations was followed by withdrawal of the Soviet military advisors and armaments from the territory of the province. Among this withdrawn were also the Soviet advisors in the Southern Xinjiang, who left the region with their heavy arms in November.[21] However, the Soviet advisors and propagandists still stayed with the Tashkurghan partisans. In December the British Consulate-General in Kashgar obtained information to the effect that the Soviet "bandits" returned to Russia leaving behind about 500 local "bandits"[22]. Withdrawal of the Soviet military men did not lead to immediate retaking of it by the Chinese troops because of insufficient equipment and armaments of the latter. Moreover, after the Soviet withdrawal the partisan movement did not stopped, but even strengthened in some directions. "On December 6 the Revolutionary Army took Alatash, on December 7 took Kachun, and after several days took Tumshuk Sarai; using two roads, they attacked Posgam and Karghalik; the unit that attacked Karghalik on December 12 occupied the mountain Chipan, in 80 kilometers from the Karghalik country center; unit that attacked Posgam on December 16 assaulted the Posgam country center, but had to retreat meeting fierce resistance of the Guomindang troops".[23]

Activation of the military actions of the rebels in the Kashgar region after the Soviet withdrawal was explained by the Guomindang sources as well as the British diplomats as that caused by shortage in supply of food and clothes. One of the British documents dated December 21, 1945 tells that "in Kashgar district rebels give impression of being rebel forces deserted by Russia instigator and in increasing difficulties over food and clothing. There is bandit trouble between Yarkand and Qarghaliq. Hsin Cheng Chang claims this is unimportant and caused by small parties of Sarikol bandits seeking supplies and that causalities have been inflicted on them. But road between Yarkand and Qarghaliq is certainly cut and other official sources suggest situation is more serious with Posgam in bandits hands and bandits making a bid to get first Qarghaliq quarters."[24]

The British Consul-General informed that on January 8, 1946, five hundred rebels seized Karghalik, and two days later Posgam, and the Chinese troops retreated

from Karghalik to Goma[25]. These accounts are supported by Z.Savdanov who also gives January 1946 as a date of seizure of Karghalik and Posgam by partisans, adding that 70 Chinese soldiers were killed during the battles. He claims that in the course of these battles the number of the soldiers of the partisans increased to 2000, most of which did not have arms.[26] The rebels stayed in these places for about month. The British sources also point out that the Yangi Hissar and Tashmalik rebels received reinforcement and the number of the Karghalik insurgents could be estimated as 579 that much lesser that the above figure given by Z.Savdanov.[27]

The main attack on Yarkand took place on 16 January 1946. The insurgents numbering about 400 armed men with machine-guns were joined by approximately 500 local people. Fighting for Yarkand lasted three days, after that the city fall in hands of the rebels.[28] However, on 20 January reinforcement of the Chinese troops arrived in the Karghalik-Posgam region from Kashgar, Aksu and Khotan; this enabled expel the rebel forces from this region on 2 February.[29] The Chinese troops pursued the rebels retreated towards Sarikol, to the place of Koshrap, located in the south-western part of the Yarkand country. The rebels were defeated in one battle, but later received reinforcements and "inflicted heavy casualties on government troops who were forced to withdraw to a point about 15 miles south west of Posgam".[30] Success of the insurgents again frightened the Chinese population of Kashgar, causing panic accompanied by shortage of goods and sharp rise of prices.

According to the British Consul, the rebels captured Karghalik "were led by a Tajik and had with them a Russian doctor and engineers. They appointed an Uzbek as Magistrate, but did not interfere with most of local officials. In a speech to population new Magistrate announced that they, in Ili, had appealed to United Nations…and that with help of British and American government Mohammedans of Sinkiang had been granted independence"[31]. He also claimed that 'henceforward they would be governed on traditional Mohammedan lines, i.e. education would be carried on though (Mullah/s) land revenue would be collected in accordance with Islamic principles of *Ashra* and *Zakat* etc."[32]. For the British Consul R.G.Ethgerington-Smith this was the "first occasion, on which southern bandits have connection with Ili rebels". During fracas partisans "distributed grain freely to people, but were able to remove considerable quantities of loot".[33]

Seizure of Karghalik and Posgam by the partisans became one of the subjects discussed during the negotiations in Urumchi: on 9 January Chinese leaders Wu Zhong-xin, Peng Shou-xian and Le Meng-qun discussed the events in the Karghalik-Posgam area with the main representative of the Ili fraction Rakhimjan Sabirkhodzhayev. To the demand of the Guomindang authorities to cease hostilities in the South, R.Sabirkhodzayev told that the Ili side did not obtain any information on the developments in Southern Xinjiang, though they kept close contacts with the Sarikol partisans in the initial stage of their rebellion. In other words he pointed out that the Ili government does not have relations with the insurgents of the South.

Claims of the Ili representative that they were not informed of the events in the Karghalik-Posgam area were not true. It is well known that it was the Soviet Union that restored military help to the Sarikol partisans at that time and the ETR leadership was by all means aware of that. The military help rendered by the Soviet for the second time enabled insurgents in Southern Xinjiang to widen their zone of control. On 10 January the Posgam rebels crossed the river and entered the Yarkand district. They were reported to have about 60 rifles.[34] On 16 January the rebels numbering about 500 people attacked Yarkand city and could occupy the airport and trade organization in its vicinities.

As for further military actions, modern Chinese source claims the following: "Yarkand Magistrate acting simultaneously as a Commander-in-Chief of the Public Security Zhu Fang-gan led the troops standing up to the insurgent's onslaught, on the other hand has telegraphed Urumchi requesting assistance. On 27 January the Guomindang reinforcement from Kashgar arrived in Yarkand, and in conjunction with the troops defending Yarkand they attacked the Tashurghan revolutionary army forcing it to retreat to Posgam".[35] This information is confirmed by the British diplomatic papers. According to the information obtained by the British diplomat from the Central Customs on 10 January 1946 "one infantry battalion (500 men plus some artillery for which 80 horse are being prepared locally) of 128 divisions are said to be on the way here in 25 lorries and are expected within a fortnight"[36]. Another telegram from 31 January contains information obtained from the Chinese official Xing Zheng-zhang who had told that the Chinese reputed…to be tough fighters. They are to be reorganized as a cavalry regiment which will take part. In this connection it is learnt that a Chinese recently stated [that] "cavalry is not used for defense". There are to be said to be 2 regiments in Maralbashi and another in Cherchen which went by desert route from Kashgar. All these troops are successors of Tupan's 128 divisions which had modern equipment and were partially mechanized".[37]

The Guomindang authorities strongly believed that the rebels' successes were due to the Soviets' continuing help. M. Gillet reported that on 8 January there was given a police lecture in Kashgar. The lecture, "which was strongly anti-Russia in tone, also implied that people from Russia came a second time bringing arms". It should be noted that not all information announced in the lecture was true. For example, it claimed that "Yarkand, Posgam and Qarghaliq were taken on 30 January that bandits in that area did not number more than 80; and that government troops are now advancing towards Sarikol by Tung route".[38] The latter contradicted to the statement made on 31 January by another Chinese official Xing Zheng-zhang that "Qarghaliq situation remains unchanged and that Leh route is unsafe for traffic".[39]

The Gilgit Political Agency diary contains very interesting description of the situation in the Southern Xinjiang: "The situation in Sarikol remains unchanged and communications are, as before, cut off… Unofficial reports have been received to the effect that Sarikol Moslems are setting up an independent government

having taken Yarkand, Yangi Hissar and a portion of Kashgar and that fighting is also going on in Urumchi".[40] At that time attempts of raising a riot was undertaken in Khotan, told that there "was some trouble in Khotan when some 40 people were engaged in plotting against the government, but the authorities were able to cope with the situation".[41]

Next month the Chinese troops tried to undertake new attack on the insurgents in the Tashkurghan country. After several engagements the warring sides camped around Kachung. Later on the rebels "in Kachung were said to purchase arms from the British government".[42]

The following successes of the Tashkurgan insurgents were also backed up by the Soviet aid. Character of this time military help is shown in the Chinese Chronicle, according to which on 1 March 1946 "the Soviet Union has sent a group of military men, political advisors with anti-aircraft, various machine guns and weapons necessary for attack of the City walls, to Togharma, the headquarter of the Tashkurghan revolutionary army; they worked out a new plan of the military actions and also held serious training for the Tashkurghan military army".[43]

At this time military contingent of about 300-400 people defeated governmental forces in Tamshuk-saray, about 30 miles to south-west of Yarkand, and advanced to Kaltala bazaar which they already had occupied once (last December), but had to retreat from. They were able to remove large quantities of government grains and cattle. Later the government troops drove them back hundred prisoners with ammunition. Clashes between partisans and government troops, however, continued to be reported from the vicinity of Tamshuq-saray for a while.[44]

It should be noted that during the disorders in Yarkand the governmental forces looted. It is known that they pillaged in the city on 16-18 January. Among those suffered from the loots were the British subjects living in this area. Houses of two British subjects got fired intentionally by the governmental forces and later the British diplomats required compensation from the government for the damage of the farmers and merchants, but never gained it. Their demand of compensation was refused since some British subjects joined the insurgents in Karghalik. Such people included Chitrali Seid Shah (son of Kalandar Shah), Said Abdull (son of Kalandar Shah), Ashur Mohd (son of Hassan Ahun) and Hassan Ahun (son of Mohd Akan-bay).

Many sources mention low level of the courage of the governmental army. Common were complaints of oppression and dishonesty of the Guomindang soldiers. There was no discipline in the army and soldiers were undisciplined. On 7 March the insurgents on the road near Kizil-bazzar were reported to attack about 400 Chinese soldiers who were on their way from Yarkand to Kashgar with their wives and families. In the clash both sides and casualties, but the rebels could capture 8 carts with loots. The survived Chinese went on their way to Kashgar taking another road and robbing the populated areas along their way.[45]

In middle of March the insurgent captured the Kizzil Bai coal-mines, about 55 miles from Kashgar on the Andjian road. As a result, the government personnel stationed at this peace returned to Kashgar.

At the same time rebels made their appearance in the upper Artush area, about 15 miles north-west of Kashgar. The Magistrate of Artush left his post and fled to Kashgar with his family. Troops were dispatched to the area and by 11 April the situation was reported to be normal, the insurgents having apparently been withdrawn. Approach of the insurgents to Kashgar caused a panic in the city, where the authorities ordered 2000 coolies (Han workers) to dig defensive ditches around the Old City.

---

[1] Research for this article was supported in part by the Global Faculty Grants Program, which is funded and administrated by the Open Society Institute (OSI). The opinions expressed herein are the author's own and do not necessarily express the views of ODI.

[2] Most recent works on history of Eastern Turkistan Republic (ETR) include Barmin V.A. *Sinjiang v sovetsko-kirayskih otnosheniyakh, 1941-1949 gg. [Xinjiang in Soviet-Chinese relations, 1941-1949].* Barnaul: NGPU Press, 1999; Kamalov A.K. 'Uyghur Memoir Literature in Central Asia on Eastern Turkistan Republic (1944-49)", *Studies pn Xinjiang Historical Sources in 17-20 centuries*, ed.by J.A.Millward, Shinmen Yasushi, Sugawara Jun. Tokyo: The Toyo Bunko, 2010, P. 257-278.

[3] Forbes A. Warlords and Muslims in Chinese Central Asia. A political history of Republican Xinjiang. 1911-1949. Cambridge, 1986.

[4] Benson L. The Ili rebellion. The Moslem challenge to Chinese authority in Xinjiang. 1944-1949. Armork, New York, London, 1991.

[5] PRO F2707/62/10, Kashgar weekly letter #17, March 1, 1945.

[6] *Shinjiang uch vilaet inqilabigha dair chong ishlar khatirisi* [Chronicle of the main events of the history of the Rebellion of Three districs]. Urumchi: Xinjiang people's Press, 1994, P.83.

[7] *Ibid.*, p.103.

[8] *Ibid*., p.102.

[9] Ibid., pp.105, 109.

[10] Z.Savdanov in his memories states that the Tashkurghan rebellion began in the evening of August 15, 1945, when attacks of the Tashkurghan country center started simultaneously from different places. Z.Savdanov, *Beshinchi korpusning besip otken inqilap musapisi.* Urumchi: Xinjiang People's Press, 1989, P.103.

[11] PRO F8605/64/10, Gilgit Agency political diary fot the month of August 1945, parag.130.

[12] The Ambassador in China (Hurley) to the Secretary of State from September 7, 1945, *Foreign relations of the U.S. Diplomatic papers. 1945.* Vol. VII. Washington, P. 1008.

[13] Ibid.
[14] Z.Savdanov, *Bashinchi korpusning*…, P. 104.
[15] Shinjiang uch vilaet…, 134.
[16] Z.Savdanov, *Beshinchi korpusning*…, P.103.
[17] *Ibid*., P.103.
[18] *Shinjiang uch vilaet*…, P.151.
[19] *Ibid*…, P.149.
[20] PRO F9069/62/10, Telegram of India to Chungking, October 22, 1945.
[21] Shinjiang uch vilaet…, p.171, places withdrawal of the Soviet advisors and armaments in November 3, 1945.
[22] PRO F394/324/10, Telegram #170, Kashgar, December 1945.
[23] *Shingiang uch vilaet*…, P.179-180
[24] PRO F1443/324/10, December 27, 1945.
[25] Pro F1443/324/10, January 1946; Z. Savdanov tells that in early January 1946 the partisan regiment liberated Karghalik and Posgam counties; more than 70 government troops were defeated. In the course of fighting this detachment widens and its number of soldiers reaches 2000 people, most of which did not have arms. Z.Savdanov, *Beshinchi korpus*…, P.104.
[26] Z.Savdanov, *Beshinchi korpus*…, P.104.
[27] PRO F1443/324/10, January 1946.
[28] PRO F5682/324/10. Etherington-Smith, Kashgar, Tel.#49, March 11, 1946.
[29] *Ibid.*
[30] *Ibid.*
[31] *Ibid.*
[32] Ibid.
[33] Ibid.
[34] PRO F2012/324/10, Telegram #3, Kashgar, January 10, 1946.
[35] *Shinjang uch vilaet…*, p. 193-194
[36] PRO F2012/324/10, Telegram #3, Kashgar, January 10, 1946.
[37] PRO F14431/324/10, Telegram #13, January 31, 1946.
[38] PRO F3827/324/10, M.Gillet's Telegram #25 from Kashgar, 9 February 1946.
[39] PRO F14431/324/10, Telegram #13, January 31, 1946.
[40] PRO F3050/324/10, Gilgit Agency political diary (Bacon R.N., major), 16 January 1946
[41] PRO F3348/62/10, Kashgar weekly letters, (number)676, March 26, 1946.
[42] Shinjiang uch vilaet…, P.197; PRO F17269/324/10, #575/H/5/L-46, report of R.G.Etherington-Smith, Kashgar, July 10, 1946.
[43] *Shinjiang uch vilaet*…, P.199-200.
[44] PROF17269/324/10 #574/H/5/L-46, report of R.G.Etherington-Smith, 10 July 1946.
[45] *Ibid.*

РУХАНИЯТ ТАРИХЫ

Мұхтар Кәрібай

МҰХТАР ӘУЕЗОВТІҢ АШЫҚ ХАТЫ (ШЫНДЫҚ ПЕН ШЫТЫРМАН)

Жер бетін мекендеген халықтардың арғы-бергі тарихына барлап қарағанда, бүкіл бір ұлттың бет бейнесі, рәмізіндей болып кеткен жеке адамдардың бар екендігіне көз жеткіземіз. Бұл жерде әңгіме жаһанды жаулаушы жаугер, немесе халқын қан қақсатқан қатыгез «көсемдердің» төңірегінде емес, өз ұлтының мұратына қызмет ету арқылы жалпы адамзат өркениетінің өрлеуіне үлес қосқан ұлы тұлғалар турасында болып отыр.

Қазақ халқының ХХ ғасырдағы әдеби, рухани, қоғамдық, әлеуметтік, және саяси өмірінде Мұхтар Омарханұлы Әузовтың алар орнын дәл осы тұрғыдан бағалауға толық негіз бар.

М. Әуезов жиырманың үстіне енді шыққан жасында-ақ қазақ әдебиетінің асыл маржандары «Еңлік-Кебек», «Қаракөз», «Қараш-қараш оқиғасы», «Қорғансыздың күні», «Ескілік көлеңкесінде», «Барымта», «Қаралы сұлу», «Көксерек», «Қилы заман» сынды классикалық туындыларын дүниеге әкелді. Сондай-ақ , танымдық тұрғыдан тағлымы мол ғылыми, публистикалық мақалаларын жариялады.

1918 жылы небәрі 21 жасында жазған «Япония» деген мақаласында сонау қиыр шығыстағы жұмбақ елдің 200 жылдық тарихына терең бойлап, ақтара зерттейді. Қазақ жұртының сол кездегі даму жолына Жапония тәжірибесінің тиімді жақтарын ұсынған. «Ел болам десең бесігіңді түзе! Оны түзеймін десең, әйелдің халін түзе” деген күні бүгінге дейін мәнін жоғалтпаған мәуелі сөзін айтып, болашаққа бағытталған бағдарламалық сипаты бар, терең мағыналы ойларын ортаға салды.

Алғашқы қалам тартысынан-ақ, оның қазақтың көркем тілі мен ұлттық ой-арманын келешекке жеткізер кемел сөз шебері болатындығы зиялылар ортасында тез танылды. Осылайша, тырнақалды туындыларымен-ақ жарқ етіп көрінген құдыретті қалам иесінің шығармашылық “соқтықпалы, соқпақсыз” сапары әлемдік әдебиеттің күретамырлы туындылары қатарынан ойып тұрып орын алатын “Абай жолындай” ұлы эпопеяға ұласып, өз халқына көркем сөзбен мәңгілік ескерткіш орнатты.

Жазушы, драматург, аудармашы, ғалым, ұстаз, академик, философ, саясаткер, қоғам қайраткері М. Әуезовтің артына қалдырған елу томдық еңбегі - қазақ халқының сарқылмас ұлттық қазынасы, баға жетпес рухани байлығы. Ендігі міндет - осы байлықты қадір тұтып, қастерлеп, ұлт игілігі үшін игере білуде. Сондықтан Мұхтар Әуезов шығармашылығын талдап зерттеген жүздеген мақалалар мен диссертациялардың, қалың-қалың

монографиялардың жазылуы қаншалықты заңды болса, болашақта да том-том еңбектердің дүниеге келетіндігі соншалық күмәнсыз ақиқат. Кемеңгер жазушының кемел туындыларынан ғылымның әр саласы өзіне қажетті мағлұматтарды молынан таба алатындығын кезінде академик Қаныш Сәтбаев көрегендікпен айтқан болатын.

Хәкім Абайдың "Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін" дегеніндей, ХХ ғасырдың басындағы қазақ қаламгерлері шығармаларының дені "қараңғы қазақ көгіне өрмелеп шығып, күн болуды ", "ұйқыдағы жұртты маса болып ызыңдап оятып", санасын сілкуді көздегені" әдебиеттану ғылымында жан-жақты талданды, әлі де тоқтаусыз зерттеле бермек. Сондықтан, әдеби, көркемдік, тарихи және басқа да сан-саланы қамтитын құндылықтары әлдеқашан мойындалған М. Әуезов шығармаларының тағы бір қырынан, яки олардың әлеуметтік, қоғамдық, саяси астарына тереңдеп үңілу - бүгінгі уақыт талабына сай міндет екендігі даусыз.

М. Әуезовтың қоғам қайраткері және саясаткер ретіндегі алар орнын анықтап, ғылыми тұрғыдан тиісті бағасын беру де алдағы күндердің үлесінде. Әуезов қана емес, жалпы Алаш қайраткерлерінің өмірі мен қызметі, шығармашылығы әдебиетші, лингвист ғалымдар мен тарихшылардың және жекелеген заңгерлердің зерттеу объектісіне айналумен шектеліп қалған сыңайы бар. Бұл айтылғандарға Елбасы Н.Назарбаевтің "Тарих толқынында" кітабындағы "Ұлттық саяси ұйымның жасақталуының өзі отандық тарихымызда жеріне жете зерделенбей келеді. "Алаш" партиясының жетекшілері ұсынған көптеген қағидалар күні бүгінге дейін өз маңызын сақтап отыр", - деген ой-тұжырымы толық дәлел бола алады. Сондай-ақ, Алаш қайраткерлерінің саяси-құқықтық көзқарастары эволюциясын зерттеген белгілі ғалым, қоғам қайраткері Мұхтар Құл-Мұхаммедтің "Алаш" партиясының мұрасын мемлекеттік дәрежеде игеру жөніндегі игі бастамасы таяу келешекте қолға алынар үлкен шаралардың алғашқы хабаршысындай көрінеді. Елбасының жоғарыда айтылған тұжырымдарын болашақ ғалымдарға берілген бағыт-бағдар, тіпті, арнайы тапсырма деп түсінген ләзім.

Кеңес империясының үстемдігі жылдары - бұл тыйым салынған жабық тақырып болып келді. Өкінішке орай, әсіресе М.Әуезовтың ХХ ғасырдың басында қазақ жеріндегі саяси күреске белсене қатысушылардың қатарында болғандығы - ұлттық тарихтың және Қазақстан саясаттану ғылымның беймәлім беттері болып қалуда.

Мұхтардың азаматтық позициясының айқындалуы мен саяси көзқарасының қалыптасуын оның өмір сүрген ортасы ерекшеліктері мен сол кезеңдегі қазақ даласында болып жатқан әлеуметтік-қоғамдық һәм саяси оқиғалардың мазмұнымен біртұтас алып қарағанда ғана тереңірек түсінуге болады.

Белгілі ғалым, әуезовтанушы Т.Жұртбаев М.Әуезовтің ғұмырнамасына мынадай қысқа, әрі нақты сипаттама береді: «Тағдыр оған адам ретінде де тосын сый ұсынды. Феодалдық қоғамда дүниеге келіп, капитализмде ер жетіп, социализмде өмір сүрді. Бір-біріне қарама-қайшы, үш формацияның өкілі іспетті күй кешті. Адамзат тарихы ондаған мың жыл

бойы жүріп өткен жолды Мұхтар жиырма жасында аттап үлгерді». Әуезовтың жеке басындағы осы халді сол кезеңдегі көптеген қазақ зиялыларының, жалпы ұлттың басындағы ахуал деуге әбден болады. Әрине, мұндай «секірістің салдары қалай аяқталғаны тарихтан жақсы мәлім. Сансыз қасірет әкелген зорлықшыл жүйенің қазақ даласында күшпен орнатылуы, сырт қарағанда қысқа уақытта жүзеге асқанымен, оның түпкі себептері ғасырларға созылған отарлау саясатының үздіксіз жалғасуында болатын. Бұны, ең алдымен, қазақтың оқыған зиялылары барынша терең түсінді.

Олай болатын болса, аталған кезеңдегі қоғам бейнесін Алаш партиясынсыз, Алашорда үкіметінсіз, Алаш мемлекеттік құрылымынсыз (тарихшы, ғылым докторы К.Нұрпейісовтың анықтамасы) көзге елестеу қиын. Ғасырлар бойы отарлық езгіден жаншылып, өз жерінде отырып биліктің барлық деңгейінен (ауылдық дәрежедегі болыстықтан басқа) айырылған, тағдырын генерал-губернаторлар бастаған әскери полицейлер шешетін болған қақысыз, қорғансыз халықты бұғаудан босатуды азаматтық борышы санаған зиялы қауым Алаш туының астына бірікті. Сөз болып отырған кезеңде 5 млн. қазақтың ең шұрайлы жерлері ішкі ресейден көшірілген крестьян шаруларға беріліп, оның үстіне жан-жақтан қамап, желкеден төніп тұрған қамалдардан қылыштарын жалаңдатып отырған 1 млн. казак әскерлері қоршап тұрғанына қарағанда қазақ даласы бір алып түрмені көз алдыңа елестетеді. Ақын Мағжанның:

Жүрегім, мен зарлымын, жаралыға

Сұм өмір абақты ғой саналыға, -

деген күңіренісінің мәнісіне сонда ғана анық көз жеткендей.

Орасан қайшылықтарға қарамастан, бұл мерзім - жүз жылда бір келетін жалғыз мүмкіндік әрі тарих-ананың өзі толғата келіп, ұлтын өрге сүйрер ұлдарын дүниеге әкелген айрықша ояну, сілкініс кезеңі болатын.

Бүкіл Ресей аумағындағы сияқты Қазақ даласында да отарлықтың бірден-бір белгісіндей танылған Ақ патшаның тақтан құлатылуы - азаттық таңы атқандай сезілді. Сондықтан 1917 жылғы ақпан төңкерісін интеллигенция өкілдері ғана емес, бүкіл халық айрықша зор қуанышпен қабылдады. Бұл жөнінде Ахмет Байтұрсынов «Революция и киргизы» деген мақаласында былай деп жазды: «Насколько была понятна киргизам февральская революция, настолько непонятней показалась им октябрьская (социалистическая революция).

С какой радостью встретили они первую революцию, с таким же ужасом пришлось им встретить вторую. Такое отношение киргизов к той и другой революции весьма естественно и понятна тем, кто знаком с киргизским народом. Первая революция понятно и с радостью встречена киргизами потому что, во-первых, она освободила их от гнета и насилий царского правительства и, во-вторых, подкрепила их надежду осуществить свою заветную мечту - управляться самостоятельно. Та, что вторая революция показалась киргизам непонятной, объясняется просто: у киргиз

нет ни капитализма, ни классовой дифференциации; даже собственность у них не так резко разграничена, как у других народов: многие предметы потребления считаются у них общественным достоянием. Наводила же на киргизов ужас октябрьская революция своими внешними проявлениями. Как происходило большевистское движение в центральных частях России, - киргизам было неизвестно. На окраинах же оно сопровождалось повсюду насилиями, грабежом, злоупотреблением и своеобразной диктаторской властью».

Айналасы бір-ақ жылдың ішінде қос төңкерісті басынан өткеріп жатқан қоғамдағы қайшылыққа толы оқиғалардың қайнаған ортасының бірі Семей қаласы болатын. Осы қаладағы семинарияда білім алып жатқан Әуезовтей санасы сергек, көкірегі ояу, көзі ашық, отты жанның ұлтының тағдыры шешіліп жатқан шешуші кезеңде қол қусырып қарап отыруы мүмкін емес еді. Әуезовтың «Алаш» партиясының жастар ісі жөніндегі жауапты адамның бірі болғандығын белгілі себптермен өзі де, зерттеушілер де жасырып келді. Алашорда үкіметінің құрамына сайланбағанымен де, партияның идеология саласындағы үгіт-насихат жұмысын, өзі айтқандай, жанын салып істеді. 1918 жылы Омбы қаласында өткен қазақ жастарының құрылтайында батыл пікірлерге толы баяндама жасайды. Осы жолы құрылтайға жетекшілік еткен Смағұл Сәдуақасовпен танысады. Екеуінің де 21-24 жастағы жанартаудай жалындап тұрған кезі. Арадағы таныстық ажырамас достыққа, шынайы сыйластық пен өзара құрметке ұласты. (Смағұл Садуақасов көрнекті экономист, Голощекиннің «кіші октябріне» батыл қарсы шыққан ҚАССР Үкімет мүшесі, аты шулы «сәдуақасовщина» аталған қудалау науқанының құрбаны, 1934 жылы Москвада уланып өлтірілді. Мұхтардың репрессия жылдарында жоғалтқан ең жақын жолдастарының ішінен екінші құрбандық, алғашқысы – Жүсіпбек Аймауытов 1931 жылы атылып кетті. Басқаларынан 1938 жылға дейін түгелге жуық мәңгіге айырылды. Кейін өз ажалына себепкер болған жүрек сырқаты да сол бір ауыр айырылулардың айықпас зардабы болғаны анық.

1919 жылы Лениннің тікелей нұсқауымен Кеңес өкіметі кешірім бергеніне қарамастан, Сталин мен оның жендеті, Қужақ-Голощекин 20 - жылдардың ортасынан бастап қазақ интеллигенциясын қуғындауға білек сыбана кірісті. Әсіресе, қазақтың дербес мемлекетін құруды жүзеге асыра бастаған Алаш қайраткерлеріне өшпенділіктері айрықша болды. Бұл жолда оларды ешнәрсе тоқтата алмады: жесір қалған аналар мен жетім қалған сәбилердің көз жасы да, тіпті бүтіндей бір халықтың алдағы болашақ тағдыры да селт еткізбеді. Керісінше, сол болшаққа халқын бастап апарар ұлт жетекшілерінің көзін тезірек жойып, бар билікті тек өз қолдарына алуға жанталаса ұмтылды. Сондықтан адам баласының ақылына кіріп шықпайтын орынсыз жалаларды үйіп-төгіп, ірі мемлекет және қоғам қайраткерлерін бірінен соң бірін түрмеге қамап, жер аударып, ақырында ажал оғына байлай бастады.

Бас көтерер қазақ интеллигенциясының көзін жойып біткенше толастамаған репрессияның тағы бір толқыны 1927-29 жылдары басталды.

Алғашқылардың қатарында НКВД-ның қанды тырнағына Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаев, А.Байтұрсынов ілініп, қамауға алынысымен іле-шала Әлімхан Ермеков, Мұхамеджан Тынышбаев, Халел, Жаһанша Досмұхамедовтар, Жақып Ақбаевпен бірге Мұхтар Әуезов те Ташкентте қызметте жүрген жерінен тұтқынға алынды. Ең басты тағылған айып та Мұхтардың Алаш қозғалысына қатысуына байланысты еді. Ал «Алаш» партиясының алдына қойған мақсаттары, Кеңес үкіметінің алдындағы бар «кінәлары» мыналар болатын: ұлттық, демократиялық, тәуелсіз мемлекет орнату; мемлекеттің құрылымын және басқару - атқару, заң, сот және діни жүйесін айқындау; «бөліп ал да билей бер» ұранының салдарынан шашырап кеткен қазақ облыстарын бір шаңырақтың астына жинап, аумақтық (территориялық) тұтастықты бекіту; сыртқы саясатты, соның ішінде, ең алдымен, Ресеймен қарым-қатынасты (Федерация мәселесі) анықтап алу; жер мәселесі; қорғаныс туралы; әйелдер жайы; халықтың сауатын көтеріп, мәдениетін жетілдіру, тарихын таныту; осы жолда ғылымның әр саласынан: тіл, әдебиет, философия, тарих, медицина, математика, психология, ауыл шаруашылығы т.б. оқыту және оқулықтар жасау (жаңа буын оқулықтары); ең кереметі - осы ғылымдарды қазақ тілінде сөйлету; газет, журналдар ашып ұлттық баспасөзді қалыптастыру; шаруашылықты дамытудың тиімді жолдарын белгілеу; 1921-22 жылдары Орталық Қазақстанда болған орасан аштықтан елден жылу жинап, өздері атқа қонып, мыңдаған адамдарды аман алып қалуы, т.б.

Алматыға жеткізілген Әуезов 1930-32 жылдары, екі жылын Тастақтағы түрмеде өткізді. Өлім мен өмірдің арпалысып, Сталиндік жазалау машинасының іске қосылып кеткен уақытында одан аман қалу екіталай еді. Ұлт басына үйріліп келе жатқан нәубетті алдымен сезген А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейхановтар Алаш қайраткерлерінің болашақ ұрпақтарға аманатын жеткізетін ұлтжанды жас буынның аман қалуының аса қажеттігін ойлағандықтан, «күйсек біз күйейік, сендер өздеріңді сақтаңдар. Елге екі сөз айта алмаймыз. Ал сендер келешек үшін керексіңдер” деп, Мұхтар Әуезов, Әлімхан Ермеков сынды жас інілеріне «қателерін мойындауға кеңестерін берген. Бәлкім, кезінде Алаштың соңынан ерген екі бірдей талантты, танымал жастың республикалық баспасөз арқылы «өз кінәларын мойындауына» рұқсат ете отырып, Голешекиндік жандайшаптар, ең алдымен, Алаш қозғалысына алдын-ала қара күйе жағып, халықтың сеніміне күмән енгізуге, немесе кейінгі жас ұрпақты алаштық-азаттық идеялардан ажыратуға септігі тиеді, - деген арам үмітті көздегендіктері де ғажап емес. Сонымен 1932 жылдың 10 маусымында Мұхтар Әуезов әйгілі Ашық («саяси» деп бағалауға толық негіз бар) хатын жазды.

Жазылғанына сексен жылдан асқан осы хаттың мазмұнына бүгінгі күн тұрғысынан қайта қарап, талдау талай шындыққа көз жеткізуге мүмкіндік береді.

Ашық хат былай басталады: «Менің әдебиет пен саясат жолында бұрын қандай адам болғандығым туралы Қазақстан партиялық кеңестік жұртшылығы өзінің қоғамдық сынын айтқан болатын. Ол сын ашық, нық

айтылған дұрыс сын еді. Ондағы берілген баға бойынша мен «байшыл, алашордашы одағындағылардың салт-санасын әдебиет жүзінде іске асырушы кісі” болғам. Бұл сияқты дәл сынды жазушылар - Қаз АПП тобының төңкерісшіл, марксшіл сыншылары, - деп тағылған айып сөздерді тырнақшаға алып жазуынан-ақ оларды Әуезовтің өзі мойындамайтындығы анық көрінеді. Содан бері 80 жыл өткен бүгінгі уақыт тұрғысынан қарағанда «байшыл» немесе «алашордашыл» деген ұғымдардың түпкі мәнін тарихтың өзі бар шынымен, әділдігімен түсіндіріп берді.

«Маркс-Лениннің даусыз ақиқат есебінде айырып айтқан дұрыс жолы бойынша әдебиет барлық мемлекет құрылысы мен соның саясатына ежелден бағынатын нәрсе екенін ескермедім, қабылдамадым…, - осындағы «қабылдамадым», «ескермедім» сөздерінің астарына, яки жол арасына үңілер болсақ, жазушының ішкі пікірінде солай болуы тиіс деген нық сенімінің жатқандығын аңғару қиын емес. Большевиктік мемлекет құрылысы әдебиетті де өз саясатының сойыл соғары ретінде пайдалануды көздеді. Ахаңның жоғарыда аталған мақаласында көрсетілгендей «жаңа құрылыс» қазақ даласына қандай нәубет әкеле жатқандағын көріп-біліп отырған Әуезовтей зор саналы азаматтың оны қабылдамауы табиғи заңдылық екендігі түсінікті.

«…жаңа түсінік, жаңа бағыт тұрғысынан енді менің жүріп өткен әдеби және зерттеушілік қызметімді шолып өткенде айтатыным: ол қызметтерім Қазақстандағы мәдени төңкерістің жол бағытымен үйлескен жоқ. Қайта соған қайшы келіп отыр. …артқы күнімді осылайша нық тексеріп, қайта бағалап келгендегі ендігі байламым: сол ескілігінен өз арамды бұдан былай біржола үзіп жарып алу, және сол ескілікпен мені байланыстырып, жақындастырған жайлардың барлығынан үзілді-кесілді арылып шығу», - бұл «мәдени төңкеріс» - ұзақ ғасырлар бойында уақыт талқысының сүзгісінен өте келіп сомдалған біртұтас ұлттық мәдениет пен әдебиеттің тамырына балта шауып, қолдан жасалған таптық үлгіні зорлықпен таңдаған талайсыз төңкеріс болатын. Алты жасында Абайдың барлық өлеңін жатқа біліп, халық ауыз әдебиеті, шығыс әдебиеті және орыс, батыс әдебиеттерінің кәусар бұлақтарынан сусындап өскен Әуезовтің бір сәтте олардың «барлығынан үзілді-кесілді арылып шығып» жасанды, жалаң, құнарсыз «төңкеріс мәдениетінің» бағытын ешқашан жақтамасы айдан анық.

«…Менің өткендегі жазушылық қызметімнің айқын белгілері «Еңлік-Кебек», «Қаракөз» сияқтылары еді. Бұлар бүгінгі төңкеріс дәуірінен алыстағы қазақ салтын көрсетумен қатар, өздерінің екшеліп алынған тақырыптары бойынша төңкеріс тематикасынан әдейі аулаққа жайылып кеткендікті және ұлтшыл жазушылардың тобына кеткендікті білдіретін нәрселер. …менің шығармамның көпшілігі сарнамашылдық бетімен болуымен бірге, өткен дәуірді төңкерісшіл сарыншылдық жолымен сипаттаудан қашық болды. Қайта ескіліктің кейбір залалды салттарын жарыққа шығарып өсумен, ол салтты жақтаушыларды аз-аздап пікірі жолындағы құралсыздандырумен қатар, бәрібір мен өз шығармаларымның көпшілігімен анығында беті ашық ұлтшылдық күйіндегі жазушы боп шықтым». Мінеки, Мұхаңның өзі атап тұрған шығармалары қазақ әдебиетінің ғана емес, бүкіл әлем әдебиетінің

інжу-маржандары қатарына қосылып, классика ретінде талассыз мойындалды. Бұл шығармаларда заман келбеті, өмірдің мәні, адамның ішкі жан дүниесінің тебіреніс-толғанысы, сезім сырлары, терең иірімдері көркем кестеленеді, қоғамның тарихи-әлеуметтік шынайы келбеті боямасыз бейнеленді, сондай-ақ қоғамдағы саяси шындықтың шымылдығын ашуға бетбұрыс жасалды.

«…Қазақстанда партия мен үкіметтің жүргізіп жатқан ірі төңкерістік шараларына көбіне көзқарасым теріс болды. Ол шаралар өткен заманда езгіде болған Қазақстан еңбекшілерінің пайдасы, игілігі үшін ең қажет шаралар екенін түсінбедім”, - дәл осы уақытта бұндай «еңбекшілердің пайдасы, игілігі үшін ең қажет шаралардың» салдарынан миллиондаған адамдар аштан қырылып, үкімет үйлерінің есігі ашылғанда, бөлмелерге өлік иісі келіп жатқан. Бұның бәрін толық сезіп, анық біліп отырған гуманист жазушының жоғарыдағы жолдарды жазып отырғанда жан дүниесінің қаншалықты азап шегіп жатқаны бір өзіне ғана мәлім.

«…біздің аймақтың барлық қоғамдық шаруашылық қалпын капиталшылдық жолынан социализм жолына аударып, бұрып салу үшін ол шаралар қажет екенін есептемедім. Жекелеп айтқанда байлар мен ру басыларын конфискелеудің қажеттілігін іштей қабылдамадым». Смағұл Сәдуақасовтай терең білімді экономистпен сырлас, дос болған Әуезов одан шаруашылық жөнінен көп үйренгендігі сөзсіз. С.Сәдуақасов Қазақстандағы конфискелеудің орнына кооперациялауды, яғни мал басын, оны бағу әдістерін сақтай отырып, тек қана ірі байларды конфискелеп, олардың өзін кооператив басшысы ретінде қалдыруды жақтаған болатын.

Байларды конфискелеп, жер аудару дегеніміз - ғасырлар бойы қалыптасқан шаруашылық жүргізу әдісін тас-талқан етіп, мал атаулыны қырып салып, алапат аштық әкелу, сүттей ұйып отырған мыңдаған отбасының (бұлардың ішінде Абайдың ұрпақтары тегіс кетіпті) тоз-тозы шығып, Қытай, Ауған, Индия, Иран, Түркия, Пәкістан асып, сүйектері далада шашылып, ол жақтарды ұзақ жылдар бойы жерсінбегендіктен ұрпақ тұрмай, жаңа туған балаларының өле бергендігі, (жолай көрген қорлық пен мазақ өз алдына) т.б. толып жатқан алапат трагедияға әкеп соққанын қазіргі ұрпақ енді ғана білгенде, адамның өкініштен өзегі өртенеді. Сол қасіреттің тірі куәлары - бүгінгі «оралмандар» деп айдар тағылып отырған, кешегі Алаштың арыстары араша түскен қалың қазақтың бір үзігі.

«Мойындаған қателерінің» бір де бірі, шынтуайтына келгенде, ешқандай қателікке жатпайтындығын бар болмысымен, сергек санасымен, мойымас рухымен, нық сенімімен сезіп, біле отыра «…қазір мен өзімнің сол бұрын басып өткен ізімнен қайтып, соны қатты айыптайтынымды білдіремін», - деген жолдарды жазып беруіне тура келеді. Ең ащы шындық сол - осы қадамы Әуезовтың тірі қалу-қалмауының шешімі еді. Сол бір тарихи шешімнің арқасында қазақ әдебиетінің бір тауы жығылмай қалды, кең арналы алып дариясы суалмады, қайта толықсып-толды, өсіп-өркендеді, әлемдік дәрежеге көтерілді. Әуезов арқылы халық Абайын таныды, көзден бұл-бұл ұшқан көшпелі өркениетін, тым болмаса, санасында сақтап қалды.

Ғұлама ғалымның артында негізін өзі қалаған үлкен ғылыми мектеп қалыптасты, қазақ драматургиясы қанат жайды. Әуезовтен өнеге алушы, көзін Әуезовпен ашқан, көкірегі ояу ұрпақ дүниеге келді. Өз тіліндегі ұлттық әдебиеті бар ел өміршеңдігін жоғалтпайтын болды.

Тұжырымдай келгенде, Әуезовтың Ашық хаты - ұлы тұлғаның ұлағатты өмірін тануға апарар тарау-тарау жолдардың бір тармағы; Әуезовтың, ол арқылы ХХ ғасырдағы қазақ интеллигенциясының, тұтас халықтың қайшылықтарға толы қиын-қыстау өмірінің шытырманын ажыратып, шындығын ұғуға мүмкіндік беретін өте күрделі тарихи құжат; кеңестік қасаң идеология тұсында біржақты бағаланып, ұлты үшін күрескен рухы мықты жандардың «біржола жеңілгендігінің», кеңес үкіметінің «жасампаздығына» бас игендігінің айғағындай насихатталды. Десе де, шығармалары, өмір жолы көрсеткендей, жазушы өзінің бастапқы мұратынан, алғашқы сара жолынан, алдына қойған мақсатынан айнымай, тар мағынадағы таптық көзқарастың көбесін сөгіп, адамзаттық ақыл-ойдың шырқау биігіне көтерілді.

Бақытына орай қазақ халқы «Абай жолында» ғасыр басындағы және бұрынғысынан да кемелденген, мұхиттай терең, сахарадай кең, асқар таудай алып, аспандай биік нағыз Әуезовымен қайта қауышты.

АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

Әбдірәсілова Ләззат – Археография және деректану ұлттық орталығының директоры.

Базылхан Нәпіл – филология ғылымдарының кандидаты, ҚР Мемлекеттік орталық музейінің Деректану және қолжазба орталығының жетекшісі.

Бекішев Әбдіғали – «Ғылым ордасы» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Сирек кездесетін кітаптар мұражайының меңгерушісі.

Дербісәлі Әбсаттар қажы – филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Білім және ғылым министрлігі Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының директоры.

Жеменей Ислам – филология ғылымдарының докторы, шығыстанушы ғалым, Сүлеймен Демирел атындағы университеттің профессоры.

Кәрібай Мұхтар – Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің кеңесшісі.

Камалов Аблет – тарих ғылымдарының докторы, ҚР Білім және ғылым министрлігі Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының бас ғылыми қызметкері.

Палтөре Ықтияр – философия докторы, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағатының мұрағатшысы.

Рахымжанова Сәлима – филология ғылымдарының кандидаты, доцент, «Ғылым ордасы» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Сирек кездесетін кітаптар мұражайының қараушысы.

Төлебаева Жұлдыз – тарих ғылымдарының докторы, Археография және деректану ұлттық орталығының жоғары деңгейлі археографы.

Тұяқбаев Өмір – «Ғылым ордасы» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Сирек кездесетін кітаптар мұражайының ғылыми қызметкері.